

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ

АЙҚАП



Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал

Жылына 4 рет шығады

Басылымның 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілде айына дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен 88 саны жарық көрді.

2012 жылдың шілде айынан бастап жазушы-қайраткер Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен журналдың жалғасы ретінде тіркеліп, редакторлығымен 10 нөмірі жарық көрді.

2016 жылдың наурыз айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады.

International social-political, scientific and literary-art journal

Published 4 times a year

Under the editorship of Mukhamedzhan Seralin, from January 1911 to July 1915, it was published 88 issues of the journal.

Through the writer, public figure Kogabay Sarsekeev, since the July 2012, under his editorship were published 10 issues of the journal, re-registered as a continuation of the journal.

Since March 2016 the journal is published on the basis of Al-Farabi Kazakh National University.

Международный общественно-политический, научный и литературно-художественный журнал

Выходит 4 раза в год

Редактором Мухамеджаном Сералиным с января 1911 года по июль 1915 года было издано 88 номеров журнала.

Писатель, общественный деятель Когабай Сарсеев с июля 2012 года издал 10 номеров журнала, зарегистрированного как продолжение издания Сералина.

С марта 2016 года журнал издается в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Founder
Al-Farabi Kazakh National
University

Учредитель
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби

Редакцияның мекенжайы:
050016, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғ., 71
БОК-II, журналистика факультеті, 205-қаб.
Электрондық пошта: aikap145kaznu@gmail.com

Editorial address:
050016, Almaty, Al-Farabi avenue, 71
E-mail: aikap145kaznu@gmail.com

Адрес редакции:
050016, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
ГУК-II, факультет журналистики, каб. 205
Электронная почта: aikap145kaznu@gmail.com

Журнал ҚР Инвестициялар және даму
министрлігінде 2016 жылдың 12 сәуірінде
тіркеліп, №15947-Ж куәлігі берілді.
Индексі: 74516

Журнал сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында
(ЮНЕСКО, Франция, Париж) тіркеліп,
халықаралық ISSN 2304-9324 нөмірі берілді

Бас редактор

Ғалымқайыр Мұтанов

Бас редактордың бірінші орынбасары

Өмірхан Әбдиманұлы

Бас редактордың орынбасары

Сағатбек Медеубекұлы

Жауапты редактор

Гүлнар Мұқанова

Қазақ мәтінінің редакторы

Жетпісбай Бекболатұлы

Орыс мәтінінің редакторы

Іңкәр Кәкілбаева

Ағылшын мәтінінің редакторы

Қарлыға Мысаева

Chief Editor

Galimkaïr Mutanov

The first deputy editor

Omirhan Abdimanuly

Deputy Chief Editor

Sagatbek Medeubekuly

Contributing editor

Gulnar Mukanova

Editor of Kazakh text

Zhetpisbay Bekbolatuly

Editor of Russian text

Enkar Kakilbaeva

Editor of English text

Karlyga Mysaeva

Главный редактор

Ғалимқайыр Мұтанов

Первый заместитель главного редактора

Омирхан Абдиманұлы

Заместитель главного редактора

Сағатбек Медеубекұлы

Ответственный редактор

Гүлнар Муканова

Редактор казахского текста

Жетпісбай Бекболатұлы

Редактор русского текста

Энкар Какильбаева

Редактор английского текста

Қарлыға Мысаева

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әбжанов Хангелді

Байбек Бауыржан

Бекір Қарлыға (*Түркия*)

Берязев Владимир (*Ресей*)

Дербісәлі Әбсаттар

Жақып Бауыржан

Жұрынов Мұрат

Кибальник Сергей (*Ресей*)

Қалижанов Уәлихан

Қойгелдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Ұлыбритания*)

Оразалин Нұрлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башқұртстан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*АҚШ*)

Хамнер Аббас (*Иран*)

EDITORIAL COUNCIL

Abzhanov Khangeldy

Baibek Bauyrzhan

Bekir Karlyga (Turkey)

Beryazev Vladimir (Russia)

Derbisali Absattar

Zhakyyp Bauyrzhan

Zhurinov Murat

Kibalnik Sergey (Russia)

Kalizhanov Ualikhan

Koygeldiev Mambet

Charles Melville (*United Kingdom*)

Orazalin Nurlan

Sagadiyev Kenzhegali

Azat Salikhov (*Bashkortostan*)

Seisenbayev Rolland

Sarsekeeva Gauhar

Olzhas Suleimenov

Winston Nagan (USA)

Hamier Abbas (Iran)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Абжанов Хангельды

Байбек Бауыржан

Бекир Қарлыға (*Турция*)

Берязев Владимир (*Россия*)

Дербісәлі Абсаттар

Жақып Бауыржан

Журинов Мурат

Кибальник Сергей (*Россия*)

Қалижанов Уәлихан

Қойгелдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Великобритания*)

Оразалин Нурлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башқортостан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*США*)

Хамиер Аббас (*Иран*)

Мазмұны – Contents – Содержание

МІНБЕР – TRIBUNE – ТРИБУНА

Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ

Қазақтың әлемдік өркениеттегі рөлі ойландырса..... 4

ФОТОАҚПАРАТ – PHOTOREPORT – ФОТОРЕПОРТАЖ

Президент жаңа міндеттер жүктеді..... 9

САРАПТАМА – ANALYTICS – АНАЛИТИКА

Krista PIKKAT

... To discovering more of the cultural heritage of Kazakhstan..... 10

Сайын БОРБАСОВ

Саясат – феномен 15

Karlyga MYSSAYEVA

‘New media’ development in Kazakhstan..... 22

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – SPIRITUALITY – ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ

Zhakyrbek ALTAEV, Dauren MUKHAMEJANOV

The influence of al-Farabi’s philosophy in the spiritual modernization of society..... 27

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ

Әл-Фараби рухани әлемі: «Қайырымды қала» коцепциясының әлеуметтік философиялық негіздері..... 33

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Зар заман өлеңдері: ел мен жер қайғысы 42

ӨРКЕНИЕТ – CIVILIZATION – ЦИВИЛИЗАЦИЯ

Zhanija ABDIMAN

Inaugural discourse: representation of the concepts of power and people 48

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ

Жаңа заманды жаңаша ойлай алатын адам жасайды 55

Надежда АЛМАДАКОВА, Эдуард АЛМАДАКОВ

Термины родства по линии отца в теленгитском языке 60

Ливия КАТОРЧА

Николай Гоголь и Велимир Хлебников..... 67

ТАРИХ – ТАҒЫЛЫМ – HISTORY LESSONS – УРОКИ ИСТОРИИ

Сағымбай КОЗЫБАЕВ

Белые пятна в биографии Шокана Уалиханова 76

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

Абай және дінсіздендіру саясаты 84

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – LIFE OF WONDERFUL PEOPLE – ЖИЗНЬ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫХ ЛЮДЕЙ

Алма ҚЫРАУБАЕВА..... 95

АЛАШ – ALASH – АЛАШ

Гүлжәһан НҰРЫШЕВА

Қазақ тілінің вербалды-дискурстық және философиялық мазмұны 96

Өмірхан АБДИМАНҰЛЫ

С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасындағы Алаш қайраткерлерінің әдеби тұлғасы..... 101

Рауф ГИЗАТУЛЛИН, Гюльнар МУКАНОВА

Марьям Сейдалина – корреспондент журнала «Айқап» 113

РУХАНИЯТ – SPIRITUALITY – ДУХОВНОСТЬ

Гәуһар АБДРАСИЛОВА

Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани-интеллектуалдық шығармашылығының кітапханасы 121

Қанат ЖУКЕШЕВ

Лексика казахского языка: корпусная классификация..... 129

ӘДЕБИ ТАНЫМ – LLITERARY CRITICISM – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Борис ПАСТЕРНАК

Шекспир шығармаларының тәржімелеріне ескертпелер..... 138



Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ

Автор туралы: Түрксой халықаралық ұйымының Бас хатшысы, қоғам және мемлекет қайраткері.

About the author: General Secretary of the International Organization Turksoy, public and state leader.

Об авторе: Генеральный секретарь Международной организации Тюркской, общественный и государственный деятель.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ РӨЛІ ОЙЛАНДЫРСА...

Аңдатпа. Белгілі қоғам қайраткері, халықаралық Түрксой ұйымының Бас хатшысы бұл сырашарында өркениеттер тоғысы мен даму шағында ұлттық болмысымыздан айрылып қалмау мәселелерін көтереді. Халықаралық «Түрксой» ұйымының бұған дейін атқарған істері мен келешекте тындырар жұмыстары жөнінде ой бөліседі. «Айқап» журналын шығарған Алаш қайраткерлерінің арманының бүгінгі күннен сабақтастығына назар аударма келе осы игі істі жүзеге асырып жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына және журнал оқырмандарына өз тілегін жіткізеді.

Duisen KASEINOV THINKING OF A ROLE OF A KAZAKH IN A CIVILIZATION

Abstract. In this interview a well-known public figure, General Secretary of TURKSOY talks about the need to preserve the national identity at the crossroads of the development of civilizations, talks about the work done over the years of the International organization «Turksoy» and shares his thoughts on what remains to be done in the future for the development of the Turkic culture and art. He emphasized the continuity of the ideas of the leaders of Alash, who were the first publishers of «Aikap», and the current policy of the journal published in al-Farabi KazNU.

Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ РАЗМЫШЛЯЯ О РОЛИ КАЗАХОВ В МИРОВОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Аннотация. Известный общественный деятель, Генеральный секретарь ТЮРКСОЙ в своем интервью говорит о необходимости сохранения национальной идентичности на перекрестках развития цивилизаций, рассказывает о проделанной за годы существования Международной организации «Тюрксой» работе и делится своими мыслями о том, что еще предстоит осуществить в будущем во имя развития тюркской культуры и искусства. Он особо подчеркнул преемственность идей лидеров Алаш, первых издателей «Айкапа», и сегодняшней политики журнала, издаваемого в КазНУ им. аль-Фараби.

– Дүйсен Қорабайұлы, ең алдымен Сізді 70 жасқа толған мерейлі мерекеңізбен «Айқап» журналы ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Осыған орай Сізге қояр алғашқы сұрағымыз ағалық жастың биігіне көтерілдіңіз, жасыңызда өнерлі өрен болып көзге түстіңіз, есейген кезде ел үшін қызмет еткен тұлғаға айналдыңыз, бүгінде халықаралық деңгейдегі қайраткерсіз. Өткен өмір жолына ой жіберіп қарағанда, «Ай, қап!» дейтіндей сәттер жоқ емес пе?!

– Әрине, өмірдің белгілі бір белесіне келген соң өз биігінен өткеніне ой жіберіп сараптау, есеп беру, жасағаны мен жобаға асыра алмағанын таразыға тарту – әрбір ақыл иесі адамзаттың баласына тән құбылыс деп білем. Сондықтан, менің де кейде өткен өміріме есеп беріп, ақыл таразысынан өткізіп отыратын сәттерім бар. Алайда, алдын ала айтып қояйын, өткеніне өкінетіндердің тобына жатпаймын. Себебі, өмірлік ұстанымым – бүгін жасай алатын жұмысты ертеңге қалдырмау. Сол себепті, жеке өмірімде де, қызметтік өмір жолымда да «Ай, қап!» дейтін сәттерім аз. Дегенмен, бүкіл өмірім мәдениет пен өнер саласында, осы саланың басшылық қызметтерінде өткен соң республиканың мәдени өміріндегі болымсыздықтар мен «әттеген-айлардың» мені айналып өтпегені анық. Мәселен, сонау тәуелсіздік таңындағы қиын жылдарда жасалған бір «Ай, қапты!» айтайын. Сол кезеңде республика бойынша облыстық деңгейдегі музыкалық білім беретін орта оқу орындарын (музыкалық училищелерді) мәдениет саласындағы жаппай білім беретін орта оқу орындарына (культпросвет училищелерге) қосу науқаны жүрді. Облыс орталықтарындағы оқу орындарының ғимараттары басқа мекемелерге берілді. Бұл шешімнің музыкалық білім беру үшін қаншалықты кері ықпалы болатынын тек осы саланың маманда-

ры ғана терең түсінуі мүмкін. Былайғы жұрт сол кезеңге тән жекешелендіру науқанының бір көрінісі ретінде ғана қабылдады. Әрине, музыканттар, ата-аналар мен мәдениет қайраткерлері шырылдап, бұған қарсы болып хат жазды, қол жинады, республикалық, облыстық мәдениет саласы басшыларына арызданды. Мәдениет саласындағы біраз басшылар да бұған қарсы болды. Бірақ, жергілікті әкімдерге ешкімнің ықпалы жүрмеді. Халықтың, мамандардың талабынан нәтиже шықпады. Жеңілдік, көндік. Жылдар өткесін осы олқылық бүкіл республиканың музыкалық білім беру саласына кері әсер ете бастады. Сонда ғана жаңадан келген жергілікті басшылар қателерін түсініп, баяғы музыкалық оқу орындарын қайта қалпына келтірді. Былай қарағанда болмашы оқиға сияқты болып көрінсе де бұл жағдай 10-15 жыл ішінде музыка саласы мамандарының бір ұрпағының тағдырына келеңсіз із қалдырған, талай тамаша музыканттардың тарих сахнасына шықпай қалуына себепші болған өкінішті кезең еді. Шындығында, бір ғимаратты сатқаннан, бірнеше мұғалімнің штатын қысқартқаннан ешқашан ешбір облыстың байып кеткенін көрген емеспін.

Мәдениет пен өнер саласында бұл секілді «Ай, қаптар» жетіп артылады. Көбі кезінде жазылған, айтылған. Мысалы, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап күн тәртібінен түспеген тақырыптардың бірі – шығармашылық оқу орындарындағы қазақ тіліндегі білім берудің жайы. Неге бүгінге дейін өнертану, музыкатану, театртану, кинотану сияқты шығармашылық салаларда қазақ тілді ғалымдар аз? Неге музыка теориясы, этномузыкатану бағытында қазақша жазатын зерттеушілерден әлі де орысша жазатындардың саны басым? Мәдениет саласында осы сияқты әлде де шешімін таппаған күрделі мәселелер баршылық. Меніңше, бұл – арнайы бір ұзақ әңгіменің арқауы.

– Мұхаметжан Сералин «Ай, қап!» демеген кезіміз аз» деп, «ендігі әрі өкінбесек екен» деген тілекпен 1911 жылы ұлттық сананы «оятуға» ұмтылып, «Айқап» атты журнал шығарды. Содан бері бір ғасырдан астам уақыт өтті. Өркениетке ұмтылыс жолында ұлттық болмысымыз қаншалықты өзгерді деп ойлайсыз?

– Шынымды айтсам, өркениетке ұмтыламыз деп ұлттық болмысымыздан айырылып қалу қауіпі бар. Сол біздің өркениетті санайтын елдеріміздің өзінде ұлттық өнеріне, музыкасына, мәдениетіне ерекше құрметпен қарайды. Тарихын, дәстүрлі дүниелерін айырықша бағалайды. Біз соңғы кезеңде ұлттық болмысымызды, өзіндік ерекшелігімізді сақтауды, қадірлеуді ұмытып барамыз. Қазіргі дәуірдің оңай емес екенін, қоғамның үлкен бір трансформация кезеңін бастан кешіріп жатқанын түсінем. Алайда, сонау қанқұйлы соғыс жылдары өнерімізді қолдау үшін Қазақ ұлттық консерваториясының, Қыздар педагогикалық институтының ашылғанын ойласақ, ол кезеңге қарағанда біздің дәуіріміздің қиыншылықтары баланың ойынындай болып көрінеді маған. Тәуелсіздік таңында сұхбат беріп тұрып, табан астынан тауып айтқан бір сөзім бар еді: «біз өркениетке бір қолымызға домбыра, бір қолымызға скрипка ұстап кіруіміз керек» деген. Әлі де осы сөзімдегі авторлық ойымнан бас тартқаным жоқ. Өзгенің өнерін үйренеміз деп, өзіміздің асылымыздан бас тартпауымыз керек. Өкінішке орай, кейінге кезде жастарымыздың бойынан өзгелерге еліктеушіліктің салдарын көп көрем. Алдыңғы толқын ағаларымыздың, әкелеріміздің қандай қиын шарттарда болса да, ұлттың мәдениеті мен өнеріне көрсеткен қамқорлығын еске алып сүйсінсек, бізден кейінгі ұрпақтың өз ұлтының мұрасына деген селқостығын көріп күйінбесек

екен деген тілек бар. Бұл – қауіп ойлағаннан айтқан тілек.

– Халықаралық кеңістікте өзіндік орны бар үлкен ұйымды бірнеше жыл басқарып келе жатырсыз. Демек еларалық мәселелерде Сіздің көргеніңіз де, көңілге түйгеніңіз де мол. Тәуелсіздік алып, егеменді ел болған қазақ ұлтының бүгінгі әлемдегі орны туралы не айтасыз?

– Қазақ мәдениетінің әлемдік аренада танылуы тікелей тәуелсіздіктің арқасы. Егемендігі жоқ елдің қандай күйге түсетінін бағамдау үшін алысқа бармай-ақ өзіміздің жақын тарихымызға үңілсек те жеткілікті. Құдайға шүкір, тәуелсіз ел болуымыздың арқасында ұлттық мәдени дәстүрлеріміз қазір әлемнің түкпір-түкпірінде танымалдыққа ие десем артық айтқаным емес. Әрине, республиканың әлемге танылуына Елбасымыздың сарабал сыртқы саясаты, халықаралық қарым-қатынастың еркіндігі үлкен үлес қосты. Қазір шетелге шығам деген адамға ешқандай бөгет, немесе шектеу жоқ. Қазақ жастары кез келген елге саяхаттап, не оқып барған елдің жақсысынан үйреніп, жаманынан жиіреніп қайтуына болады. Көбіне солай болып та жатыр. Сыртқа шыққан әр қазақ өз елінің, ұлтының, мәдениетінің елшісі. Шетелдіктердің қазақ ұлты туралы түсінігі осы сыртқа шыққан қазақ жастарына қарап қалыптасады. Сондықтан, шетелге шығатын жастарымыздың ұлттық тәрбиесі, ұлттық мәдениеті жоғары деңгейде болуы керек.

Қызметіме байланысты әлемнің жүзден астам елін араладым. Әрине, шетелдіктердің бәрі де біз туралы керемет пікірде деу артық болар. Дегенмен, қазақты жамандаған жұртты аз көрдім дей алам. Өзіміз білетін, ішіміз сезетін ұлт ретіндегі нашар қылықтарымыз жоқ емес. Оны ұлы Абайдан бастап, талай ойшылдарымыз айтып кеткен.

Қазіргі мақсат – ұлтты бойындағы келеңсіз қылықтардан тезірек арылтып, жана, сапалы, әрі заманауи, әрі дәстүрлі мәдениетін сақтаған елге айналуға күш салуымыз керек.

– Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына арқау болған бағдарлық ойларының жүзеге асуына қатысты азаматтық ұстанымыңызды білсек деп едік.

– Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы дер кезінде жазылып, қазіргі қазақ қоғамының рухани қажеттілігін дөп басқан өзекті ойтолғам деп білем. Негізі, Елбасы бұл мақаласында бұрыннан да айтып жүрген ойларын жүйелеп, бүкілхалықтық бағдарламаға айналдырған. Ендігі мәселе, жергілікті билік органдарының ғана емес, жалпы қарапайым халықтың осы міндетті іске асыруға жұмылуы. Ең бастысы, тамаша бастаманы науқанға айналдырып алмасақ екен.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан кейін ел ішінде рухани өмірдің өзекті мәселелерін талқылайтын жиындардың көбеюі заңды. Бұл мәселеге арнап біздің ұйым да бірнеше халықаралық шаралар өткізді. Елбасы мақаласы біздің елде ғана емес, түбі бір түркі елдері арасында да ерекше қызығушылық тудырып, ірі басқосулардың арқауы болды. Себебі, әлемнің барлық елінде руханият күрделі жағдайда. Қазіргі заманғы қоғамның рухани өмірінің санқилы қайшылықтар мен сұраныстарға толы екенін еске алсақ, қоғам өмірі үшін мұндай жиындар аса маңызды.

– ТҮРКСОЙ ұйымы әдебиет саласында қандай жобалар іске асырып жатыр? Түркі халықтарының қазіргі әдеби байланыстары қандай дәрежеде?

– Негізі, әдебиет саласында жасалатын жұмыс өте көп. Бұл бағытта бауырлас елдердің Жазушылар одағы, Журналистер одағы секілді нақты осы саланың мамандары бірігіп жұмыс істеген көп нәтижеге қол жеткізеді деген пікірдемін. Жазушы – ұлттық әдебиеттің сөзін ұстаушы, туын көтеруші ғана емес, сол елдің ұлттық болмысының, рухани әлемінің аса білгір тамыршысы. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ та, кейінгі ұрпақ та іздеген жоғын ақын-жазушылардың шығармаларынан табатыны, рухани шөлін солардың кітабын оқып басатыны анық. Әсіресе, ұлттымыздың көркемдік ой-санасын, суреттеудің сан түрлі үлгілерін тек қана романдар мен повестерден, поэмалардан, әдеби шығармалардан ғана табамыз.

Осы орайда, біздің ұйым 2010 жылдан бастап, түркі халықтары мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті тұлғаларының құрметіне атаулы жылдарды жариялауды дәстүрге енгізді. 2010 жыл башқұрт тарихшысы Зәки Валиди Тоғанның, 2011 жыл татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың, 2013 жыл қазақ композиторы Мұқан Төлебаевтың, 2014 жыл түркімен ақыны Мақтұмқұлының және қырғыз ақыны Тоқтоғұлдың, 2015 жыл түрік жазушысы Халдун Танердің және хакас жыршысы Семен Кадышевтің, 2016 жыл ортағасырлық түркі ақыны Жүсіп Балсағұнның, ал 2017 жыл әзірбайжан ақыны Молла Пенах Вагифтің мерейтойларына арналды. Биылғы жыл қазақ ақыны Мағжан Жұмабайдың, әзірбайжан сазгері Кара Караевтың, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың атаулы жылдары болып жарияланды.

Бұл жоба қаншама көрнекті тұлғалардың рухани мұраларының туыс тілдерге аударылуына себеп болды. Атаулы жылдарда бүкіл түркітілдес елдердің бұл атақты қаламгерлерін бауырлас жұрттардың қаншама жас ұрпағы жаңа қырынан танып, осының әсерінен өмірге қаншама жаңа туынды келді.

Атаулы жылдан бөлек біздің ұйымның қолдауымен Абай, Жамбыл, Дина, Сүйінбай, Тәттімбет, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Сәкен Сейфуллин, Олжас Сүлейменов, бұдан басқа да ондаған қазақ ақын-жазушылары мен өнер қайраткерлерінің мерейтойлары халықаралық деңгейде аталып өтті. Бұлардың ішінде үшеуіне – Дина Нұрпейісова, Сүйінбай Аронұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы атына біздің ұйымның ұсынысымен Түркия астанасы Анкара қаласында саябақтар ашылды, жыр алыбы Жамбыл атамыздың құрметіне Анкара қаласының Кечиөрен ауданынан Жамбыл атындағы көше ашылды.

Кейінгі жылдардағы ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының әдебиет, руханият саласындағы жобалары бауырлас халықтардың әдеби қарым-қатынастардың дамуына, туыс тілдерден бір-біріне әдеби аудармалардың артуына, қаламгерлердің және олардың шығармаларының түркітілдес елдерде танымал болуына аз да болса үлес қосқаны анық. Осы жұмыстардың жемісі ретінде туыс тілдерде қаншама жаңа жинақтар жарық көрді. Бауырлас халықтардың

әдебиетінен аударылып басылған кітаптардың да саны еселеп артты.


Туыс елдердің әдеби байланысы деген кезде, біз тек кешегі өткен тарихи байланысты еске алып, соны насихаттай берумен шектелмей, қазіргі заманғы шығармашылық байланыстарды ұйымдастыруымыз керек. Шығармашылықпен айналысатын адам ретінде біз туыс халықтың шығармашылық адамының бәрінің көзқарасын, олардың ойларын, мұң-мұқтажын білуіміз керек.

Сондықтан, қазіргі күнде әдебиетте, музыкада, сурет өнерінде, тағы басқа барлық өнер салаларында осы қарым-қатынасты үздіксіз дамыта беруге, жетілдіре беруге тиіспіз.

– «Айқап» журналына айтар тілегіңіз...

– Кезінде қазақ оқымыстыларының ең қадірлі басылымы болған журналдың заңды мұрагері ретінде бүгінгі қоғамымыздың да ең қажетті, танымал басылымына айналсын. Жазарларыңыз көбейіп, базарларыңыз тарқамасын!

Әңгімелескен
Өмірхан Әбдиманұлы



Фотоақпарат



**Елбасы Ақордада
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры
Ғалымқайыр Мұтановты қабылдады**

Кездесуде оқу орнының ғылыми әлеуетін дамыту мәселелері мен «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдаудың басым бағыттарына сәйкес кадр даярлау барысы талқыланды. Мемлекет басшысы университет тарапынан атқарылып жатқан жұмыс нәтижелеріне баса мән беріп, жаһандану кезеңіндегі жоғары оқу орындарының рөліне айрықша назар аударды. Ал Ғалымқайыр Мұтанов оқу үдерісін заманауи талаптарға бейімдеу нәтижелерін сөз етті.

**President Nursultan Nazarbayev
has met with Rector of the Al-Farabi Kazakh National University,
Galimkair Mutanov**

During the meeting, the issues of developing the University's scientific potential and training the personnel in accordance with the priority areas of the "New Development Opportunities in the Conditions of the Fourth Industrial Revolution" Address were discussed. The Head of State, noting the results of the University's activity, focused on the role of higher education institutions in training young professionals adapted to the conditions of global economic and technological changes. Galimkair Mutanov reported to Nursultan Nazarbayev about the results of transforming the University and adapting the educational process to modern requirements.

**Президент Н. Назарбаев принял в Акорде
ректора Казахского национального университета им. аль-Фараби
Галимкаира Мутанова**

В ходе встречи (во время беседы) были рассмотрены проблемы развития научного потенциала высшего учебного заведения и процесса подготовки кадров в соответствии с приоритетными направлениями Послания «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции». Глава государства уделил особое внимание достижениям университета в этом направлении и отметил главенствующую роль университетов в эпоху глобализации. Галимкаир Мутанов рассказал о достигнутых результатах адаптации учебного процесса КазНУ им. аль-Фараби к современным требованиям.

**Krista PIKKAT**

About the author: Director of the UNESCO Almaty Cluster Office for Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Uzbekistan.

Автор туралы: ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматыдағы Кластерлік бюросының директоры.

Об авторе: директор Алматинского Кластерного Бюро ЮНЕСКО в Алматы по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану.

...TO DISCOVERING MORE OF THE CULTURAL HERITAGE OF KAZAKHSTAN...

Abstract. In an exclusive interview for the readers of the magazine, the representative of UNESCO in Central Asia, Ms. Pikkat talks about the mission of the authoritative international organization of UNESCO on the Rapprochement of Cultures, the task of preserving the cultural heritage and shares personal impressions of communication with the Kazakh community, acquaintance with the leading university of the republic – Al-Farabi KazNU. Recalling her studentship, she wished the youth to be brave in their dreams, set the bar high and be stubborn in their research, for the sustainable development of the country.

Кристиа ПИККАТ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ҚАЗЫНАЛАРЫН КӨБІРЕК ТАНЫТСАҚ...»

Аңдатпа. Журнал оқырмандарына арналған жеделдеме сұхбатында ЮНЕСКО-ның Орта Азиядағы өкілі Кристиа Пиккат аталмыш халықаралық ұйымның мәдени құндылықтарды сақтай отырып, олардың бірі-біріне жақындасуына игі ықпал ету миссиясын айта келе қазақ қоғамынан, сонымен қатар республикамыздағы көшбасшы жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен алған жеке әсерлерін бөліседі. Өзінің студенттік шағын еске ала отырып, ол өз елінің тұрақты дамуына қомақты үлес қосамын деген жастардың биікке ұмтылуын, сол мақсатқа жетуде табанды болуын тілейді.

Кристиа ПИККАТ

...ОТКРЫВАЯ ВСЕ БОЛЬШЕ КУЛЬТУРНЫХ СОКРОВИЩ КАЗАХСТАНА...

Аннотация. В эксклюзивном интервью для читателей журнала представитель ЮНЕСКО по Центральной Азии госпожа Пиккат рассказывает о миссии авторитетной международной организации ЮНЕСКО по сближению культур, о задачах сохранения культурного наследия и делится личными впечатлениями от общения с казахским сообществом, знакомства с ведущим университетом республики – КазНУ им. аль-Фараби. Вспомнив свои студенческие годы, она пожелала молодежи быть смелой в своих мечтах, установить высокую планку и быть упорной в своих исследованиях во имя устойчивого развития страны.

– Уважаемая г-жа Криста Пиккат! Деятельность по линии ЮНЕСКО хорошо известна в мире и Центральной Азии, в частности. Чувствуется, по публикациям в СМИ, что Вам полюбился регион и многообразие его богатств, как нематериальных духовных, так и уникальных природных ресурсов.... Ваши впечатления от знакомства с Казахстаном...

- Dear Ms. Krista Pikkat! The activities of UNESCO are well known in the world and in Central Asia, in particular. It is felt, according to publications in the media, that you are fond of the region and the diversity of its wealth, both intangible spiritual and unique natural resources№ Your impressions from getting to know Kazakhstan ...

- I have lived in Central Asia five and a half years already. First, in Uzbekistan and, since April 2017, in Kazakhstan. Working for UNESCO, I am, of course, very sensitive to the rich and diverse cultural and natural heritage of the region.

I was impressed by the cultural heritage in Uzbekistan, in particular the World Heritage-listed Samarkand, Bukhara and Khiva. I was fascinated by the rich traditions of music, textile, food and celebrations, many of which are shared by a number of countries in the region, such as Shasmaqom music, the Uzbek/Tajik tradition, or the celebration of Navruz, which is marked by all the countries in Central Asia and beyond.

Now that I moved to UNESCO's cluster office in Almaty, I look forward to discovering more of the cultural and natural heritage of Kazakhstan, Kyrgyzstan and Tajikistan.

I have not managed to visit many regions in Kazakhstan as yet, but have already the sense of the vast territory and diversity of landscape that exists. There are eight biosphere reserves in Kazakhstan that are part of the UNESCO Man and Biosphere (MAB) Program.

This is UNESCO's intergovernmental scientific program that aims to establish a scientific basis for the improvement of relationships between people and their environments. It combines the natural and social sciences, economics and education to improve human livelihoods and the equitable sharing of benefits, and to safeguard natural and managed ecosystems so as to promote innovative approaches to economic development that are socially and culturally appropriate, and environmentally sustainable.

The UNESCO Almaty Office is eager to work in those regions in Kazakhstan that have the MAB biosphere reserves, as well as the sites that have been inscribed on UNESCO's World Heritage List either individually – such as Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, Petroglyphs within the Archaeological Landscape of Tamgaly, Saryarka – Steppe and Lakes of Northern Kazakhstan – or as part of transnational nominations, such as Western Tien-Shan or the Silk Roads: the Routes Network of Chang'an-Tianshan Corridor.

In this context, we shall be able to draw on the knowledge and expertise of the UNESCO Chair on Sustainable Development at your University, which was instrumental in the nomination of the biosphere reserves to UNESCO's MAB programmer.

Kazakhstan has also elements on UNESCO's Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity, ranging from art of dombra and the traditions of Kyrgyz and Kazakh yurts making to kuresi, assyk and aitys.

The UNESCO label brings international recognition, but also, the responsibility for the local authorities and communities to demonstrate that these cultural and natural heritage resources are sustainably managed and used. These resources need to be safeguarded and preserved.

So, it is important for the local communities to be well aware of their value, but also, it is important that the communities

benefit from these resources to improve their livelihoods.

- У читателей журнала «Айқап» есть вопросы относительно продвижения национальной киноиндустрии, дизайна, народных ремесел (изготовления юрты, ювелирных украшений и т.д.). Чем могли бы помочь в этом по линии ЮНЕСКО?

- *The readers of the magazine «AIQAP» have questions regarding the promotion of the national film industry, design, folk crafts (making yurts, jewelry, jewelry, etc.). What could help in this with UNESCO?*

- UNESCO works to safeguard, preserve and promote the tangible and intangible cultural heritage and support the development of creative industries in its Member States through a set of normative instruments. Each of these Conventions outlines the criteria and mechanisms for the protection of culture in its different forms and manifestations.

We support the governments with technical advice to make sure the national legislation corresponds to the international standards spelt out in these international Conventions, we build the capacities of responsible institutions, we support the communities – the carriers of the cultural traditions – to raise awareness about their cultural heritage and we build the capacities of handicrafts masters so they can build on the traditions and not give in to commercial pressures of globalization.

In Kazakhstan, we worked in the region of Kyzylorda and Mangistau to help their handicrafts masters revive the tradition of welt weaving. This was a successful partnership with two famous organizations – «Aigul Line» and «Union of Artisans of Kazakhstan», who helped us train about 50 women.

This not only ensures that these traditions will be transmitted to the next gener-

ations but also provides opportunities for these women to generate income.

Kazakhstan has not as yet ratified UNESCO's Convention for the Protection and Promotion of the Diversity of Cultural Expressions that concerns international cultural policy and creative industries.

The cultural and creative industries are among the fastest growing sectors in the world, which generate annual revenues of US\$ 2,250 billion and provide jobs for nearly 30 million people worldwide, especially for people aged between 15 and 29.

Globally, the cultural and creative industries are considered essential for inclusive economic growth, reducing inequalities and achieving the goals set out in the 2030 Sustainable Development Agenda.

Given its economic impact and the focus on the youth, the cultural and creative industries is an important sector for Kazakhstan and Central Asia to develop.

When the country ratifies the Convention, UNESCO will be able to more actively provide support to the creative industries, including cinema and music, and make sure Kazakhstan benefits from the best international practices in this regard.

- Уникальное географическое расположение Казахстана – в «сердце» Евразии, специфика в прошлом хозяйственно-культурного типа (кочевание), миролюбивые отношения с соседями, современные успехи в антиядерной борьбе и проч., раскрывают потенциальные возможности международного признания, не так ли?

- *The unique geographic location of Kazakhstan – in the «heart» of Eurasia, the specifics of the past economic and cultural type (nomadism), peaceful relations with neighbors, modern advances in the anti-nuclear struggle and so on, reveal the potential for international recognition, is not it?*

- Yes, Kazakhstan is located at the cross-roads of cultures and civilizations. Archaeological excavations prove that since the early Middle Ages different religious groups coexisted and lived together on the territory of Kazakhstan.

Since its independence, Kazakhstan has used its historic and multi-ethnic background to promote the values that are close to the United Nations and UNESCO.

UNESCO acknowledges Kazakhstan's leadership in promoting inter-cultural dialogue and mutual understanding, peace and sustainable development.

This is testified by Kazakhstan's co-sponsorship of the initiative to declare 2010 as International Year for the Rapprochement of Cultures and launch the International decade on the Rapprochement of Cultures (2013-2022), for which UNESCO was the lead agency.

In 2017, the Centre of Rapprochement of Cultures and the Central Asian Regional Glaciological Centre category 2 under the auspices of UNESCO established in Almaty become affiliated with UNESCO.

- Вы посетили один из старейших и известных в мире вузов страны – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, каковы Ваши впечатления? Что Вы пожелаете нашей молодежи? Молодым ученым и студентам? Насколько актуальны ныне идеи великого мыслителя Аль-Фараби о добродетельном обществе, насколько они отвечают миссии ЮНЕСКО?

- You visited one of the oldest and most famous universities in the world – the al-Farabi Kazakh National University named, what are your impressions? What do you wish our youth? To young scientists and students? How relevant are the ideas of the great thinker Al-Farabi about a virtuous society now, to what extent do they meet the mission of UNESCO?

- UNESCO believes that it is important for young people to participate in the discussions that form the basis of the decisions concerning the future. This is why UNESCO works with the youth and engages them, reaching out to them through the network of Associated Schools, the UNESCO Clubs movement, through our global UNESCO/UNITWIN network of university chairs, through a wide range of programs that promote the 21st century skills, active global citizenship or critically thinking skills.

The UNESCO Almaty Office works closely with the Al-Farabi University, through the UNESCO Chair on Sustainable Development.

But also, the University is an important partner for us because of its role in shaping the minds of the future leaders of the country – teachers, doctors, scientists, lawyers, politicians.

It is important that the future generations understand the implications of their acts and decisions. So that when they are in the 'driving seat' they will be able to take sound decisions and make sure that the development of the country meets the needs of the present «without compromising the ability of future generations to meet their own needs». This ensures the sustainable development of the country.

My visits to the Al-Farabi University remind me of my student days at my Alma Mater, the University of Tartu in Estonia, established in 1962.

The feeling of humbleness; my dreams and expectations.

My message to the students? – Be bold in your dreams, set the bar high and be perseverant in your studies. You are the agents of change for a more sustainable future.

- Наконец... Ваше хобби? Спорт? Чтение? Общение с природой? Музыка? Рисование? Расскажите немного о себе.

- Finally ... Your hobby? Sport? Reading? Communication with nature? Music? Painting? Tell us a little about yourself.

- It is perhaps one of the biggest challenges in my present job to find time to read books, listen to music, go to concerts, take a walk in the nature, spend time with my family and friends.

Luckily, Almaty provides good opportunities to charge up my batteries with its active cultural life and the vicinity of the mountains. So, I have enjoyed some excellent concerts and dance performances,


skiing, playing tennis, practicing yoga. I take a 40 minutes' walk to the office every morning.

Studying something new, staying physically active, having a good balance between professional and private life is very important. It makes us happier, healthier and be better in our jobs.

Большое спасибо!

Many thanks!

*Беседовали: Муканова Гюльнар,
Мухамеджанов Даурен.*





Автор туралы: саяси ғылымдарының докторы, профессор.

About the author: Doctof of Political Science, professor

Об авторе: доктор политических наук, профессор.

Сайын БОРБАСОВ

САЯСАТ – ФЕНОМЕН

Аңдатпа. Мақалада автор саясат феноменінің мазмұны мен мәнін ашады. Саясаттың қоғам, ұжым, адам өміріндегі орны мен рөлін анықтайды. Саясаттың қоғамдық қатынастардың барлық негізгі салаларына ықпалын көрсете келе, автор оның жалпылық сипатын негіздейді. Саясаттың адамдардың мүдделі топтарының мақсат-міндеттеріне қатысты қалыптасатынын негіздейді. Әділетті саясатты ізгілікті мақсаттар анықтаса, реакциялық саясатты эгоистік, тар топтық мүдделер тудырады.

Sajyn BORBASOV
POLITICS IS A PHENOMENON

Abstract. In the article, the author reveals the essence and content of the phenomenon of politics. The role and importance of politics in the life of society, the collective and the individual are determined. Showing the influence of politics on the main directions of social relations, the author justifies its universality. The policy is formed on the basis of the purpose and tasks of the interested groups participating in political processes. A just policy defines humanistic goals, and reactionary policies are selfish and narrowly group interests.

Сайын БОРБАСОВ
ПОЛИТИКА – ФЕНОМЕН

Аннотация. В статье автор раскрывает суть и содержание феномена политики. Определяются роль и значение политики в жизнедеятельности общества, коллектива и личности. Автор, показав влияние политики на основные направления общественных отношений, обосновывает её всеобщность. По его мнению, политика формируется на основе цели и задач заинтересованных групп, участвующих в политических процессах. Справедливую политику определяют гуманистические цели, а реакционную политику – эгоистические и узкогрупповые интересы.

Адамзат өмірінде әрбір адамға ықпалын тигізетін құбылыстың бірі – саясат. Адамзат өзін саясаттан тысқары тұрмын деп есептесе де, саясатқа қатысқысы келмесе де саясат оған белгілі бір дәрежеде әсер етпей қоймайды. Сондықтан адамзат өміріне ықпал ететін феномен ретінде саясаттың қоғам үшін де, әрбір азамат үшін де маңызы өте зор. Әрбір адам қоғамдық ұйымда өмір сүрген жағдайда өзіне саясаттың оң, теріс ықпалын сезінбей тұра алмайды. Көп жағдайда саясат ықпалы жанама. Оның әсерлерін біз байқамай да өмір сүре береміз. Бірақта, саясат әрбірімізге өз әсерін тигізбей қоймайды. Саяси ұстанымдар арқылы көрінетін саясат билік арқылы, азаматтық қоғам ұйымдары арқылы, саяси партиялар, топтар мен қозғалыстардың қызметтері арқылы іске асады, қоғамдық қатынастарды реттеуге, басқаруға араласады. Билікті іске асыратын мемлекет саясатты өмірге енгізудің ең тиімді және әмбебап құралы болып табылады. Бұлай болуы жалпыадамзаттық құбылыс.

Саясат дегеніміз – адамдардың белгілі бір тобының билікті пайдалану арқылы қоғамға өзінің мақсаттарын, мұраттары мен құндылықтарын танудың идеялары, жоспарлары, бағдарламасы мен айла-тәсілдері. Демек, саясат өркениетті адамзатпен бірге жасасып келе жатқан қоғамдық құбылыс. Ол түрлі топтардың мүдделерінің өзара бәсекелесу, теке-тіресу, бірін-бірі сынау алаңы іспеттес. Саяси идеялар, көзқарастар мен бағдарламалар негізінде саясат әлеуметтік қауымдастықтың игілігіне айналады. Ал, әртүрлі топтардың мүдделері, мақсаттары мен құндылықтары әртүрлі, тіптен сан алуан болғандықтан, саясат та сан алуан бағыттар мен жолдардан тұрады. Саясатта адамдар мен олардың көзқарастары, ұстанымы, мүдделері шешуші рөл атқарғандықтан ол субъективті құбылыс. Ал саясаттың болуы қоғам-

да орын алып отырған объективті факторларға байланысты. Саясат себебі экономикалық, әлеуметтік, рухани, этникалық т.б. топтық мүдделер. Саясат түрлі объективті мүдделердің қоғамдық пікірде, қатынастарда көрініс беруі. Ірі топтардың дүниетанымы, идеологиясы мен позициясы олардың саяси доктриналарынан көрінеді. Либерализм, социализм, демократия, консерватизм т.б. көзқарастар негізінде саясат бағыттары қалыптасады, дамиды.

Саясат объективті шындық. Өмірде материалдық заттар қаншалықты орын алса, саясаттың да алатын өз орны бар. Оның ерекшелігі көзге көрініп тұрмайтындығы, қолмен ұстап ала алмайтындығымызда. Саясат біздің өмірімізге, қоғамдағы орнымызға, бізді қоршаған дүниеге өзінің ерекше ықпалын тигізуімен де ерекшеленеді. Саясат – сөз, мақсаттар, жоспарлар, идеялар, ұсыныстар, бағдарламалар, заңдар мен Конституциялардан көрініс табады. Ол – субъективті құбылыс. Демек, саясат адамдардың түрлі топтарының, халықтардың, мемлекеттердің, трансұлттық ұйымдардың мақсаттар, міндеттері мен мүдделерін жинақтаған көрінісі, синтезі. Саясат мүдделер негізінде қалыптасады. Ал, адамдардың түрлі топтарының мүдделері әр қилы, қарама-қайшы, тіптен полярлы, бітпейтін қайшылықта болатындығы белгілі. Саясатқа араласатын саясаттың субъектілерін «мүдделі топтар» деп атау қабылданған. Саясат осы мүдделі топтар арасында жүреді. Ол субъекті-субъектілік қатынастар жүйесі. Яғни, саясат адамдардың түрлі топтарының арақатынастарының саласының бірі. Саясаттың себебі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани, ұлттық-этникалық, территориялық, қаржылық, ақпараттық мүдделер. Көбінесе, экономикалық-қаржылық мүдделер басым болатыны белгілі. Алайда, ұлттық қауіпсіздік, этникалық мүдделер де аса маңызды. Қоғамдық қатынас-

тардың негізгі салаларының барлығы дерлік саяси сфераға, саяси қатынастарға қатысты дамиды. Саясат қоғамдық өмірдің негізгі бағыттарын толықтай қамтиды. Әсіресе, саясат экономикалық мәселелерді шешуге басымдылық береді. Марксистердің «саясат – экономиканың жинақталған көрінісі» – деген анықтамасы шындық.

Саясат қоғамдық құбылыс ретінде саяси қатынастар барысында қозғалысқа түседі. Саяси қатынастар жаһандық, халықаралық ұйымдар арасында, мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар мен таптар, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар және түрлі ерекше мүдделері бар топтардың арақатынастары барысындағы қозғалыс. Мүдделі топтардың мақсаттарын, көкейкесті міндеттерін және мүдделерін олардың саяси позициясынан, көзқарастарынан, ұсынған идеяларынан және қоғамдық қатынастарды өзгертуге немесе жаңартуға бағытталған іс-әрекеттерінен көреміз. Билікке қол жеткізген мүдделі топтар өз саясатының негізінде мемлекет пен қоғамды дамытуды мақсат тұтатын түрлі реформаларды жасайды және іске асыруға ұмтылады.

Саясат билікпен байланысты болғанда іске асу жылдамдайды. Әсіресе мемлекеттік билікке қол жеткізген топ өз саясатын елге таңуға, оны мемлекеттік басқару органдарының қызметі арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Билікке қол жеткізе алмаған мүдделі топтар өз саясатын халық арасында насихаттаумен және билікке ықпал етуге тырысумен айналысады. Демек, саясат пен билік тәуелді байланыста. Билік мәселесі үнемі саясат мәселесіне, ал саясат мәселесі билік мәселесіне айналып отырады. Билік саясатты іске асырудың құралы. Ал саясат билікті жүргізудің, іске асырудың, ұстап тұрудың және билікті пайдаланып қоғамды өзгертудің жолдары, айла-тәсілдері және бағыт-бағдары.

Билігі бар топ өз саясатын неғұрлым тиімді жүргізе алады. Қарсылас топтар билікке қол жеткізіп өз саясатын іске асыруға үнемі ұмтылып отырады. Бұл құбылыс барша мемлекеттерге тән әлемдік құбылыс. Саясаты жоқ ел мен халық болмайды. Сондықтан саясат адамзатқа тән жалпылық сипатқа ие жалпыадамзаттық құбылыс.

Саясат адамдардың түрлі топтарының дүниетанымы, көзқарастары мен қоршаған ортаға қарым-қатынасының негізінде қалыптасады. Мысалы, либерализм идеологиясы адамның бостандықтарын, еркіндіктерін бірінші кезекке қояды. Либералистік дүниетанымға нарықтық қатынастарды еркін дамытуға мүмкіндік беретін капитализм тартымды. Ал коммунистік, марксистік таным каналушы таптардың бостандығын, адамдардың мүліктік теңдігін, еңбекті қанауды болдырмайтын социалистік қоғамды таңдайды. Анархизм болса мемлекеттік биліктің болуын адамды зорлау деп есептеп адамдардың өздерін-өздері басқаруын дұрыс деп біледі. Капитализмді, социализмді, анархизмді дұрыс емес, болашақ конвергентті қоғам болады деушілер де бар. Міне, осыншама әр түрлі дүниетанымды, идеологияны ұстанатын топтардың саясаты да әр түрлі. Өздерінің дүниетанымдық ұстанымдарының негізінде өздеріне тән саясат бағыттарын ұстанады, жақтайды, өз идеялары жеңуі жолында жан аямай күресуге барады. Ұлтшылдықтың ең әсіре формасы шовинизм идеологиясы фашистік партияның саясатына айналғаны белгілі. Басқа халықтарды төмен санау, бағындыру, олардың жер және материалдық байлықтарын тартып алу саясаты үнемі әлемдік соғыстардың себебі болып келеді. Адамзат қоғамы осындай күрмеуі қиын, шым-шытырық саяси көзқарастар мен саяси тартыстар алаңы.

Саясат ғылым және өнер. Оның ғылым болуы күрделі қоғамдық қаты-

настар мен объективті шындықтарға тікелей қатынаста, солардың туындауына байланысты. Ал, саясатты өнер қылатын адамдар, түрлі топтар, саяси партиялар. Кім айлакер, кім халыққа жағымды, кім сүйкімді, кім елді өз соңынан ерте алады. Мұның барлығы саясат өнері. Саясатта алдау, жалған уағданы үйіп-төгіп беру, популизм, сүйкімді имидж жасау сияқты құбылыстардың ешбір сөкеті жоқ. Кейбір партиялар ұлтшылдық, отаншылдық ұрандарымен электоратты тартса, келесі партиялар экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсынып халықты өз соңынан ертуге тырысады. Тіптен агрессиялық, шовинистік ұрандармен халықты өз соңынан ертіп әкететін партиялар бар. Саясатта әділет, қулық, арамдық, халықшылдық, патриотизм т.б. түрлі көзқарастар шымшытырық орын алып жатады. Саясат феноменінің күрделі болуы да осында. Атауы әдемі, дамыған мемлекетте қызмет етіп отырған партияның адамзатқа жаулық жасау саясатын, халықтар мен мемлекеттерді соғыстыру саясатын ұстанып отырғандығын көреміз.

XX ғасырдағы КСРО-да басталған социалистік қоғамды құру саясаты 60 миллионға жуық адамның өмірін жалмаса, шовинистік фашизм саясаты да осыншама адамның өмірін құрбан етті. XX ғасыр фашизм мен социализмнің теке-тіресі болса, XXI ғасыр жаһандық қарама-қарсылықтың шиеленісе түсуімен ерекшеленуде. Техникалық прогресті адамзатты сақтау, адамның өмір сүру мүмкіндігін арттыруға жұмылдыру саясаты шешуші маңызға ие болуда.

Мемлекеттер мен халықтарды жақсылық пен жасампаздыққа, немесе жаулық пен зорлыққа да бастайтын саясат. Мүдделі топ ізгілікті, гуманизм мен демократияны басшылыққа алса өркениеттіліктің жолындағы даму бағыты ашылды. Ал ол топ агрессияны, зорлықты басқа халықтарды бағындыруды мақсат етсе агрессия-

шыл, зорлық саясаты таңдалады. Саясат мақсаттардың, құндылықтар мен жоспарлардың жемісі. Қоғамдық шындыққа сәйкес келмейтін саясатта немесе оны бұрмалайтын саясатта болашақ жоқ. Ондай саясат қоғамды, мемлекетті тоқырауға ұшыратады, кері кетіреді. Жалғандыққа, мақтау мен ұраншылдыққа негізделген саясат та тиімді емес. Ондай қоғамдар үнемі дағдарыстарға ұшырап отырады. Өтірік уағдалардан, орынсыз мақтаулардан халық тез жерінеді. Өз халқын объективті шындықтар мен нақты ахуалға дұрыс баға беру саясатымен тәрбиелеген мемлекеттер ұдайы табыстарға жетіп отырады. Әрине, тек қана шындық пен әділетті ұстанатын мемлекет болмайды. Қай елде болмасын белгілі дәрежеде ұрандар, идеялар, артық айту, мақтаныш болмай қоймайды. Алайда, олар белгілі шеңберден аспауы дұрыс. Мемлекетшілдік пен ұраншылдықтың аражігін ажырата білу маңызды.

Саясат құбылысы әлем мемлекеттерге ортақ болғанымен әрбір мемлекет өзінің мүдделеріне сәйкес саясат ұстанады. Өкінішке орай кейбір мемлекеттердің саясатын аз санды билеуші топтың эгоистік, жемқорлық, топтық саясаты айқындайды. Ондай мемлекеттерде халық билеуші топ саясатына іштей немесе ашық қарсылық көрсетуде болады. Адамзат тарихында басым мемлекеттер өзінің саясаты арқылы өз құндылықтарын әлем халықтарына тануға үнемі ұмтылып келеді. Агрессиялық, басқыншыл саясатты ұстанған мемлекеттер қаншама. Әлсіз халықтардың жер байлықтарын, еңбек ресурстарын ғасырлар бойы қанаған отаршыл мемлекеттердің отарлық саясаты оларға көп пайда әкелгендігі белгілі. Европа қалаларын көркейтіп тұрған зәулім, әсем сарайлар мен үйлер XV ғасырдан басталған отарлау саясатының табысына салынғаны белгілі.

Бұл мақаламызда әл-Фарабидің «Қайырымды қала» концепциясының саяси философиялық негіздерін және теориялық маңыздылығын ашу негізінде ғылыми *инструмент* ретінде зерттеуде салыстырмалы теориялық зерттеу әдістерін қолданамыз. Сонымен қатар зерттеу барысында, шетелдік және отандық зерттеуші авторлардың еңбектеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ой пікірлерін ғылыми негіз және дереккөзі ретінде пайдаланамыз. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістерін пайдаланамыз.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» концепциясының саяси философиялық тұрғыдан зерттеу барысында зерттелу негізіне сәйкес, тұлғаның саяси ерекшеліктері мен даму аспектілеріне байланысты феноменологиялық талдау әдістері де қолданылады.

Әл-Фарабидің саяси философиялық көзқарасы көпшілік жағдайда өзінің құндылығын сақтады және қазіргі қоғам даму үшін маңыздылығы өте зор. Әл-Фарабидің бірқатар трактаттары қоғамдық өмір туралы оқуға арналған («Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жөніндегі кітап», «Бақыт жолдарын көрсету» және басқа шағын трактаттары) [4, 231 б.]. Араб философиясының атасы атанған әл-Фараби өзінің саяси философиялық теориясында қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын оқытып үйретеді деп атап көрсетті. Өзінің көзқарастарын ол «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактаттарында кеңірек баяндайды.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» (арабша *Китаб ‘ара’ ахл ал-мадина ал-фадила*) Фарабидің негізгі еңбектерінің бірі, ол 948 жылы Мысырда жазылып аяқталды. 942 жылғы мәтіннің бірінші үлгісі «Китаб ас-сийаса ал-маданийя» жеке шығарма ретінде танымал болды. Трактатта ол Платонның ойлары эсерінен қоғамның дұрыс құрылымы, дұрыс заңдар және тұрғындардың дұрыс көзқарастарымен байланыстыра отырып, қайырымдыны саяси аспектіде зерттейді. Мұндай мінсіз қоғам «қайырымды қала» (мадина фадила) болып табылады.

Әл-Фарабидің қайырымды және қайырымсыз қалалар туралы ілімі түп тамырымен Платон және Аристотельдің мінсіз мемлекет және мемлекет түрлері туралы ілімінен бастау алады. Платон өзінің «Мемлекет» деген шығармасында мінсіз қаланың құрылымы туралы ойын білдірген. Оның «мінсіз қаласы» – сол кезде өмір сүрген мемлекеттерді сынға алу негізінде құрылған утопия. Алайда ол нақты болған мемлекеттермен белгілі бір байланысы болды, нақты мемлекеттердің сипаттары және белгілерін көрсетті. Платонның ойынша, мінсіз мемлекеттің негізгі қағидасы әділдік болды. Әл-Фараби адам іскерлігінің мақсаты – тек дұрыс танудың көмегі арқылы қол жеткізуге болатын бақыт деп есептейді. Ойшыл қоғамды мемлекетпен теңестірді. Қоғам – адамдық мүше. «Қайырымды қала тірі ағзаның өмірін сақтау үшін барлық мүшелері бір-біріне көмектесетін сау тән тәріздес» [5, 134 б.]. Әл-Фараби Платон және Аристотель сияқты қалалардың классификациясын көрсеткен. Ол мінсіз қаланы «адамның шынайы болып табылуымен байланысты, оның өмір сүруі және оның өмірін сақтауы, тамаша заттарға қол жеткізуде адамдар бір-біріне көмектесетін қала» деп сипаттаған қаланың атауы «қайы-

рымды қала». Өз уақытының барлық бірегей ойлары секілді, Фарабидің саяси тұжырымдамалары исламдық халифаттың шынайы бейнелеріне бағытталған араб мәдениетінің теориялық қағидаларына ұқсамады [6, 125 б.]. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында ол «қайырымды қалаға» былайша сипаттама берген: «Адамдардың бірлесуінің мақсаты шынайы бақытқа жету істерінде өзара көмек көрсететін қала, қайырымды қала болып табылады және бақытқа жету мақсатында адамдар бір-біріне көмек көрсететін қоғам, қайырымды қоғам болып табылады. Әл-Фараби қайырымды қаланы «барлық органдары өмір сүруін сақтап қалу және оның толық ету үшін көмектесетін» дені сау денсаулықпен теңестіреді. Платонның және Аристотельдің мінсіз мемлекеттеріне қарағанда әл-Фарабидің қайырымды қаласында қауымдар көп. «Қайырымды қалада бес бөлігі бар: аса лайықты тұлғалар – ораторлар, есепшілер, батырлар және байлар. Аса лайықты тұлғаларға даналар жатады... Кейін дін қызметшілері және ораторлар, ал нақты айтқанда шешендер, ақындар, музыканттар, жазушылар... Есепшілер деген – есептейтіндер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және соған сәйкестер. Батырлар – ол риториктар, күзетшілер... Байлар – ол қаладағы байлықты сатып алатындар, жериеленушілер, малшылар, сатушылар және оған сәйкес келетіндер» [7, 305 б.]. Фараби бұл туралы былай дейді: «Әр адам өзінің табиғаты бойынша былай орналасқан, адам өзінің өмір сүруі және жоғары дамуға қол жеткізу үшін және жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын көптеген заттарға және оның мұқтаждылығын ескере отырып қандай-да бір затты бере алатын адамдар тобынан кейбір заттарға қажетсінеді» [8, 213 б.].

А.Х. Қасымжанов «Әл-Фараби» деген кітабында қайырымды қаланың

жоғарыда аталған қауымдарын көрсетіп, «аса лайықтылар» дегенді «феодалды төбе» деп түсіндірген [9, 146 б.]. Алайда, әл-Фараби «Аса лайықтыларға даналар, ақылы бар адамдар және маңызды істерде беделге ие адамдар жатады» деп жазған. Антикалық Грекияда және ортағасырлық шығыста даналар деп негізінен философтарды атаған. Яғни, әл-Фараби үшін ең лайықты қауымдағы орынға философтар ие болды деп болжам жасаған.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактаты» ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және адам қоғамының түрлері көптігін айтады. Себебі әрбір адамның тіршілік етуі мен кемелділікке жетуі үшін қандайда болмасын қауым керек. Фарабидің пікірінше, «Қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Оған өзінің мақсатына сәйкес әрекет ететін басқарушы шешеуніктер мен сол шенеуніктердің мақсатын жүзеге асыратын келесі рангілі шенеуніктер көмектеседі, осылайша қоғамның төмен қабаттарына дейін. Ол да Аристотель секілді саясатты географиямен байланыстырады, бірақ оған құрамында жай ғана табиғи-географиялық компонентті емес, сондай-ақ одан өзге аумақтық-территориалды факторды қамтитын территориалды аспекті толықтырады. Мысалы, Фарабидің адамзат қоғамы – ол тек осы факторлардың бірлескен ықпалы нәтижесінде ғана бола алатын «бір өмір сүру орнында көптеген адамдардың бірігуі» [10, 131 б.].

Әл-Фарабидің «қайырымды қаласында» теңсіздік орын алады, тек рухани ғана емес, дәулет теңсіздігі де,

себебі, «қайырымды қала» тек өзінің қажеттілігімен шектелген еңбек етушілер тұратын «қажеттілік қаласыз» мүмкін емес. Олар қажетін өзара көмек арқылы табады және төзімділік пен көну арқылы аман-саулыққа қол жеткізеді. Жалпы адам қоғамдастығын философ екі түрге бөліп көрсетеді: толық және толық емес. Толық қоғамдастықтың өзін үш түрге бөлген: үлкен, орташа, кіші. Үлкен қоғамдастық деп ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығы деп көрсетеді. Ал орташа қоғамдастық дегеніміз білгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастық ол белгілі бір қала ретінде көрсетілген. Толық емес қоғамдастыққа келер болсақ әл-Фараби оларды төртке бөліп қарастырған. Олар: квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамында көрмегенімен ол қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам болып табылады. Жоғары деңгейдегі дамуы мен игілікке адам ең бірінші ретте ең кіші дегенде қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсеткен. Кез келген нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап талаптанып жетуге болатындықтан кез келген қалада бақытқа қол жеткізуге болады дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қайырымды қала деп түсіндіріледі. Сол сияқты қайырымды қала, қайырымды тұрғындар (халық) болады дейді [11, 74-78 б.]. Әл-Фараби трактатында былай деді: Адам толығымен жетілуі үшін ол көптеген мәселелерден тәуелді болады. Себебі ол барлық өзіне қажетті нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды, әрі қол жеткізе алмайды дейді. Сондықтан адам өзінен басқа да адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады дейді. Бірақ ол басқа адамдарға қатысты да қоғамдастықтың құраушысы болып табылады. Осылайша, қоғамдастықтың әрбір мүшесінің іс-әрекеті оның әрбір мүшесіне қажетті нәрселердің

барлығын тауып береді дейді. Қауым адамдары бір-біріне көмек көрсетулері арқылы ғана кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды және үйлесімді өмір сүреді. Бірақ олардың барлығы толық мәнге ие бола алмайды және қоғамның да түрлері көп. Ойшыл толық мәнді қоғамды үшке бөледі: ұлы, орташа, шағын және оларды барша адамзат баласының қоғамдарының тұтас жиынтығы дейді. Игілік пен кемелділік дәрежесіне ең бірінші қала жетпек. Бақыт – әл-Фараби этикасының орталық санаты – дербес болып саналмайды. Қайырымды қалада бақыт адамдар, мейірімділік, әділдік және әдемілік арқылы жүзеге асырылады. «Жұмыстарда өзара көмектесу мақсаты үшін біріккен шынайы бақытқа ие адамдардың бірлескен қаласы қайырымды қала және адамдар бір-біріне бақытқа жету үшін көмектесетін қоғам өз алдына қайырымды қоғам болып табылады. Бір-біріне бақытқа қол жеткізу үшін көмектесетін қалалары бар халық, сәйкесінше қайырымды халық болып есептеледі. Осылайша, барлық халықтар бір-біріне бақытқа қол жеткізу үшін көмектесетін болса жер шары да қайырымды болады» [12, 145 б.].

Әл-Фараби: «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды. Әл-Фараби пікірінше, қайырымды қала басшысының бірінші және маңызды қасиеті – олар орындауға тиісті әрекеттерді жасауға жақсы қабілетті күштердің «жетілген

мүшелері» дейді (әл-Фараби. Қайырымды қаланың қасиеттері жөнінде (М.Т. Степанянц. Восточная философия. М., 1997) [13, 123 б.].

Қала болмысы – адамның кемелденген денесі мен оның мүшелері секілді. Дене мүшелері тіршілік ету мақсатында бір-біріне көмектесіп отырады және өздерінің қабілеттері мен жаратылыстарына қарай бөлінеді. Дәл сол секілді қала бірлестіктері де қабілеттеріне байланысты бөлінеді. Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Қала басшылары қала бірлестігінің мүшелері болуы үшін тек табиғи қасиеттерімен ғана емес, өнер секілді қасиеттерімен де мүшелікке енеді. Ал қала бірлестігінің басшысы бойындағы қасиеттерімен өзгелерден кемелді болғандықтан жоғары тұрады және мәртебелі. Ол қаланы тәртіпке келтіруші, жол сілтеуші, мұны әл-Фараби адам тәніндегі жүрекпен теңестіреді. Әрбір адам өмір сүруі мақсатында «әуел бастан-ақ Бірінші Себептің үлгісі мен мақсатына жету үшін жаралған, міне нақ осының арқасында олар ең мәртебелі басқыштарға шығып отыр». Сондықтанда, қаланың әрбір мүшесі өз қызметтеріне сәйкес қала басшысының мақсаттарын көздеулері тиіс.

Әл-Фараби «қайырымды қала» деген сау әрі ешбір мінсіз адам мінезіне ұқсас дейді. Себебі оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір-біріне көмектесіп өмір сүреді. Бірақ адам денесіндегі мүшелер бір-біріне табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтындығы сияқты қала тұрғандары да өздерінің қызметі мен қоғамдағы орны бойынша айырмашылық жасайды деген. Қалада бір басшысы болады, ол өзіне бір саты төмендегілерден белгілі бір істің атқарылуын талап етеді, ал та-



Әбу Наср әл-Фараби

лап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейін тұрғандардан талап етеді, осылайша ең төменгі талап ете алмайтын сатылардағыларға да жететінін көруімізге болады дейді [14, 19 б.].

«Қайырымды қала» басшылары және билеушілерінің келесідей төрт түрлері болады:

- шынайы билеуші (барлық қасиеттерге ие бірінші басшы);
 - шынайы билеуші жоқ болса қайырымды қаланы «ең лайықтылар» басқарады;
 - егер жоғарыда аталғандардың екеуі де болмаса, бірінші билеушілермен енгізілген ерте заңдарды және ережелерді білетін және орындайтын «заң бойынша билеуші» қаланы басқарады;
 - заң бойынша билеуші жоқ болған жағдайда, бұрынғы заңдар туралы білімдері бар адамдар тобы, яғни заң бойынша басшылар [15, 146 б.].
- Әл-Фараби үшін қайырымды қаланы кім және қанша уақыт басқарғаны маңызды емес. Оған қалай басқаратыны маңызды, ал бұл «қалай» басқаша айтқанда, басқару сапасы билеуші бойында болуы керек қасиеттерге және

сипаттамаларға тәуелді. Сонымен қатар, әл-Фараби бір билеуші жалғыз өзі қаланың барлық бөліктерін басқара алмайды, сол себепті «сол қоғамның арасында одан жоғары басшы жоқ, әр қаланың бөлігінде басшы бар».

Қала басшысы адам денесіндегі бас мүшесі, яғни, жүрегі ең жетілген және ешкіммен басқарылмайтын мүшесі сияқты қала басшысы бәрінен жоғары тұрады. Адамның жүрегі басқа органдардың бірігуінің, яғни адам денесінің бар болуы себебі, қалаған мүшелердің тәртіппен орналасып, жұмыс істеуінің ұйытқысы. Дәл сол сияқты қала басшысы да қаланы бар болуының, адамдардың оның маңайына топтасуының себебі, олардың белгілі сатымен үйлесімді түрде іс атқаруының ұйытқысы. Жүрек денеде орын алған кез келген орынсыздықтың барлығын жойып отыратыны сияқты, басшы да қалада орын алған әрбір мәселелерді шешіп, қиындықтарды жойып отыруы керек. Қала қоғамында оның мүшелері қызметіне қарай сатыларда орналасқан «Қайырымды қала» трактатында әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын – ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды.

Мұндай қоғамды ұлы ойшыл «әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын» қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай «жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады».

Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті

бар ақылды, білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді. Қала басшысы кез келген адам бола алмайды. Ондай адам қаланы басқаруы үшін екі шарт орындалуы қажет. Біріншісі ол қаланы басқаруға дайын болуы керек. Екіншісі басқаруға мүмкіндіктері мен жағдайы болуы керек. Оның өнері де басқалардың өнерінен жоғары болуы керек, ол өнер ештеңе үшін қызмет етпейді, не басқалар оны қолданатын өнер түрі де емес дейді, ол – оған басқа өнерлердің барлығы бағынатын өнер, ол үшін басқа өнерлер қызмет жасайтын өнер болуы керек деп айтқан. Қала басшысы осы өнерді біле тұра, өзі ең жетілген, бақытқа жетудің барлық жолдарын білетін адам дейді. Басшы қала тұрғындарын бақытқа апаратын ең дұрыс жолға сілтеп, оған жеткізетін әрекетке талпындыруы тиіс [16, 184-185 б.]. Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болуы керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады». Қаланың басшысы болу үшін адамның бойында қасиеттердің табылуы шарт. Бірақ жаратылысынан мұндай қабілеттер мен қасиеттер бір адамның бойында табылуы өте қиын жағдай. Данышпанның пайымдауынша игі қасиеттердің алтауы, тым болмаса бесеуі оның бойына біткен болса, ол адам қаланың басшысы бола алады. Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: «Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойын-

да ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады» [17, 38 б.].

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты «Қайырымды қала» дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді.

Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби «адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылықпен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды», олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді [18, 11 б.].

Әл-Фарабиге сәйкес, қайырымды қала – шынайы бақытқа жету үшін, адамдар бір-бірімен ынтымақтасып, бірге өмір сүретін қала. Қайырымды қаланың ерекшеліктерін анықтап, әл-Фараби қайырымдыға қарсы қайырымсыз қалаларды және олардың қанша түрлері бар екендігі, олардың басқару түрлері мен әдістерін де назардан тыс қалдырмайды. Егер қандай да бір қала қайырымды қаланың қасиеттерінің біріне ие болмаса, оны қайырымсыз қала қатарына жатқызады. Сол себепті, философ Платон және Аристотельдің атап кеткен қалалардың бәрін қайырымсыз қалаларға жатқызады. Тіпті, философтармен басқарылатын Платонның мінсіз қаласы да қайырымсыз қала саналады. Себебі, әл-Фараби дана философтың

басқаруы ғана қаланы қайырымды жасай алмайды деген.

Қайырымды қала туралы ілімде, азаматтық қоғамның мұраты көрініс тапқан десе болады. Өзінің «қайырымды» және «қайырымсыз» қалалардың әр түрлі мінездемелерімен классификацияларында Фараби қоғамның жетілдірілген әлеуметтік құрылымын қайта жасады. Ол қала – мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін береді. Фараби «адамның жануарлар әлемімен бөлініп тұратыны ақыл ойы және тәнінің жетілдірілгендігімен, бірақта адам одан әрі жетіле түсу үшін ол тіл және әр түрлі өнерге зәру» – деді [19, 134 б.]. Әл-Фараби бойынша, қайырымды қаланың бөліктері «өзара махаббатпен біріккен, байланысты; олар әділдікпен нығайып және сақталады». Қайырымды қала тұрғындарын нығайтатын келесі бір қасиет, ол әділдік, оны Әл-Фараби ең алдымен, «осы қала тұрғындары ие болатын, ортақ ізгіліктерді бөлістіру, ал кейін олардың арасында бөлістірілгенді сақтау» деп сипаттайды. Философ ондай ізгіліктер қатарына амандық, байлық, құрмет, бедел және «басқа ізгіліктерді» жатқызады. Жоғарыда аталғандардың бәрі әл-Фарабидің қайырымды қаласы мінсіз қала болып, азаматтық қоғамның негізгі қасиеттерін және құндылықтарын бейнелейді.

«Қайырымсыз қала» болса «қайырымдыға» қарама-қарсы, «ол қаланың тұрғындары ешқашан бақыт дегенді білмеген, оған жету олардың ойына да кірмеген». Әл-Фараби қайырымсыз қалалардың келесідей түрлерін атап көрсеткен: қажеттілік қаласы, айырбас қаласы, опасыз және бақытсыз қала, билікті сүйетін қала, адамгершіліксіз қала, өзгермелі қала. Барлық қайырымсыз қалаларды біріктіретін және оны қайырымды қаладан ажырататын кемшілік ол бақыт мәнін түсінбеуі және қайырымсыз қала тұрғындары

және оның билеушілерінің оған жетуге тырыспауы [20, 187 б.]. «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Әл-Фараби басқаруды қайырымды және қайырымсыз деп екіге бөлді. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Әл-Фараби, «адамдар шынайы бақытқа тек қайырымды қалада ғана қолы жетеді» деп тұжырымдай келіп, Қайырымды қаланың келбетін аша түсу мақсатында адамдар қоғамдастығы шоғырланған қалаларды классификациялап бөледі. Қайырымды қалада алдарына іс-әрекеттің өзара жәрдем көрсете білу мақсатын қойған қоғамдастығы бар қала халқы ғана бақытқа жете алады. Әл-Фараби шынайы бақыт жолында ынтымақтастық жолы ерекше дейді [20, 187 б.]. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті уағыздайды. Еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің

қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Қаладағы өлшеушілер дегеніміз – есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және басқа сондайлар. Жауынгерлер дегеніміз – жасақшылар, сақшылар және соларға ұқсастар солардың тобына жатады. Байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар: егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлерді атайды [22, 177 б.].

Ирандық зерттеуші Мехди Санаи «иран ғылыми-мәдени аймағында исламның таралуынан саяси көзқарастың үш бағыты басым болды» деп айтқан. Олар:

1. Әл-Фарабидің философиясы
2. Низам-ул-Мүлік концепциясы.
3. Фазоллах бен Розбехан Ходжа концепциясы.

Әл-Фарабидің көзқарасы аталған екі ілімнен ерекшелейтін негізгісі «Әл-Фараби қайырымды қаласында зорлық-зомбылықты әділ қолдануды мойындамайды, керісінше ол ондай әдістерді қолдану қайырымсыз қалаға ғана тән дейді». Мехди Санаи анықтағандай, әл-Фарабидің қайырымды қаласын орындалмайтын арман деп санасақ, онда оны утопиялық ілім ретінде сипаттау қажет. Алайда, оның іліміндегі утопиялық және белгілі болмыстардың арақатынасын ажырату қажет. Мінсіз қалаларды (мемлекеттерді) философтар ғана емес, сонымен қатар әр түрлі кезеңдердің ақындары, жазушылары сипаттаған. Әр түрлі халықтардың шығармашылығында мінсіз қоғамның көріністері сан алуан. Утопия қоғамдық қарым-қатынастардың арманы ретінде, рухани өмірде жалпылама бөлікті білдіреді. Ол барлық діни сенімдердің құрамына, этикалық және құқықтық теориялар, тәрбиелеу жүйесіне кіреді, – бір сөзбен айтқанда адам өмірінің бейнесін беретін кез келген білім және

шығармашылық. Жерде жаннатты армандамаған ешбір кезенді, ешбір халық, тіпті адамды елестету қиын. Бірақ утопияның рухани өмірде пайда болуы кездейсоқ жағдай деуге болмайды, оның пайда болуы қоғамдық-тарихи себептермен негізделеді [23, 26 б.]. Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы адамзаттың саяси ойларының дамуына үлкен әсерін тигізді. Әл-Фараби

саясат пен мораль мәселесіне ерекше назар аударып, «Қайырымды қаланың» «Бірінші Тұлғасына» көптеген әлеуметтік-саяси, этикалық талаптар қойғандығын түсінеміз. Ойды тұжырымдай келе, қазіргі саяси ғылымдарды жаңа идеялармен толықтыруда екінші ұстаз еңбектерін кең дәрежеде пайдалана аламыз және оның орны ерекше [24, 62 б.].

Әдебиеттер

1. Хайруллаев М.М. Аль Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент, 1975. – С. 152.
2. Бурабаев М.С. Об отношении к предшествующей философии в учении Аль-Фараби (предисловие к книге «Аль-Фараби. Историко-философские трактаты»). – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 8.
3. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы, 2004.
4. Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби: научное издание / Бурабаев М.С. Кенесарин А.М., Курманғалиева Г.К. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 224 с.
5. Раза Давари. Аль-Фараби – философ-культуровед. – Тегеран, 1998. – С. 65.
6. Аль-Фараби. Социально-эстетические трактаты. – Алма-Ата, 1973. С. 125.
7. Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1972. – С. 305.
8. Ali Bulach, Islam dushundzhesinde din-felsefevahij-akyililishkisi. – Jeniakademijajaynlary. – Stambul, 2006.
9. Касымжанов А.Х. Абу Наср Аль Фараби. – М., 1982. – С. 146
10. Аль-Фараби. Социально-эстетические трактаты. – Алма-Ата, 1973. – С. 221.
11. Алтаев Ж. Әмбебап әл-Фараби // Ақиқат. – 1994. – №12. – 74-78 бб.
12. Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, 1970. – С. 305.
13. Степанянц М.Т. Восточная философия. – М., 1997.
14. Mehmet Bajrakdar, Isljam felsefesinegirish. – Ankara: Turkie. – S. 174, 233.
15. Аль-Фараби. Социально-эстетические трактаты. – Алма-Ата, 1973. – С. 134.
16. Сейсенбаев Р. Абу Насыр Аль-Фараби // Международный клуб Абая. – Жидебай, 2014. – С. 184-185.
17. Хайрулаев М. Мирозрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент, 1967. – С. 38.
18. Сайед Мохаммад Хатами. Традиция и мысль во власти авторитаризма. – М., 2001. – С. 134.
19. Ханифи Өзжан. Фараби дүниетанымындағы бақыт мәселесі // Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура». – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2001. – С. 223-225.
20. Мекежанов Б.У. Әл-Фарабидің адамдар қоғамдастығы жайындағы классификациясы // «Әл-Фарабидің шығыс халықтарының мәдениеті мен ғылыми тарихындағы орны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1994.
21. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн-Сина философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 177 б.
22. Насимов М.Ө. Әл-Фараби және саясат ғылымы. – Алматы, 2011. – 62 б.
23. Мехди Санай. Идея города праведных аль-Фараби // аль-Фараби и мировая культура. – Алматы, 2001. – С. 262.

Автор туралы: ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

About the author: Corresponding Member of NAS RK, Doctor of Philology Sciences, Professor.

Об авторе: член-корреспондент НАН РК, доктор филологических наук, профессор.



Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ЗАР ЗАМАН ӨЛЕҢДЕРІ: ЕЛ МЕН ЖЕР

(Отаршылдық дәуір поэзиясындағы «Еділді алды, елді алды» тіркесінің мән-мағынасы хақында)

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясында көркем бейнеленетін «туған жер» концептісінің бір көрінісі арқау болған. Ел мен жердің қайғысын жырлаған ақын-жыраулардың шығармаларындағы «Еділді алу» ұғымы арқылы отаршылдық кезеңінің сипатын танытуға ден қойылған. Туған өлкеден ажырау ұғымын білдіретін осынау тіркестің әр дәуірде қай тұрғыдан көрініс тапқаны жөнінде ой қорытылады.

Baurzhan OMARULY

ZAR ZAMAN POEMS: NATION AND MOTHERLAND

(About the essence of the phrase of the colonial epoch poetry «Yedildi aldy, yeldi aldy (Conquered Yedil, Conquered State)»)

Abstract. The current paper considers the manifestation of the concept of «motherland», which is amazingly illustrated in the Kazakh zar zaman poetry. The grief of the nation and state in the poems of that period was characterized by the notion «Yedildi alu (Conquer Yedil)». The issue of various aspects of understanding the phrase that describes the loss of motherland in the context of different epochs is considered

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ПОЭЗИЯ ЗАР ЗАМАН: НАРОД И ЗЕМЛЯ

(О значении понятия «Еділді алды, елді алды» в поэзии колониального периода)

Аннотация. В данной статье рассматривается концепт «родная земля», который представлен в казахской литературе в поэтических произведениях литературного течения зар заман. Понятие «Еділді алу» в произведениях ақынов, посвятивших свое творчество описанию страданий родной земли, прослеживается в их произведениях как описание колониального периода в жизни казахского народа. Автор делает вывод о том, что данное понятие, нашедшее свое отражение в разные исторические периоды в творчестве казахских поэтов, дает осознание утери родной земли.

«Туған жер» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі және оның қазақ әдебиетінде көркем бейнеленуі» атты ғылыми жоба бойынша жүргізген зерттеуімізде зар заман дәуіріндегі ақындар шығармашылығында жиі ұшырасатын «Еділді алды, елді алды» тіркесіне тоқталып, оның қандай ыңғайда қолданылғанына, түрлі уақыт бедерінде бұл ұғымның қандай сипат алғанына назар аудардық. Арғы ғасырлардан тамыр тартатын «Еділді алу» түсінігі туған өлкенің жат қолына көшуіне айқын қарсылықты аңғартады, ұлтарактай жерге дейін қорғауға үндейтін ұлттық ұстанымға табан тірейді.

Зар заман құбылысының айқын байқалған кезеңі жөнінде М. Әуезов былай дейді: «XIX ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылады... Сол қазалы күй осы заманның қайғышыл ақындарын туғызып, зар заманшыл уайымшылдардың санын көбейтті. Бұған қарағанда зар заман ақынының қалың шоғыры өткен ғасырдың орта кезінде шықты деу керек» [1, 195]. Отарлаушылардың қазақ жеріне жорығы елдің тұрмыс-тіршілігіне өзгеріс енгізді, еркіндікке үйренген жұрт бодандықтың қыспағында тұншықты. Халық бағдарсыздықты, рухани дағдарысты бастан кешті. Зар заман поэзиясының тұлғалы өкілі Дулат Бабатайұлы [2] дәл осы кезеңнің көңіл-күйін былайша бейнеледі:

Балаусалы, балғынды
Баяғыдай салаң жоқ.
Кен қоныс, еркін өрісті,
Баяғыдай далаң жоқ.

Кейін осы үлгі қоғамдағы құбылыстың терең қатпарларына үңілген Абай өлеңдерінде де пайдаланылды: «Туғызған ата-ана жоқ, Туғызарлық бала жоқ», «Жат қораны күзеткен, Қартаң шалда сана жоқ». Зар заман жырларындағы асылдан айыры-

лу, жақсыны жоғалту мотиві Дулат шығармаларында астарлы ой, айшықты тіл арқылы көрініс тапты.

Елдің трагедиясын («Қара бұлттай қабындап, Халықты басты қайғышер»), жердің қайғысын («Өлексесін құшақтап, Қала берді туған жер») жырлаған Дулаттың бар мұңы «жау алды» ұғымының төңірегінен туындайды. «Ата қоныс Арқадан» деген өлеңінде ілгерідегі шапқыншылық туралы:

Қалмақ тартып барды алды,
Ұйқысы түссіз қанбаған,
Ел қалап, ер таңдаған,
Берген серттен таңбаған,
Аққұба ару жарды алды, –

десе, Шортанбай Қанайұлы [3] ресейлік отарлаушылардың билеп-төстеуін «Еділді алды, елді алды, Енді алмаған нең қалды?», – деп күйінішпен баян етеді. Еділ – ежелден қазақ жырында атамекеннің тұтас ұғымы ретінде қалыптасып кеткен атау. Осыған орай Р. Сыздықова: «Қазтуған «кір жуып, кіндік кескен туған жер, отан, халқының тұрақты мекені» деген идеяны білдіру үшін Еділ өзенін символ етіп жырлайды... Туған жердің, ел отанының символы ретінде Еділ, Жайық деген заттық нышандарды алу күні кешегі Махамбеттерге дейін келді» [4, 90], – дейді. Зар заман поэзиясында да «Еділді алу» – ел мен жерден айырылу ұғымын танытады. Мұрат Мөңкеұлының толғауларында [5] «Еділді алу» – қазақ жерінің қақпасына кіру, отарлау жорығының басталуы дегенді білдіреді:

Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, камыс талын да алды.

Елдіктің символы – Еділдің басқаның қолына көшуі – халықтың басты қасіреті, трагедиялық ахуалдың



Дулат Бабатайұлы

түйінді тұсы. Мұраттың ұғымына салсақ, Еділ – ел, Жайық – жан, Ойыл – ой түсініктеріне орайлас қасиетті нышандар. Осы үшеуі тұтастық құрап, бір-бірін толықтырып тұрады. Ақын «Қазтуған» атты жырында сол қастерлі үштіктен біртіндеп айырылудың қайғысын баян етті.

Еділді алса – елді алар
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса – жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса – ойды алар
Ойлашы, сонда не қалар?

Мұраттың әйгілі «Үш қиян» толғауында да туған жер ұғымы ұштағандық тұтастық («Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян») арқылы аңғартылады. Жалпы, Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығында «үш» санымен өрнектелген тіркестер жеткілікті. Ақын айтар ойын үштіктің

бірлігіне орайластыруға бейім тұрады. Мәселен, «Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер», «Маңғыстаудың үш түбек, Оны-дағы алғаны», «Мақтанса, үш алшынның салмағындай», «Балуан, байлық, батырлық, Үшеуі қолдан келмей жүр», «Басында әулиенің үш күн түнеп», «Қаңтардың үш ай тоқсан қысымындай», «Ақылмен үш ананың басын қостың», «Қу төңкерсе, аспаннан, Үш түлеген баппенен», «Үш бұлдыр тау, маң дала», «Үш қошқардың баласы»... Тіпті Махамбет жырларында кездесетін «Еңселігі екі елі, Егіз қоян шекелі», – деген жолдарға Мұрат «Шекелігі үш елі» деп қосады. Әбубәкір Кердерінің «жеті» санын көбірек тілге тиек ететіні секілді («Топ көрсем жеті мүшем құрыстаған», «Жеті мүше әскер – дүр», «Жеткен соң жеті жасқа хайла білдім») Мұрат өлеңдеріндегі «үш» санымен байланыстырылған тіркестер кездейсоқтықтан түзілген болмаса керек. «Үштік бірлікке негізделген қазақ қауымының құрылым жүйесі өз-өзінен шыға салмаған. Бұл жүйе – халқымыздың жаңа мемлекеттік тірлік жасау жорлындағы саяси ізденістерінің нәтижесі» [6, 139], – деп Ә. Кекілбаев айтқандай, осы ұғымға ақын көбіне-көп елдік, халықтық тұрғыдан мән берген. Бұл үштіктің іргесі сөгілсе, елдің күйі қашқаны деп санайды:

Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.

«Үш қиянның» азалы түйін-тұжырымы – осы. Әбубәкір жырында бұл ахуал «Еділ-Жайық екі су, Ел қонарға тар болды», – деп бейнеленді. Сондай-ақ, Еділ мен Жайық атаулары ел мен жерден еріксіз жылжу оқиғасын баяндаған көрші халықтардың әдебиетінде де кездеседі. Мысалы, Л.С. Толстова



Шортанбай Қанайұлы

«Аралдың оңтүстік өңірінің тарихи аңыздары» атты еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «Жиделі Байсын жерінде 4 сан қарақалпақ пен 6 сан қазақ болыпты. Қарақалпақтардың бегі Орман би екен. Оның соңында жалғыз қызы ғана қалыпты. Әйелден би шықпайды дегенді ұстанған қазақтар өз арасынан би сайлайды. Сөйтіп, билікке ие болған қазақтар қарақалпақтардың Жайық деп аталатын жайлауын тартып алыпты» [7, 128]. Қарақалпақтар сонда былай деп жыр айтқан көрінеді:

Едилди алды – елді алды,
Жайықты алды – жайды алды,
Енни алмаған не қалды?

Ферғана қарақалпақтарының аузынан жазып алынған бұл ежелгі аңыз сонау Ноғайлы дәуірінен жеткен өлең тармақтарының әр халықтың поэзиясына кеңінен жайылып, әбден сіңісті болып кеткенін көрсетеді. Әрбір нұсқада шапқыншылар ғана

бөлек. Қазтуған еліне тізе батырған өз тұсындағы дұшпанға назаланады. Шортанбай мен Мұрат отарлаушылардан қауіптеніп, зар илейді. Ал қарақалпақтар көршісінен жәбір көргенін айтып шағынады. Сонда, бір сөзбен айтқанда, «Еділді алды, елді алды» – адам баласының өзі мекендеп отырған жерден ығысып, қоныстан айырылуының зары болып шығады.

Мұраттың «Үш қияны» да, «Сарыарқасы» да «құтсыз қонысты тастау» идеясына негізделген. Мұның мәнісін ақын ешкімге опа бермеген, бақ-берекеден айырылған жерде тұрақтамаған жөн деп ұғындырады. Көшпелі өмірдің бұлжымас қағидасына жүгінеді. «Өйткені «Құтылар қашқан – жаудан, көшкен – жұттан» дегендей-ақ, Мұраттың ұлы сарыны – құтсыз қонысты тастау керек, кету керек. Асан Қайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс, Шора, Едіге пәледен қашып құтылған, осылардың жолы Мұратқа сүйкімді» [8, 104].

Ал ұлы Абай бейнелеген отаршылдық дәуірдегі қазақ атқамінерлерінің сипаты тек Дулат шығармаларынан үндестік тауып қана қоймайды, оның өлендері «Жаңа низамның» ел ішіне әкелген зауалын айтып, зар илеген ақындардың қай-қайсысының да жырларымен мазмұндық жағынан сабақтасады. «Орыс сияз қылдырса, Болыс елін қармайды. Қу старшын, аш билер Аш жүрегін жалғайды», – деп абайлық шеберлікпен өрілген өмір шындығы бодандық бұғауындағы қазақ қоғамының қыр-сырын ашқан Шортанбай, Мұрат, Әбубәкірлердің ел билеудің жаңа жүйесі туралы көзқарастарын еске салады.

Сонау Ноғайлы дәуірінен бергі жырларға желі болып тартылып келе жатқан «Еділді алды, елді алды» тіркесі арқылы зар заман ақындарының шығармаларында Ресей отаршылдығының іс-әрекеті көрсетіледі. Мәселен, Мұраттың «Сарыарқа» тол-

ғауында да («Еділді тартып алғаны, Етекке қолды салғаны»), Қазтуғанның атынан баяндалатын жырында да («Еділді алса – елді алар, Енді алмаған не қалар?») жерді жаулаған жасауылдардың озбырлығы осылай бейнеленеді. «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған» бір өзен атауының ауқымынан асып, атамекен, атажұрт ұғымына теңескен Еділ зар заманның басқа да ақындарының өлең-жырларына өзек болды. Еділге ентелеп, Жайыққа жармасқан жат пиғылды әріден таныған Шортанбай да («Еділді алды, елді алды, Енді алмаған не қалды»), Әбубәкір де («Еділ, Жайық – екі су, Ел қонарға тар болды») өз сөзін айтты. Зар заман жырларындағы рух шақырып, ыза-кекті оятатын осы бір тектес Абай поэзиясында [9] өзгеше көңіл-күйді бейнелеп, ерекше образ жасау үшін қолданылады:

Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Еділді алып, елді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.

Абайдың көзіне түсіп отырған есірік – жерінді жаулап, малынды даулаған жасауыл емес, өз арамыздан шығып, өзімізге тақым батырған ел пысығы. «Еділді алып, елді алғандардың» етегінен ұстап, солардың кейпіне енген адам. Халқына қайыры жоқ безбүйректі Абай «Еділді алып, елді алып есіргендердің» қатарына қосады. Қайғы жұтқан қазаққа қарашекпеннің жазасынан гөрі, қандасының назасы ауырырақ. Жат пиғылды жау «Еділді алып, елді алып қана қойған жоқ, санаңды да билеп алды» дегенді аңғартады Абай. Сөйтіп, сөз зергері дәстүрлі жырлардағы белгілі тіркесті келімсектерді көрсету үшін емес, отаршылдардың сойылын соққан қараңғылық пен надандықты кейіптеу үшін қолданды.



Мұрат Мөңкеұлы

Зар заман жырларында отаршылдықтың озбырлығы, зардап-залалы, кесел-кесапаты жан жақты айтылды. Дулат қазақтың басындағы трагедиялық хал-ахуалдың түп төркінін былайша бағамдайды: «Күнбатысқа көз салмай, Күншығысты еске алмай, Бізді алатын жау жоқ деп, Бізден мықты дәу жоқ деп, Алды-артыңды байқамай, Маған не бар дескенсің!». Кеудесіне қайғы толған Дулаттың мұң-зарын көңілі қапалы Шортанбай: «Оңалар заман дер едім, Жауға алдырдың әуел бас», – деп жалғайды. Дулат пен Шортанбай сияқты Мұрат та жердің өзгенің иелігіне өтуінің себебін ел ішіндегі қамсыздықтан, алауыздықтан іздейді:

Қоныстың бәрін жоғалтқан
Ноғайлы, қазақ надан жұрт
Бірлігіңнің де кемісі.


Сонымен, арғы ғасырлардан жетіп, зар заман поэзиясында ел мен жердің

қайғысын жырлаудың басты белгісіне айналған «Еділді алды, елді алды» тіркесі атажұртты аңсаудың, қонысты қимаудың, атамекенді аялаудың көрінісі ретінде санамызға орнықты. Осы ұғымдардың бәрінің басын қосатын

«туған жер» идеясы отаршылдық кезеңнің зобалаңына қарсы тұруға үндейтін қастерлі түсінікке айналды. Тұтас бір дәуірдің поэзиясындағы бұл құбылыс бүгінгі ұрпақты да атамекеннің қастерлі құндылықтарын қадірлеуге міндеттейді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Бабатайұлы Д. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
3. Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. – Алматы: Айқап, 1993. – 80 б.
4. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
5. Мөңкеұлы М. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 288 б.
6. Кекілбай Ә. Әйтеке. Үш пайғамбар. – Алматы: Дәуір, 1992. – 184 б.
7. Толстова Л. С. Исторические предания южного Приаралья. – М.: Наука, 1984. – 248 с.
8. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
9. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.





Zhanija ABDIMAN

About the author: PhD candidate, Faculty of Philology and World Languages, Department of Foreign Philology and World Languages, Al-Farabi Kazakh National University.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және әлем тілдері факультеті, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының 3-курс PhD докторанты

Об авторе: PhD докторант 3 курса кафедры иностранной филологии и переводческого дела факультета филологии и мировых языков Казахского национального университета имени аль-Фараби.

INAUGURAL DISCOURSE: REPRESENTATION OF THE CONCEPTS OF POWER AND PEOPLE

Abstract. This paper presents an investigation of the concepts of «power» and «people» in the Inaugural Addresses of the Presidents of the United States of America and the Republic of Kazakhstan. In the frames of this investigation scholar have analyzed the last Inaugural Address of Nursultan Nazarbayev and the first Inaugural Address of Donald Trump. The concepts of «power» and «people» in the political discourse are common, even required. They, in fact, occupy a prominent place in the inaugural discourse as central notions representing the both participants of political communication.

Жания АБДИМАН

ҰЛЫҚТАУ ДИСКУРСІ: БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті мен Америка Құрама Штаттарының Президенті ұлықтау сөзіндегі «билік» және «халық» ұғымдарының ұсынылуына талдау жасалады. Зерттеу негізіне Нұрсұлтан Назарбаевтың соңғы ұлықтау сөзі мен Дональд Трамптың алғашқы ұлықтау сөзін алады. «Билік» және «халық» ұғымдары саяси дискурстың міндетті ұғымдары болып табылады. Олар іс жүзінде саяси қарым-қатынастың негізгі қатысушыларын айқындайтын орталық тұжырымдар ретінде ұлықтау сөзінде маңызды орын алады.

Жания АБДИМАН

ИНАУГУРАЦИОННЫЙ ДИСКУРС: РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КОНЦЕПТОВ ВЛАСТЬ И НАРОД

Аннотация. В статье представлен анализ репрезентации понятий «власть» и «народ» в инаугурационных выступлениях президентов Соединенных Штатов Америки и Республики Казахстан. Объект внимания автора – последнее инаугурационное обращение Нурсултана Назарбаева и первое инаугурационное обращение Дональда Трампа. По мнению автора, понятия «власть» и «народ» являются обязательными в политическом дискурсе, занимают видное место в инаугурационной речи в качестве центральных понятий, представляющих главных участников политического общения.

Inauguration is significant festive day, that marks the beginning of a new term of presidential administration. It is always related to changes in political and social life of the country. We can assume that this rite of passage derives from the inaugural ceremonies of dignitaries in ancient Rome or the crowning of monarch.

Nowadays, in different cultures during the ceremony of inauguration (*inauguro* from Latin «consecration») Presidents deliver an Inaugural Address, which, in fact, can be assumed as the commencement of the presidency. This allows us to consider this speech as not only a political event, but as a political action [1, 5].

While noting the importance of Inaugural Address Russian linguist Y. Sheigal emphasizes that it plays a significant role in the genre structure of political discourse. It is uniquely marked by a single addressee, rigidly tied to a specific political event, fixed in a temporal and spatial plan [2].

According to Campbell K.K. and Jamieson K.H. the speech that is represented during the inauguration is an important part of a solemn ceremony. They also claim that inaugural addresses are a sub-species of epideictic rhetoric [3, 34].

In addition, they claim that inaugural addresses fit the genre of epideictic rhetoric because they are «delivered on ceremonial occasions, link past and future in present contemplation, affirm or praise the shared principles that will guide the incoming administration, ask the audience to «gaze upon» traditional values, employ elegant, literary language, and rely on «heightening the effect» by amplification and reaffirmation of what is already known and believed» [3, 30].

In American culture the tradition of delivering an Inaugural Address has a history of more than 200 years, it was delivered by 45 American presidents, so it is already possible to discuss certain genre peculiarities. In Kazakhstan, this ceremony took place only 5 times since 1991, thus we are now witnessing the formation of the

Kazakhstani inaugural genre and its traditions in the national political discourse.

This article presents a comparative analysis of the last Inaugural Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev and the first Inaugural Address of the President of the United States of America Donald Trump to describe the main concepts of political discourse as *power* and *people*.

Since President N. Nazarbayev delivers his speech in Kazakh and Russian, and the present paper is fulfilled in English, the extracts from his Inaugural Address were translated into English by the author of this article due to the non-availability of the translations of these speeches into English.

First, let us consider the representation of the concept of *power* in the Inaugural Addresses of the both Presidents. According to T. van Dijk social or institutional *power* is «a social relation between groups or institutions, involving the control by a (more) powerful group or institution (and its members) of the actions and the minds of (the members) a less powerful group». [4, 10]

President Trump, uses the word *power* 4 times, and he uses it to highlight the «transfer of power» from the government to the *people*. Whereas, in the Inaugural Address of Nursultan Nazarbayev the term *power* was not used at all.

The core of the Inaugural Address is the Presidential oath as it represents the the performative character of the inaugural discourse. It can be referred to as thesis of the speech, as it indicates everything that is the president mentions in his Inaugural Address. That is why some scholars even claim that the Inaugural Address is an extension of the presidential oath [2].

The President of the Republic of Kazakhstan swears the oath in Kazakh and Russian, but in this article, we will be considering the Russian version only:

Торжественно клянусь верно служить народу Казахстана, строго сле-

довать Конституции и законам Республики Казахстан, гарантировать права и свободы граждан, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности Президента Республики Казахстан, *(Solemnly swear to faithfully serve the people of Kazakhstan, strictly follow the Constitution and laws of the Republic of Kazakhstan, guarantee the rights and freedoms of citizens, conscientiously fulfill the high duties assigned to me as the President of the Republic of Kazakhstan)*

The oath of the President of Kazakhstan consists of 28 words, for the first time pronounced in 1991 by the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev. In the following inauguration ceremonies, the oath stayed unchanged.

The oath of the President of the United States of America is as follows:

I do solemnly swear that I will faithfully execute the Office of President of the United States, and will to the best of my ability, preserve, protect and defend the Constitution of the United States,

consists of 35 words, for the first time pronounced in 1789 by the President of the United States of America George Washington and since it was pronounced 72 times (by all ex-presidents and acting head of state) [5]. In its more than 200-year history it was pronounced by different presidents, acquiring additional symbolic and sacred meaning.

Both Presidents mention the oath in the main part of their inaugural addresses and once again confirm its importance as an act of empowering the President and as a covenant between *people* and the Leader.

President of the Republic of Kazakhstan:

«Только что согласно Конституции страны я дал присягу моему народу!» *(Just now according to the Constitution of the country I have sworn to my people)*

and the President of the USA:

«The oath of office I take today is an oath of allegiance to all Americans».

Donald Trump in his inaugural address sets the notion of *power* opposite the *people*, claiming that *power* should belong to *people*.

«Because today, we are not merely transferring *power* from one administration to another or from one party to another, but we are transferring *power* from Washington, D.C., and giving it back to you, the *people*».

Moreover, he states that the politicians (representatives of *power*) succeeded and thrived, their inaction and nonfeasance made *people* suffer, experience unemployment and poverty.

«For too long, a small group in our nation's capital has reaped the rewards of government while the *people* have borne the cost. Washington flourished, but the *people* did not share in its wealth. Politicians prospered, but the jobs left and the factories closed.»

Архивы Герцена и Огарева, как и их издания, находятся в том числе и за рубежом. Они досконально не изучены. Это же относится и к фактам пребывания Уалиханова в Петербурге. Надо тщательнейшим образом исследовать архивы различных ведомств (российских, зарубежных) и частных лиц, с которыми мог иметь отношение наш великий соотечественник.

Версия о Париже ждет новых исследователей. Жизнь гения тем и интересна, что в ней, как правило, не хватает всех выясненных страниц. Сомнения надо развеивать, а потому точку ставить преждевременно.



*Рисунок Шокана
Уалиханова.
Сырымбет. 1853 г.*



Алғашқы «Айқаптың» авторы



Кемеңгероб Қосımұхамбет (Қосıке)
Дүйсенбайұлы
(1894-1942)

Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Қазак қраматургі, әдебиет зерттеуші. «Айқап» журналында жарияланған өлеңдері: «Бақ іздеген», «Жазғытұры», «Солғын гүл», «Пайғамбар» – Пушкиннен аударма; «Сәскелік көлдің жағасында» – Никитиннен аударма.



Автор туралы: жазушы, филология ғылымының докторы, алаштанушы.

About the author: writer, doctor of philological sciences.

Об авторе: писатель, доктор филологических наук, алашовец.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

АБАЙ ЖӘНЕ ДІНСІЗДЕНДІРУ САЯСАТЫ

Аңдатпа. Автор бұл зерттеу мақаласында тарихи құжаттарға сүйене отырып, қазақ даласында миссионерлердің жоспарлы түрде жүргізген шоқындыру саясатын әшкерелейді. Ол бұл саясатқа ұлы Абайдың азаматтық һәм ақындық көзқарасын нақты дәйектермен айқындайды.

Автор мақаласында Абайдың имандылық туралы философиялық-психологиялық танымына барлау жасай отырып, ұлт мінезі мен наным-сеніміндегі ерекшеліктерді қалай бағалайтынына бүгінгі көзқарас тұрғысынан баға береді. Тың ойларын нақты мысалдармен, Абай түсінігімен сабақтастырады. Діни ұғымдар мен пайымдарға данышпан ақынның көзімен қарауға ұмтылады.

Tursyn ZHYRTBAYEV
ABAY AND POLITICAL ANTISLAMISM

Abstract. The author in this article clearly refuted the colonial policy of missionaries in the Kazakh steppes on the basis of historical documents. He clearly defines the political aspect of Abai's great poetry towards this policy.

In this article, the author explores the philosophical and psychological knowledge of Abai in the field of morality. He evaluate how the nature and beliefs of the nation assess certain points of view from today's point of view. He shares his thoughts with specific examples of the concept of Abai. He seeks to look at religious concepts and considerations through the views of wise poet.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
АБАЙ И ПОЛИТИКА АНТИИСЛАМИЗМА

Аннотация. Автор статьи делает анализ философских и психологических оснований гуманизма Абая и с позиций современных взглядов дает оценку особенностям толкования Абаям понятий национального характера, веры и национального сознания. Основное внимание уделено размышлениям Абая о религии и вере, при этом в качестве аргументов использованы тексты абаевских произведений.

Мәдениетке тарту деген сылтаумен қыздар мектебін ашты. Ондағы ойы:

«Қыздар мектебін ашу керек және қазақ қыздарын орыс оқуына оқытудың мақсаты мынау: ол ертең қазаққа тұрмысқа шығып, ана болған соң өзінің күйеуі мен баласын орыстарға бейімдейді. Олай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз және орыс оқуын ғана оқытамыз. Содан кейін арнайы (ең шешуші) Заң шығарылуы тиіс, сол заң арқылы қазақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап, оларды крестьянға айналдырамыз» [3], – деген пиғыл еді.

Осы екі мақсатқа да миссионерлер ХІХ ғасырдың аяғында, ХХ ғасырдың басында ішінара қол жеткізді. Адвокат Плеваконың шешесі – Алма, генерал Корниловтың шешесі – Рахия, Жүсіпбек Аймауытовтың әйелі – Евгения, сол қыздар мектебінің жемісі еді.

Онда қазақ даласына орыс оқуы дендеп кірген соң:

«... Қазақтардың өз атынан бізге шоқындырушы уағызшы керек деген арыз ұйымдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам (уағызшы) қазақтардың барлық талаптарын орындауға, көмектесуге міндетті, оларды өзімен бірге ертіп жүріп бойын үйретсін, өзімен қол беріп амандасқан қазақтардың өкіліне сый-сияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: «Қазақтардың дініне ешкім де қысым көрсетпейді» – деп пікір тарата берсін, ал олардың уағызға келуі және тыңдауы өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауға, шындықпен өмір сүруге көмектеседі деп сендірсін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынадай ұсыныс жасау керек: «Мұның барлығын қазақтардың өзі сұрап жасаттырып еді, ол үшін миллиондаған сом ақша кетті, қазақтардың өзі уағызшы сұрап

еді, ол да қанағаттандырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті алдады, сол үшін жазаға тартылуы керек» – деп жарлық жасау керек».

Жаһилдік отарлау рухы өмір сүріп тұрғанда Рухани бостандықтың рухы да өлмек емес. Шымырқанған наразылық қазақ даласын шамырқана шарпыды.

М. Тынышбаев (жалғасы): «1904 жылғы 12 желтоқсандағы жарлықпен ішкі істер министрінің 19 ақпандағы рестскриптімен және 17-көкектегі жарлықпен ата-баба дініне қайта оралу еркіндігін беруге, Сібірге дін мәселелері үшін айдалғандарды қайтаруға, жабылған мешіттер мен медреселерді және т.б. ашуға уәде берілді, бірақ айдаудағы молдалар қайтқан жоқ, мешіттер мен медреселер әлі де жабық, діни кітаптар тартып алынған күйі қалып отыр. Сонымен бірге өз патшаларының түрлі жарлықтары мен рестскриптеріне ешқандай мән бермейтінін көрсеткісі келгендей, қазақ балаларын ұстап алып, күшпен христиан деп жариялауда. Мен мұндай жағдайлардың басты кейіпкерлерін атайын – Орынбор губернаторы Барабаш, Торғайдағы – Ломачевский, соңғының кеңесшісі белгілі миссионер Г. Васильев және архиерей Левицкий. 18 ақпандағы рестскрипті бойынша, әркімге де өз қажеттіліктерін еркін айтып арыз жазуына құқық берілді: жергілікті әскерлер, қазақтарды қуып съездер өткізуге мүмкіндік бермеуге тырысады, ал Петерборда Булыгин сенімді адамдары арқылы халықтан куәлендірілген еркіндікті талап етіп, бар мүмкіндіктерін жұмсап, қазақтардың ұмтылыстары мен талаптілектеріне кедергі жасап келе жатқан губернаторлардан рұхсат күтті. Сол рестскрипте өкілеттік тағы да «лайықты және халық ризалығына бөленген» адамдардан құрылады делінген. Қазақтар өткеннің ащы

дәмін әбден татып болған. Булыгин барлық губернаторлардың мәлімдемесі арқылы өздерін дауыс беру құқынан айырғысы келген, қандай да болсын өкілеттілікке сене алар ма еді; кейіннен даладағы күшті толқулардың арқасында үкімет қазақтарды да қосуға мәжбүр болды, бірақ тағы да тек бір ерекше тәртіптер негізінде. Осында адамдар мен ұлттардың қандай да бір теңдігі бар ма?» [7, 26].

Абай оқыған хатта бұл туралы:

«Сол кезде қазақтар: «Бізді орыстар үнемі күзетіп отырар деймісің – деп православие дінін қабылдайды, іле-шала орыстарды алдап, кресті сандықтың түбіне тыға қойып, өзінің дінін ұстауды жалғастыра береді. Міне, осы кезде барып ауылға шіркеу мен мұнара салып, қолына күн сайын крест ұстатып отырғызып, уағыз тыңдату қажет. Сонда ғана татар мен сарттардың қазақтарға жасайтын ықпалынан құтыламыз» [3], – деп көрсетілген еді.

Өкінішке орай, осындай рух қарсылығына қарамастан ресейлік архирей басқармасы жаппай шоқындыру науқанына кірісу туралы жарлық берді. Шаймерден Қосшығұлов жіберген хаттағы Абай оқыған жарлықта:

«1902 жылы 61 пәрмен бойынша Ақмола мекемелерінде жарлыққа сәйкес қазақ молдалары дін ісінен шеттетілді. Егер молдалар пәрменді бұзса қатаң жауапқа тартылып, «Ереженің» 79 тармағы бойынша жазаланады. Крестьян басқармасының бастығы мұны қатаң бақылауға алып, мәлімет беріп отыруға тиіс. Осындай шаралар арқылы істі оңға қойып, жолға түсіріп алған соң миссионерлерді жіберу керек. Олар қазақтардың ұстанған дінінің дұрыс емес екендігін және Иса пайғамбардың жіберуімен келгендігін, сонымен қатар Заң бойынша патша ағзам қандай дінді ұстанса, оның

құзырындағылар да сол дінге кіру керек екендігін, ал қазақтардың дінінің бұл дінге... жат екенін дәлелдеуі тиіс. Содан кейін император ағзам бүкіл консульдықтарға: «Менің құзырымдағы қазақтарым ислам дініндегі мүфтиге бағынатын, бірақ та ислам шариғатына қазақтардың бағынғысы келмейді. 68 жылғы Ереженің 97 және 98-тармақтарына сәйкес олар мүфтилік бағынудан алынып, әр болыста діни рәсімді өтеу үшін жеке-жеке молда сайланған болатын. Сонымен бірге молдалардың міндеті – туған балаларды тіркеп, оларға аты қою болатын. Қысқасын айтқанда, шариғаттың барлық заңын орындауға тиіс еді. Алайда қазақтар өзінің молдаларының талаптарын орындамады, оларды көзге ілмеді, өзінің рухани дәстүрін ұстанды, балаларына – Қойлыбай, Жылқыбай, Итаяқ деп аты қойды, кейін өздеріне арнап орыс мектебін ашуды талап етіп, өтініш білдірді. Мектеп ашылды. Енді қазақтар өзінің дінін өзгерткісі келетіні туралы өтініш жасап отыр – деп хабарлау керек» [3] – деп қадағалап тапсырма берілді.

«Осы үндеуге байланысты қазақтың белгілі адамдарының, молдалар мен мұғалімдерінің үйлерінде тұңғыш рет саяси тінтулер жүргізілді, кітапханалары алынып, олар екі-үш жылдан кейін, бостандық күндері ғана қайтарылып берілді. Көкшетауда әкімшілік пәрмені бойынша күллі қазақ даласына әйгілі ғұлама – молда Наурызбай Таласов өз шәкірттерімен бірге жер аударылды. Оны халық «Науан хазірет» деп атайды, Көкшетау оязының кедей қазағының баласы болған ол, бір кездердегі Ломоносов сияқты Бұқараға жетіп, сол шаһарда 15 жыл оқып, жоғары діни мектепті бітірген. Ерекше алғырлығымен көзге түскен ол, сонда қалып ұстаз боп жүрген кезінде Көкшетау қазақтары ел атынан қалап, оны атамекеніне

қайта алдыртып алған болатын. Егер өкімет саналы түрде қазақ халқын орыс білімінен аулақтатып, оны ісләмшілдікке итермелегісі келсе, тура сол үшін Науан сияқты әйгілі адамдарды қудалаудан артық тәсілді ойлап табу қиын да шығар» [4], – деп жазды Ә. Бөкейханов.

Сәдуақас Ғылмани: «Наурызбай Таласұлы Енесей губерниясы, Қазақтың болысына жіберіледі. Шаймерден Қосшығұлов Кемерскінің (Кемерово – ред.) орталық түрмесінде жатып, қазан айында Якутияға жөнелтіледі. Онда Балтаба губерниясы мен Мәскеуден жер ауларылған 35 бунтовщикпен бірге ағаш арасында екі жарым жыл тұрады» [5].

Алайда мұндай жазалау шаралары қазақ ұлты өзінің қарсылық рухын толық тұншықтырмап еді. Дрэпер айтқан «әлеуметтік белсенділік» қозғалысы шымырлай жүріп жатқан. Исі ислам дүниесі мен түркі тектес ұлттарды басып-жаншып, басыбайлы етіп, тұқыртып тұншықтыруға тырысқан шіркеулік харам пиғыл мен жаһангерлік отарлау саясаты, өздері түркі жұртына бодан болған заманның кегін қайтарудан туған нәсілдік өшпенділік – исламият пен түркілік қозғалысты өмірге әкелді. М. Әуезов:

«Панисламизм көтерілісі Ресейде пантюркизм деген қозғалыстың тууына әсер етті. Халықты діні арқылы үгіттеді» [1], – деп жазды.

Бұл – ғазғауат та, түрікшіл ортақ майдан да емес, кәдімгі, рухани қарсылық болатын. Діні, тегі, тілі жат жұртқа жасаған шабуыл емес, керісінше, дінін, ата тегін, ана тілін сақтап қалуға ұмтылған рухани қозғалыс еді. Олардың да арасынан Шаһабуддин Маржани, Каюм Насири, Исмағұл Гаспаралы, Абай, Ата Түрік сияқты «ақылдың кені» шықты. Олар ұлттың санасын оятып, екі түрлі ұлы қауіптен: дінді уағыздай оты-

рып тілін ұмыттырған «арабияттың» (М. Әуезов) рухани жалауынан; дініне де, тегіне де, тіліне де, жеріне де өктемдік жасамақ болған ресейлік жаһангерліктен сақтап қалды.

Ол көзқарас жадидтік бағыттан бастау алып, 1902-1905 жылдары арасында барлық Түркістан жамиятына ортақ «Иттихат уә таракки» деп жалпылама ат саяси сақнаға шықты. Ол ұйым жекелеген түрік тектес ұлттардың өз ішінде: «Шакиртлик» (1901), «Иттифак» (1905), «Танчи» (1905), «Таракки» (1905), «Хуррият» (1905), «Идел-Урал» [2, 44-49], «Қоянды құзырхаты (1905), «Автономияшылар» одағы құрылды.

Біртұтас Алаш идеясы жолындағы өмірлік күрес бағдарламасын М. Тынышбаев өзінің «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты 1905 жылғы 19 қарашада автономиялардың I съезінде жасаған баяндамасында тұжырымдап алған болатын. Дума мүшесі ретінде ол қазақ жұртының саяси-әлеуметтік, рухани талабын империя депутаттарының алдына тұңғыш рет жастыққа тән өжеттікпен жеткізді.

М. Тынышбаев (жалғасы): «Жазда Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде үлкен жиын ұйымдастырылды: мұнда дала өлкесінде үлкен шу тудырған атақты петицияға 14,5 мың адам қол қойған. Әскери губернатор Романов пен әскери генерал-губернатордың іс басқарушысы Лосевскийдің даланы аралауы да қазақтарды тоқтата алмады. Күзде Семей губернаторы Галкин: өкімет бар күшін салып қазақтарды Омбыдағы жиынға жібермеуі керектігі – жөнінде бұйрық шығарды. Генерал Романов қазақ тәржімәшілерді босатып, орнына қазақтарды алу туралы бұйрық берді. Шаруа және уезд бастықтарына алдағы уақытта қазақтарға қатаң шаралар қолдану жөнінде және түрлі петицияларға қол қойған барлық қа-

зақтардың тізімін алу бұйырылды. Ерекше белсенділік көрсеткен Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский мырза бәрібір ойдағыдай нәтижеге жете алмады. Өйткені, қарқаралықтар қазақтардың ішіндегі ең әрекетшіл және саналылары еді: ол қалаға адамдарды жауап алу үшін, патшаға арналған петицияға қол қойған 42 адамды тауып алу үшін шақырды. Олардың барлығы да жауап беруден бас тартып қалаға келмеді.

11 қарашадағы «С.О»-да (газет – Т.Ж.) күш көрсетуге қарсылық пен үкіметтің уәделеріне сенімсіздік білдірген ашық протест түріндегі Семей және Павлодар уездеріндегі қазақ пен татар өкілеттілігінен жіберілген телеграмма (азамат Веттенің атына) басылған. Көптеген қорқытуларға қарамастан, Ақмола облысының қазақтары да біршама іс тындырды. Аталмыш, әсіресе, бюрократтық зорлық-зомбылық тым күшті жерлердегі, яғни, түрлі петицияларға 25 мыңға жуық адам қол қойған Дала өлкесіндегілер ерекше көзге түсті. Генерал Сухотинге барлық жиырма бес мың қазақты Сібірге айдап, айдалада өзі ғана патшалық құру қалды. Семей облысындағы қозғалыс Жетісуға дейін жетті. Мұнда Лепсі уезінің қазақтары үкіметтің шірік саясатына қарсы ашық протест білдірген және өз талаптарын қойған 1000 адамның қолы бар петиция жіберді. Қазақ өкілдерін кіргізу мәселесі барлық тұрғындарды толғандырғандықтан кепілдік берген делегациялар бірінен соң бірі келіп жатты. Олардың арасында Орал және Торғай облыстарының қазақтарын атап өтпеуге болмайды. Тұтастай айтқанда алғашқы кезеңдегі, яғни, 6 тамызға дейінгі қазақтардың талабы мынадай: толық өзін-өзі басқару, ерекше заңдар мен әкімшілік бұйрықтарының күшін тоқтату, генерал-губернаторлықты, шаруа басшылары мен урядниктерді жою, әскери

басқаруды азаматтықпен алмастыру, қазақтар жөніндегі заңдарды олардың өкілдерін қатыстыра отырып қайта қарау, сол мақсаттар үшін орыс сотын қайта құру және халық сотын саналы түрде юстиция министріне бағындыру, жеке басқа, тұрғын үйге, ар-ұятқа, сөзге (ауызша, жазбаша және тасқа басылған) тиіспеу, одақ және жиындарға қатысу негізіндегі азаматтық бостандық, газет, брошюра, кітап және т.б. болу үшін типография ашудың барлығына бірдей тәртібі, жалпыға бірдей, тең және құпия түрде, жынысына, ұлтына, діни сеніміне қатыссыз дауыс беруге негізделген сайлау өткізу және сайлау алдында үгіт жүргізуге рұқсат беру, қазақтарға тиісті жерлерді және солардың пайдалануындағы, қоғамдық меншігіндегі жерлерді мойындау» [7, 26-28].

Бұл – біртұтас алаш идеясы ұйытқан алғашқы ашытқы ой еді.

«Жан бостандығына» жету жолында түрлі амал іздеп, қилы-қилы тағдырды басынан кешіп, түрлі діни сенімдерді ұстанып, соны медеет тұтқан ұлттар мен ұлыстардың мүддесі рухани мойынсұнбауға алып келді.

Сәдуақас Ғылмани: «1905 жылы кешірімге ие болып, Көкшетауға келеді. Бірақ күн сайын оязға көрініп тұруға міндеттеледі. Бір күні Петербургтан Мұхамеджан Тынышбайұлы мен Сәдуақас Шипабекұлынан құпия хат алады. Онда: «Аман қайтқаныңды естіп қуандық. Осы күні бұдан бәйге алдың. Өз мерейің. Бәйгені бәрімізден бұрын алдың. Отағасы февральдағы уәдесін бұзатын түрі бар көрінеді. Тегі қатуланып қалды. Соған арнаған зор тойымыз бар. Қазақша қымбат формамен тойда болыңыз!», – деп жазады. Содан соң бір түнде қашып шығып, Қызылжар вокзалына келеді. Шапқыннан қайтқан жаралы солдаттарды таситын санитар поезына тап

болады. Жүріп бара жатқан поезға секіріп мінеді. Қысыла-қымтырыла Мәуліт қаласына жетіп, сонда түсіп қалады. Сол жерден билет алып, Петроградқа келеді. 1905 жылдың 10 желтоқсаны күні шақырған жолдастарын тауып алады. Келесі бір күні студенттер қолдарына қызыл жалау ұстап, демонстрацияға (ереуілге) шығады. Басында тымақ, үстінде жарғақ, нағыз қазақ формасындағы Шаймерденді араларына алып жүргізеді. Ұлықтар жоғарыдан көріп тұрады. Онысы: «Енді Сібірдің қазағы да риза емес екенін білсін, түңілсін», – дегенді білдіргені еді. Ереуілшілерді жан-жақтан 30 мың әскер пулеметпен қарсы алады. Ереуілшілер де аянып қалмайды. Көп адам өліп, қала қирайды. Ереуіл 17 желтоқсанда таратылады» [5].

Осындай, «орыстың өз ішінен шыққан бүліктердің» (ереуілдердің) нәтижесінде қазақ даласына жасалатын әскери жорықты сәл кейінге қалдырды.

Сәдуақас Ғылмани: «Заң шығару билігі мемлекеттік думаға беріледі. 1906 жылдың маусымына дейін мемлекеттік думаға депутат сайлауға жарлық шығады. 200 000 адамнан бір депутат сайлау құқы беріледі. Ақмола мен Семейдің миллионға жақын қазағынан екі депутат сайлауға түседі. Ақмола облысынан 100 уборщикке (жинаушыға) 10 мың сом беріп шарға түскен Торсан Тілемісұлы 30 шарға ие болады. Шаймерден 96 шармен екінші думаға депутат болады. Қазақтан барлығы жеті уәкіл. Айлықтары үш жүз сом» [5].

Ақыры үшеуі де Думаның депутаттығына сайланды.

Сәдуақас Ғылмани: «Содан соң Шаймерден Қосшығұлов: «Біздің қазақ қараңғы жатыр. Орыс газеттерін түсінбейді. Қазақта газет жоқ. Думадан пайда шығатын емес. Біздің қазаққа ортамыздан (айлығымыздан

ақша бөліп) қазақша газет шығаралық!», – деп ұсыныс қояды. Жолдастары көнбейді. Ақыры татарша «Ұлфат» газетін шығарушы қажы Ибрагимовпен бірлесіп, қазақша газет шығаруға келіседі. Жылдық бағасы – 2 сом. Аты – «Серке». Ондағы ойы: боранда ыққан қойды серке бастаса, боранға қарсы айдауға болады – дегенді білдіру еді» [5].

Мұнда дін, жер мәселесі ашық қойылады.

Қысылтаяң шақта да ұлт көсеміне деген махаббат әр азаматтың жүрегінде сақталып қалды. Әрқайсысының бастарына төнген қауіпті сезіне тұра ішкі құрметті ұмытпады. Жер мәселесімен Алаш ісі ушығып, саяси қысым мен жазалау науқаны қатар жүргізілген қат-қабат күндерде де ұлттық сана мен қоғамдық пікірдің қозғалысы толас таппады. Қазақ зиялыларының бұрынғы ашық талқылаулары мен кездесулері жартылай құпия, мүлде құпия түрде жүргізілді. Олардың арасындағы байланыс құралына сол кезеңдегі мүмкін болған барлық тәсілдер пайдаланылды. Патшаның отаршыл жазалау саясаты мен жандармерияның тіміскі әрекеті алаш азаматтарына конспирацияның неше түрлі қитұрқы амалдарына үйретті.

Сәдуақас Ғылмани: «Сонымен Шаймерден Қосшығұлов екінші думадан да қуылады. Ал, 3-думаға қазақтан депутат алмайды. Алайда, 50 адамға қол қойдырып, «Жер туралы» заң жөнінде запрос (сұрау) енгізеді. Бірақ, оған да еш жауап болмайды. Содан соң Петроградтағы қазақ зиялылары бас қосып, ақылдасады. Сол бас қосуда Әлихан Бөкейханов: «Малдың ең нашары лақ. Қонаққа сойғалы жатқанда, мені өлтіргелі жатыр» деп бақырып, жан-жаққа мәлімдейді. Біздің қазақ осылай тұрғанда таза біткеніміздің ақыры. Бұлай жатпай, шет патшаларға хал-

жайымызды газет арқылы жариялауымыз керек. Осы күндері Түркияда Балқан туралы әңгіме болып жатыр. Болгария Түркиядан бөлінбекші. Түркияға барып, қазақтың мұң-мүддесін газеттерде жариялап, ондағы ұлықтардан ақыл сұрау керек», – дейді. Әлихан қазақтың басқа зиялылары сияқты Шаймерден Қосшығұловпен бірге жүріп-тұрудан қорықпайды. Қасында болып, ақыл-кеңесін беріп көмектеседі.

Екеуі Түркияға бару мәселесін ақылдаса келіп: – Менің қалтамда 150 сом ақшам бар, – дейді Шаймерден. Ал, Әлихан: – Сенің қалтаңда көп халықтан алған *доверенность* (сенім хат) және думаның мүшелік билеті бар. Арабша, түрікше білесің, сен бар! – деп, Шаймерден Қосшығұловты поезбен жөнелтеді.

Одессаға келіп шетелге шығу билетін ала алмай 15 күн жатады. Ақырында қажылар көмектеседі. Ақмола уезінен қажыға бара жатқан Тілеулес Шабанбайұлы өліп, соның билетімен Тілеулес болып Стамбұлға жетеді» [5].

Осы шешімді дайындаған «қасиетті әкейлердің» жүргізіп отырған шоқындыру саясатына тоқталған М. Тынышбаев:

«Осылайша әкімшілік бұйрықтар мен іс жүзіндегі заң бойынша, қазақтар бастықтың рұқсатынсыз аяғын қия баса алмайтын болды. Қазақтардың кәдімгі адамдық құқықтары да жоқ: халықтың өмірі мен ар-ұятын әкімшілік толық билеп алған. Мешіт, медресе және құран оқитын ғибадатханаларды жабу, діни кітаптарды кәмпескелеу мен рұқсат етпеу, қазақ тіліндегі інжілді (евангелиені) таратып беру мен оны қабылдағысы келмегендерді Сібірге айдаймыз деп қорқыту, миссионер-мұғалімдер оқытатын орыс емлесін міндетті түрде қазақ дін училищелерінде (медресе – *Т.Ж.*) оқытуды

енгізу туралы бұйрықтар, қазақтарды мылтық оқпаны мен қылыш жүзін сую арқылы ант бергізу жобасы, қазақ балаларын миссионерлік үйлерде ұстап, оларды православный деп жариялау, православиені қабылдаудан бас тартқаны үшін қазақ қызының басына құрсау салып қинау, өтініш пен арызды қазақ тілінде беруге шек қою мен болыстық канцелерияларда хат жазуды орыс тілінде жүргізуді енгізу және басқа да бірқатар адамдардың жеке басы мен ар-ожданын дөрекі түрде күлкіге айналдыру мен күш көрсету – мұның бәрі мырзалар, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында болып отыр және мұның бәрі күні бүгінге дейін адамдар мен құдай көзінен таса қалған алыс аймақтарда сақталып отыр. Мұның Ұлы Ресей державасының теократиялық және бюрократиялық надан өкіметінің тегі басқалар мен басқа діндегілерге қарсы крест жорығы дегенде, не дейміз?» [7, 22-23], – деген ызалы баяндамасы арқылы оқығанның да, тыңдағанның да айызын қандыра жеткізді.

Сол дәуірдегі түрік сұлтаны Абдул-Хамидке, өзі де дін сақабасына айналған Шаймардан Қосшығұлов қана емес, мұқым дүние «Омар шадиярдың зұлфұхарының мұрагер халифы», «күллі мұсылмандардың қорғаны» ретінде оған аса зор үмметтік сеніммен қарайтын. Сондықтан да оған Ресей мұсылмандарына араша іздеп барды.

Сәдуақас Ғылмани: «Қырым өнеге» деген нөмірге түседі. Осында жатып, **бар зарын қазақша жазып алады**. Содан соң оны түрікшеге аударып, әбден жаттайды. Бір жұмадан соң Халифаға барып жолығады. Ол қасына бір аудармашы мен Жибалай дегенді қосып, жас түріктер жұмһүриятына жібереді. Оның бастығы доктор Назарбай (?) деген екен. Оған хал-жайды түрік тілінде баяндайды. Олар мәжіліс мабғұтына

жібереді. Онысы – дума екен. Оның төрағасы Ахмед Ризабай (?) деген ақсақал қабылдайды. Ол: Ғалия назаратының жамиғаты Хадырағзам Камал (?) және Шамғұл Есламмен (?) кездесіп, хал-жайды толық баяндайды. «Ресей өзі қылған қиянатын білмейді. Болгарияны да аяған болып, қысады» – деген пікірлерін айтады. Ал, Шаймерден: «Олардың уақыты бола ма? Әлде босағадан шығарып сала ма?» – деп сұрайды. Ол: «Мен телефон соғып хабарлаймын. «Ресей мемлекетінен, Қазақстаннан қардашыларымыздан мазлум уәкіл келді. Қабылдап, сөйлесіңіз деймін», – дейді.

Сонымен Шаймерден Түркияда екі ай жатады. Тиісті орындардың бәріне барып жолығады. Ақыры олар: «Егер өзің осында тұратын болсаң, әшкере сөйлесеміз. Қайтатын болсаң, басқа бір әдіс қолданамыз», – деп ашық айтады. Бұл ақшасының аз қалғанын айтып, қайта шақыру жіберуін өтінеді. Содан соң Ресей мемлекетінің құрамындағы Қазақстанның ахуалы туралы «Яндам сарыбас» (?) деген түрік газеті Николайға мәлімдеме жариялайды. Онда: «Сіздің қоластыңыздағы қырғыздар (Қазақстан халықтары): «Жақсы жеріміз Ресей мұһажирлеріне (жерсіз көшпелілеріне) алып берілді. Бізге қалғаны – жан сақтай алмайтын таутас, сортаң жер» – дейді. Сол себепті «Көшіп келсек» деп, бізден жер сұрайды. Біз оларға: келсеңдер Анадолы сахарасын берейік – дедік. Мал бағуға қолайлы жер сол», – делінеді.

Бұдан соң қолындағы қажылық билетімен Ресейге қайтады: Стамболдан мұның билеті ұрлап алынған, «жол кесер» – деп танылып, зор тінту жүргізеді. Тінтудің қаттылығынан зәре-құты қашады. Өйткені, бойында тығылған неше түрлі қағаздар бар еді. Бәрі де киім арасына салынған болатын. Өз билетін ұлтарағының

астына сақтап, аман қалады. Бірақ ақшасы таусылады. Ел таба алмайтын болған соң Қырымға келіп жетіп, Ресейден шығатын қажыларды күтеді. Оған дейін киімдерін залогқа салып, аужал қылады. Бір күні пароходпен күткен қажылары да келеді. Олар 100 сом жиып береді. Сонымен қайтып Петроградқа жетеді. Қазақ халқының мұң-мүддесі жазылған газеттер күн сайын патшаға келіп, оны мұндағылар алып оқып жүргенін көреді» [5].

Сәдуақас Ғылмани (мазмұндалып алынды): «Алайда, қайтып келген соң түк білмегенсіп, патшаға арыз береді. Онда: «Қазаққа деген жер бар ма, жоқ па? Бар десеңіз, әуелі қазақтың өзін орналастырып, қалғанын басқаларға берсеңіз екен!» – делінеді. Оған Николай патша: «Әуелі қазақтарды орналастырып, олар егістік, шабындық, жайылымдық жермен қамтамасыз етілсін! Артық жер табылса, соны алсын!», – деп қол қойып, жауап қайтарады. Ол қағазды Көкшетаудың оқу бөлім бастығы Біләл Малдыбаев алады» [5].

Ол жарлық пәрменсіз қағаз күйінде қалады. Сондықтан да жер «Ақмола облысынан материал жинау үшін 1916 жылы қазақ төңкерісіне басшылық қылып өлген Моншақты болысы (осы күндегі Азат болысы) Молдабай Байұзақұлының атынан 500 ауыз сөзбен Николайға телеграмма соғады: «Жақсы жауап келсе, ие болармыз. Жаман жауап келсе, қабірін көрсетерміз» – деп ойлайды. Ақырында құпия зерттеу жүргізіліп, Молдабайдың июнь жарлығынан бұрын өлгені анық болып табылады. Сөйтіп, оған: Патшаға өлген адамның атынан жалған телеграмма соғуы, «Қазақ» газетіне қазақтың мұңын айтып, жазғаны айып болып тағылып, 17 ақпанда 3 стражник, бір жандарм жасырынып жатқан үйден ұстап, 15 шақырым жерге жаяу ұрып-соғып, айдап отырып, Мәкен (Макин) қаласы-

на әкеледі. Өлдім-талдым дегенде онан қашып шығып, Қызылжарға келеді» [5].

Абай жаһангерлік бодандықты, рухани тәуелділікті, ұлттық езгіні өте жақсы сезінді. Сонда «өз қолыңнан билігінді кетіріп отырған» нәрсең не? Тәуелділік! Тәуелділік болғанда жай тәуелділік емес, толық тәуелділік! Осы толық тәуелділік дегеніміз не? Ол – экономикалық, саяси-әлеуметтік, әкімшілік және ең бастысы рухани тәуелділік! Абай сол тәуелділіктің әрқайсысын терең сезініп, құмыға отырып өлеңмен ой түйген. «Үмітсіздіктің басы» жеке өзінің тағдырында емес, Елінің басыбайлығында жатыр. Ол – елінің ертеңін ойлап түңілген. Абай жеке өзінің ғана емес, мұқым елінің рухани бостандығын аңсаған. Ол Елін емінтіп қойған Басыбайлылықты «өңшең нольден» көрген.

«Бұдан әрі қарай оларға жойылып кету жолы ғана қалды. Жер бөлісі тұсында олардың біразы көрге кіреді, екінші тобы христиан дінін қабылдап, орысқа айналады, үшіншілер тұқым қалдырмастан тұздай құриды, төртіншілерін жалға алған жерінен біреу ығыстырып шығарады, дәл қазір темір жолға жақын шекаралы жерде сондай оқиға болып отыр, олардың қаңырап басы қалады немесе жалданып жүрген жалшыға, қаладағы фабрикалар мен зауыттарда күнелтіп жүрген жұмысшыға айналады. Қысқасын айтқанда, олар жұмысшының күйін кешеді, жоғалады, сіңіп кетеді, қолайлы жағдай туса тағы да пайда болады. Сондықтан да Ертіс бойындағы жатақтар мен көшпелі қазақтар туралы пәлендей алаңдаудың қажеті жоқ, оларға арнап отырықшыландыру, жер беру туралы жарлық шығармай-ақ қойған жөн, онсыз да олар өз-өзінен жойылып бітеді» [1], – деп сәуегейлік айтты.

Бұл жай сөз емес, Мельниковтің қазақ жері мен елін бүтіндей игеріп, даланы орыстандыру туралы жоспары болатын. Ондағы басты бағыттың бірі – қоныстанушылар арқылы күштеп шоқындыру еді.

Абайдың:

Шыдасан есті қашырмай,
Құлдатып, қор қып жібермек, –

деп отырғанының өзі осы.

Бұдан да сорақы әрі рухани қорлықты М. Есполов Самара құрылтайында:

«1906 жылғы жаппай қоныс аударудың қарқыны ерекше болды. Қоныс аударушыларды мемлекеттік мекемелердің кеңшілік жасағаны сондай, 1912 жылы қасиетті Синодтың жоспары бойынша, әрбір қазаққа екі қоныстанушыдан келсін пәрмен берді» [9.2.223], – деп әшкерелеген болатын.

Ал әскери жорықты сәл кейінге қалдырды. Ол жоспар бірнеше рет талқыланып, 1902-1916 жылдардың арасында жүзеге асырылуы тиіс еді. Қазақтың бақталайы бар екен. Ресей жаһилінің ол пиғылын 1902-1905 жылдар аралығындағы орыс-жапон соғысы бірінші орыс революциясы кейінге, 1913-1916 жылғы шегертті. Ал ол жоспарды 1914 жылғы I дүниежүзілік соғыс жүзеге астыртпай тастады.

Ол туралы Ә. Бөкейханов: «Қазақ даласы – қазынаның меншігі, оған мұжықтар мен казактарды сұраусыз қоныстандыра беру керек – деген заңдар алынып тасталуы керек» [4], – деді «Қазақтар» атты сол кезде жазған мақаласында.

Бұл талап – Біртұтас алаш идеясының қалыптасуының басты алғы шартына, басты ұстанымының басты тұжырымына айналды.

Россиядағы отар ұлттардың ар-ожданын оятып, ұлттық, діни сана-

сын сілкіндірген және кейінгі бостандық жолындағы күреске негіз қалаған ұлы жиын – 1914 жылғы маусымның 15-25 аралығында Санкт-Петербург қаласында өткен Ресей мұсылмандарының алғашқы құрылтайы еді. Бұл – Ресей бодандығындағы барлық мұсылмандардың, соның ішінде мұқым түркі жұртының бірігіп, бірге тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы дербес саяси қадамы болатын. Ұлттық ынтымақ, саяси дербестік туралы ұғымдар мүлдем ұмыттырылған Ресей мұсылмандарының бұл құрылтайында «ар-ождан, дін, діл, тіл және күрес бірлігі» мәселесі тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде талқыланды. Талқыға: шығыстық, батыстық және түркілік даму нысаны ұсынылды. «Дербес ұлттық Автономия құру» мәселесі тұңғыш рет мемлекеттік құрылым ретінде ұсынылды [10].

1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпылқазақтық I құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. Діни басқарма мемлекеттік құрылымнан тыс мекеме деп танылды. Ал Алаштың ұлттық идеясы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә. Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Ә. Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың

жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: Қазақ елінің өзінің қоғамдық ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді [6].

«Алаш», «Түркістан», «Түрікмен азатлығы», «Усусул жадид», «Шура-и ислам», «Кіші Башқортстан», «Солтүстік Түркістан» [10] деп әр түрлі атау алған қоғамдық-саяси қозғалыс 1922 жылғы Ташкенттегі астыртын құрылтайдан кейін, Әнуар паша қаза тапқаннан соң ресми түрде тарқатылды деп есептеледі. Олардың басын біріктіруге ұмтылған «Башқортқазақ комиссиясы», «Біріккен Түркістан социалистік партиясы», «Түркістан милли бірлігі», «Орта Азиядағы мұсылман халықтарының милли қоғамының федерациясы», большевиктік «Түрк комиссиясы» солардың орнын алмастыра алмады. Бұл ұйымдардың мақсат, күрес бірлігі мен іс айырмашылықтары терең, тарата талданылмай келеді. Ортақ бір концертция да қалыптаспады. Ал, ақиқатына келсек, кеңес өкіметінің «құпия кеңсесінің» жазалау саясатында «Иттихат уә тарихият» деген пантюркистер мен ұлтшылдардың ұйымы ретінде қарастырылды және оларға осы айып бойынша, нақты емес мәліметтер бойынша 64-67 мың адамға ату жазасы кесілді.


Рухани Бостандыққа жету – рухани басыбайлылықтан, психологиялық тәуелділіктен толықтай құтылу деген сөз емес. Мысалы: осыдан мың


жыл бұрын жат елге тәуелді болған елдің танымында, салт-дәстүрінде басқыншы жұрттың бір белгісі сөзсіз қалады. Мүмкін болған ғылыми тұжырымының барлығын сіңірдік. Өйткені, біздің тарихымыз «солардың көзқарасымен жазылды».

Енді одан бой тарту үшін әлденеше ұрпақ жанару қажет. Латын әліпбиіне көшу – рухани бодандықтан құтылудың, түрік әлеміне жақындасудың алғашқы сатысы, нақты қадамы, ал, шын рух азаттығына жету үшін әлі де ұзақ жол басып өту керек.

Әдебиеттер

1. «Күйесің, жүрек сүйесің ...» Абай: «Жан бостандығы...» немесе рухани тәуелсіздік. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
2. Гаяз Исхаки, Идель-Урал. Алғы сөз Р. Хаким, Наб. Челны. Газетно-книжное изд. «КА-МАЗ», 1993. – 63 с.
3. ОМА, қ-15, т-2; іс – 399, «Мұсылман діншілдерінің реакциялық қозғалысы туралы», 114 парақ.
4. Букейханов А. Киргизы (Қазақтар), «Речь», 23/1 1914. №22/2691/. Петерогад//Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы, 1-7 том. Құрастырған С.А. Жүсіп. – Астана: Сарыарқа. – III том. 555 б. – 308-310 б.
5. Ғылмани С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 576 бет.
6. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш»..., түрме әфсанасы. 1 кіт. – Алматы: Ел-шежіре, 2007, 2-кіт. – 2009, 3-кіт. – 2012.
7. Тынышбаев М. Тандамалы // – Алматы: Арыс, 2001. – 332 б.
8. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Алаш, 2005. – Т. 4. – 472 б.
9. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005 – Т. 2. – 496 б.
10. Prof. Zeki Yelidi Togan. Natiralar: – Istanbul: Hikmet gazetecilik LTD, 1969. – 643 б.



Саналы ғұмырын ұлт мұратына
жұмсаған

Қазақ ғылымының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындайтын «Өнегелі өмір» сериясының кезекті шығарылымы қазақ халқының аяулы қызы, көрнекті ғалым-педагог Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваға арналып отыр.

Алаш баласын білімі мен білігі терең, жан дүниесі бай азамат етуді армандаған ұлағатты ұстаздың өмір жолы біздің университетімізбен тікелей байланысты болғанын әрқашан мақтан етеміз. Барша шәкірті «Алма апай» деп сағынышпен еске алатын ғалым-педагог 1970 жылы ҚазҰУ-дың филология факультетін бітіргеннен кейін бар саналы ғұмырын ежелгі дәуірдегі әдеби жәдігерлерді зерттеу ісіне, шәкірт тәрбиелеуге жұмсады.

Көне дәуір шежіресін «Мұхаббатнама», «Ғасырлар мұрасы», «Ежелгі дәуірдегі әдебиет» атты ғылыми еңбектерінде зерделеп, ұлт әдебиетінің бастау бұлағы, тамыры тереңде екенін танытқан А. Қыраубаеваның шығармашылық жолы – елге адал қызмет етудің, ұлтты сүюдің ғажап үлгісі болғаны сөзсіз. Ғалымның шығыстық қисса-дастандардағы адамзаттық құндылықтарды, махаббат пен зұлымдықты, даңққұмарлық пен адамгершілікті саралаған тың тұжырымдары мен зерттеу еңбектері жас ұрпақтың жан азығына, асыл қазынасына айналды. Ұлт әдебиетінің ғана емес, тұтас түркі мәдениеті мен ғылымының өсіп-өркендеуі Алма Қыраубаеваның да тұжырымдарымен айқындала түсетіні анық.

Көркем мінез бен кермиық талант иесінің «Сенім» бағдарламасы қазақ баласын тәуелсіз елдің озық ойлы азаматы, әлемдік өркениеттің асыл жауһарларын бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптасуына даңғыл жол салды. 1993 жылы ғалымның авторлық бағдарламасының негізінде Алматы облысының Жандосов ауылында құрылған Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі кешегі Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді алаш арыстарының арман-мақсатын жүзеге асырған ұлттық білім ошағының темірқазығы болды. Мектеп-лицейде жүргізілген іс-тәжірибелер ХХ ғасыр соңындағы білім беру жүйесіндегі тың реформа, жаңа леп, соны жаңалық болып қабылданды. Білім ошағында оқытылған «Ислам мәдениеті», «Логика», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қыз әдебі» т.б. секілді жаңа пәндер мен бағдарламалар, бүлдіршіндерге арналған «Сақ әңгімелері» атты еңбектер жас өркеннің өмірлік бағдаршамына айналып, әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибелермен танысуына жол ашты. Ұлағатты ұстаздың «Жаным садаға» атты шығармасы болашақ педагогтердің бойтұмарындай болып, ұрпақ тәрбиесі, қазақ руханияты мәселесін көтерген ғажап туынды ретінде де оқырманнан өз бағасын алды.

Алма Қыраубаева халық қазынасына айналған дәстүрлі өнер өрісінің кеңейіп, зерттелуіне де зор үлес қосты. Ол жыр алыбы Жамбылдың ұмытылған термелерін жинақтап, өз орындауында Қазақ радиосының Алтын қорына жаздырды.

Көрнекті ғалым өмірінің соңғы жылдарын ел астанасының ғылыми әлеуетін күшейтуге арнап, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Қазақ ұлттық музыка академиясында қызмет етті.

Редақциядан



Автор туралы: доктор философских наук, профессор.

About the author: Doctor of Philosophy Sciences, Professor.

Об авторе: философия ғылымдарының докторы, профессор.

Гүлжихан НҰРЫШЕВА

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Андатпа. Мақалада «Алаш» партиясының көшбасшылары Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев және басқаларының идеологиялық сананың қалыптасуына жеке қасиеттерімен де ерекше ықпал еткені сөз болады. Автор халықтың саяси сауаты ағарту ісімен тығыз байланысты екендігін Алаш қайраткерлері жақсы түсінген, сондықтан, қазақтың табиғатына тән білімге құштарлықты саяси санасын қалыптастыруға пайдалануға ұмтылған деген ойды ортаға салады.

Gulzhihan NURYSHEVA

THE ROLE OF THE PARTY «ALASH» IN FORMING THE POLITICAL CONSCIOUSNESS OF THE KAZAKH SOCIETY AT THE BEGINNING

Abstract. This article examined the contribution of «Alash» party leaders A. Bukeikhanov, A. Baytursynov, M. Dulatov, M. Tynyshpaev and others to the formation of the ideological consciousness of the Kazakh society. According to the author, the founders of the first Kazakh party were well aware that the political culture of citizens connected with education; therefore, they paid more attention to the formation of political consciousness of Kazakhs.

Гүлжихан НҰРЫШЕВА

РОЛЬ ПАРТИИ «АЛАШ» В ФОРМИРОВАНИИ ПОЛИТИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Аннотация. В статье рассмотрен вклад лидеров партии Алаш А. Букейханова, А. Байтұрсынова, М. Дулатова, М. Тынышпаева и других в процесс формирования идеологического сознания казахского общества. По мнению автора, основатели первой казахской партии хорошо осознавали, что политическая культура граждан тесно связана с просвещением, поэтому уделяли пристальное внимание формированию политического сознания казахов.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Алаш» партиясының қазақ халқының тарихындағы рөлін: «Алаш» қозғалысының пассиварлық идеялары біздің ата-бабаларымыздың азаттық алып, дербес мемлекет құру жолындағы сан ғасырлық аманатымен ұштасып жатыр. Сол кездегі ұлт зиялылары арман еткен мемлекет тәуелсіздігі мен ұлт бостандығына бүгінгі ұрпақ қол жеткізді. Еліміз егемендік алып, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен терезесін теңестіріп отыр» деп жоғары бағалап, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында қойылған міндеттерді жүзеге асыру аясында «Алаш» партиясының қызметін зерделеудің қоғамдық сананы қазіргі заманның талабына сай жаңғыртудағы маңызын атап көрсеткен болатын [1].

Қоғамдық сананың барлық формаларының негізі саяси сана екені белгілі. Саяси санада қоғамда қалыптасқан экономикалық және таптық қатынастар, мемлекет және билік мәселелері айқын көрінеді. Ол қоғамдық сананың философия, мораль, өнер, құқық, дін, ғылым секілді формаларына ерекше әсер етеді. Қоғамда қалыптасқан саяси қатынастар, саяси сана партиялардың, таптардың қызметтерінде, бұқаралық қозғалыстарда жүзеге асады. Дәуір мен қоғамда орын алып отырған әлеуметтік қайшылықтар да осы саяси санада, ең алдымен саяси идеологияда идеялық-теориялық түрде көрініс табады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының экономикалық өміріндегі құбылыстар қазақ халқының қоғамдық санасын елеулі өзгертті. Бұл кезеңде Ресей Қазақстанды отарлауды толық дерлік аяқтады. Оның басты әлеуметтік-экономикалық салдарлары мыналар еді: қазақ халқының тұтастығын ыдырату мақсатымен қазақ жерлерін бөлу; жергілікті тұрғындарды ең құнарлы жерлер мен жайлаулардан ығыстырып

шығару және шаруашылық түрін өзгерту; өмір сүру жағдайларының күрт нашарлауымен қатар, рухани езгінің күшеюі. Қоғамдық болмыстағы мұндай маңызды өзгерістер қазақ қоғамында жаңа идеялар мен көзқарастардың, ең алдымен саяси сананың қалыптасуына негіз болды.

Дәл осы кезеңде Қазақстанның әртүрлі аймақтарында патша үкіметіне наразылықтың көрінісі ретінде көпшіліктің жаппай толқулары байқалды, оларда саяси және экономикалық талаптар қойылып отырды. Қазақ халқының ұлттық оянуы кезеңі басталды, саяси мәселерге ұмтылыс күшейді. Саяси жиналыстарда патша үкіметінің аграрлық саясаты, қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алуы, қазақ халқының тілі мен мәдениетін сақтап қалу, күштеп орыстандыру мәселелері көтеріліп отырды. Қазақ жұртшылығының саяси санасының өсуінің жақсы дәлелі ретінде Қарқаралы уезі қазақтарының патшалық Ресей үкіметіне жазған петициясын айтуға болады. Бұл құжатта қазақ халқының Ресейге қосылуының теріс нәтижелері, орыс шаруаларының қазақ жеріне жаппай көшірілуінің салдарынан қазақтар ең шұрайлы жерлерінен айырылып, өмір сүру жағдайларының қиындағаны туралы баяндалады [3].

Қазақ халқының қарапайым саяси санасы саяси саладан алыс жатқан қазақ шаруаларының өмір сүру, еңбек ету жағдайларының қиындығына қарсы стихиялық күресі түрінде қалыптасты. Қарапайым санадан еркіндік пен тәуелсіздіктің ең жоғары идеалдарына дейін көтеру міндетін қазақ халқының идеологиялық өкілдері – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары атқарды. Олар қазақ халқының объективтік мүдделері мен ауыр жағдайын теориялық білім түрінде жүйелеуге, оның саяси күресінің бағдарламасын қалыптастыруға ұмтылды. Қазақ зиялылары қазақ қоғамын таптарға бөлмей, бүкіл

халықтың атынан сөйледі. Кеңестік заманда осы ұстаным оларға қарсы қойылған айыптаулардың бастысы болды да, қазақ зиялыларының қызметін объективті бағалауға кедергі жасады. Қазан төңкерісінен кейін таптық белгі қоғамдық санада басымдық алып, фактілер мен құбылыстарды бағалауда айқындаушы әдістемелік ұстанымға айналғаны белгілі. Таптық ұстанымның абсолютке айналуы, таптық белгінің ұлттық пен жалпыадамзаттықтан жоғары қойылуы қазақ халқының рухани тарихын бұрмалады, оның қоғамдық ойының тамаша үлгілері тарих қойнауына көмілді. Шындығында, сол кездегі қазақ зиялылары өз халқының тәуелсіздігі, отарлық езгіден азаттығы жолында, әрбір адам мен әрбір халықтың еркіндігі сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар үшін күресті.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап саяси қызметін күшейтті. Француз ғалымдары А. Беннингсен, Ш. Ламарсье-Келькежей осы кезеңде үш саяси бағыттың пайда болғанын атап көрсетеді: «біріншісі – татар және түркістан молдалары жүргізген діни, екіншісі – зиялылар басқарған батыстық бағыт және жастарды орыс социалистері қозғалысына бұруға тырысқан ең әлсіз бағыт» [4, 164 б.]. Орыс конституциялық демократтарына жақын екінші бағыт көп ұзамай қазақ даласында маңызды күшке ие болды. Оның көрнекті өкілдері «Алаш» партиясының болашақ көшбасшылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев және басқалары еді. Идеологиялық сананың қалыптасуына идеологиялық көшбасшылардың жеке қасиеттері ерекше ықпал ететіні белгілі. Жан-жақты білімділік, саяси сауаттылықпен қатар, адамшылық қасиеттерді бойларына жинаған бұл зиялылар халықтың арасында зор беделге ие болды.

Қазақ зиялылары халықтың саяси сауаты ағарту-білім ісімен тығыз

байланысты екендігін жақсы түсінді. Білімге құштарлық қазақ халқының табиғатына тән ерекшелік деуге болады, мұны қазақ даласында миссионерлік қызметпен айналысқан Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов сияқты орыс ағартушылары да атап көрсетіп, осы ерекшелікті қазақтарды орыстандыру мақсатында ұтымды пайдалануды ұсынған болатын.

Қазақ зиялылары өз халқының көзін ашу жолына бүкіл өмірлерін арнады деуге болады. Олардың қызметі халықтың санасын ұлттық баспасөз арқылы оятумен шектелмеді, ауылдарда жаңа мектеп ашу, қажетті оқулықтар дайындау істеріне тікелей араласты. Мұндай қызметтің жарқын үлгісі ретінде XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының идеологиялық көшбасшы Міржақып Дулатовты атауға болады.

Қазақ зиялыларының саяси қызметінің нәтижесінде «Алаш» партиясы дүниеге келді. Ақпан төңкерісінде жеңіске жету, Уақытша үкіметтің билік басына келуі әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістерді жеделдетті. Өртүрлі күштердің бірлігі, аз ғана уақыттың ішінде самодержавиені құлатуға қол жеткізу, Уақытша үкімет жария еткен еркіндік пен теңдік принциптері Ресей өркениет шыңына тез жетеді деген үміт туғызды. Уақытша үкіметке зор сенім артқан қазақ зиялылары жаңа мемлекеттік құрудың және өз халқын ескі патша режимінен, езгіден құтқарудың жаңа жолдарын іздеді.

«Алаш» партиясының басты мақсаты Ресейдің құрамында автономдық қазақ мемлекеттігін құру болды. «Алаш» мемлекеттің таптық сипатын терістеп, мемлекет ұғымын территориялық және саяси тәуелсіздікпен байланысты қарастырды. Мұндай көзқарас Ресейдің социалистік партияларының ұстанымдарымен үндес еді. Мемлекеттің мәні туралы қызу пікірталас большевиктер мен басқа социалистік партиялардың арасында жүрді. Соци-

листердің басым көпшілігі демократиялық қоғамда мемлекет өз азаматтарының мүдделерінің тоғысуын, яғни қоғамның прогрессивті дамуын белгілі бір деңгейде қамтамасыз ете алады деген тұжырымға келді. Большевиктер мемлекеттің таптық сипатын ғана мойындады, оны бір таптың екінші тапты езу құралы, басым таптың мүддесін жүзеге асырушысы ретінде түсінді.

Алаштықтар күш көрсетудің қандай да болмасын түріне қарсы болғанын атап өту керек. Олар қазақ қоғамының тәуелсіздігіне заңды, конституциялық жолмен, қазақ халқының ұлттық санасын оятуға бағытталған саяси күрес арқылы жетуді мақсат етті, қантөгістен аулақ болуға тырысты. 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісі кезіндегі қазақ зиялыларының ұстанымын да осы арқылы түсіндіруге болады. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар қазақ азаматтарына үндеу жазып, патша үкіметінің қазақтарды әскерге тарту ісінен бас тартуға болмайтындығын, әйтпесе үкімет заңды түрде репрессивтік шаралар қабылдап, қазақ халқы өте ауыр жағдайға душар болатынын ескертті [5, 25 б.].

«Алаш» басқарудың президенттік формасын, сайлаудың демократиялық сипатын жақтады, патшалық Ресейдің қазақ жеріне орыс мұжықтарын жаппай қоныс аударту саясатын айыптады, қазақтың өз жерін өзіне қайтарылуын талап етті.

Өркениетті елдер қатарына білім, ағарту арқылы жетуге болатынын жақсы түсінген алаштықтар білім беру ісіне бүкіл халық қамтылуы қажет және бастауыш сыныптардағы сабақтар тек қазақ тілінде жүргізілуі тиіс деп жариялады. «Алаштың» саяси бағдарламасында бұл мәселелермен қатар, сөз еркіндігі, сот, дін, әйел мәселелері де қарастырылды.

Тарих «Алашқа» өз бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. 1917 жылғы қазан төңкерісін алаштықтар

қолдамады. А. Байтұрсынов жазғандай, «Ақпан төңкерісі қазақтар үшін қаншалықты түсінікті болса, қазан төңкерісі соншалықты түсініксіз болды» [6, 44 б.]. Қазақтардың қазан төңкерісі идеяларын қабылдамауы себептерін түсіндіре отырып, ол: «бірінші революцияны қазақтар қуана қарсы алды, себебі ол қазақтарды патша үкіметінің құлдығы мен езгісінен азат етті, екіншіден, олардың көксеген арманын – өзін өзі басқару үмітін нығайта түсті. Екінші революцияның қазақтар үшін түсініксіз болғанын түсіндіру оңай: қазақтарда капитализм де, таптық жіктелу де болмады, тіпті меншіктің өзінің шекаралары де басқа халықтардағы секілді айқын болмады. Қазан революциясының сыртқы құбылыстары қазақтардың бойында қорқыныш орнатты. Большевиктік қозғалыс шет аймақтарда күш көрсетуге, тонауға, ерекше диктаторлық билікке ұласты. Қысқаша айтсақ, шет аймақтардағы қозғалыс революция емес, толық анархия болды» деп атап көрсетеді [6, 48 б.].

Кенес үкіметі мен «Алаштың» мемлекет, тап, әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша ұстанымдары бір-бірінен мүлдем өзгеше болды. Сол себепті «Алаштың» өкілдері заңнан тыс деп жарияланды, партия таратылып, оның ресми органы – «Қазақ» газетінің қызметі тоқтатылды.

«Алаш» партиясының жолы қиын күрес, күрделі жанжалдар, қателіктер, ізденістер және белгілі бір жетістіктер жолы екендігі күмәнсіз. Тарихи деректер «Алаштың» XX ғасырдың басында маңызды күш болғандығын дәлелдейді. 1917 жылдың қараша айындағы сайлаудың қорытындысы бойынша, «Алаша» Ресейдегі жетпіс партияның арасында сегізінші орын алған (262404 дауыс) [7, 33 б.].

«Алаш» партиясының саяси күресте жеңіліс табуының себептері неде деп ойлаймыз?

Біріншіден, ол өз қатарына негізінен зиялыларды жинады. Қазақ қоғамының басым көпшілігі олар насихаттаған әділдік, гуманизм және тәуелсіздік идеяларын түсіне бермеді. Халықтың қараңғылығы, саяси күрес және революциялық қозғалыс орталығынан алыс жату олардың көздеген мақсатына жетуіне кедергі болды. Біздің ойымызша, партия тым кеш құрылды. Оның құрылуы және саяси қызметінің айқын бағдарламасының қабылдануы қазан төңкерісімен дөп келді. Ұлттық партияны құрудағы мұндай «жайбарақаттықты» немен байланыстыруға болады? Бұл сұраққа жауапты Мұстафа Шоқайдың мына сөздерінен табуға болатын секілді: «... орыс революционер-демократтарының саяси көзқарастары басқа ұлттардың өкілдерінің көзқарастарымен сәйкес келген болатын... Біз царизмнің құлауымен және орыс революционер-демократтарының билік басына келуімен патша үкіметінің бізге қарсы зұлымдықтары тиылатынына және орыстардың осы аймақтарға қоныс аударуы тоқтатылатынына сенімді едік. Бірақ орыс революциясының оқиғалары біздің барлық үміттерімізді

жоққа шығарды. Орыс демократтары сынға төтеп бере алмады. Олар бізден алыстады» [8, 24 б.]. Уақытша үкіметтің Түркістан халықтарын қолдайтындығына, империялық саясаты жалғастыратынына көздері жеткен қазақ зиялылары ұлттық партияны құруға кірісті. Бірақ саяси ойларды жүзеге асыруға тарих бөлген уақыт тым аз болды. Үшіншіден, «Алаш» партиясының көшбасшылары күш көрсетуді жеңіске жету құралы ретінде қолдануға қарсы болды. Бұл зиялы адамдардың бәріне тән қасиет. Қоғамды өзгерту жолы ретінде олар адамдардың санасына әсер етуді, революциялық әрекеттерді емес, демократиялық өзгерістерді таңдады.

Жалпы қорытсақ, «Алаш» партиясының қазақ қоғамын саяси тұрғыдан қозғалысқа келтіругегі рөлі аса зор болды. Соңғы жиырма жеті жыл аумағында алаштықтар туралы ізденістер жүргізіліп, 2017 жылы партияның жүз жылдығы республикада кең атап өтілгенімен, терең әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс жағдайында саяси күрес жүргізген олардың қызметі әлі де болса жан-жақты зерттеулерді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Алашорданың құрылғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-конференциясы қатысушыларға. <http://ak-orda.kz/kz>
2. Фромм Э. Социализм. //Коммунист. 1991, №11.
3. Жоғары мәртебелі Министрлер Советінің Председателі мырзаға Семей облысы Қарқаралы уезінің қазақтарынан петиция. //Ана тілі. 1990. 12 сәуір.
4. Бенигсем А., Ламарсье-Келькежей Ш. Пресса и национальное движение среди мусульман России 1920 г. /Алем. – Алматы: Жазушы. 1991. – 448 с.
5. Бөкейханов Ә., Байтұрсынов А., Дулатов М. Алаш азаматына. //Қазақ. 1916. №192.
6. Байтұрсынов А. Революция и казахи //Жизнь национальностей. 1919. №29.
7. Политические партии России осенью 1917 года. //Диалог. 1990. №8 (33).
8. Шоқай М. 1917 жылдың естеліктерінен. //Қазақстан коммунисті. 1991. №5.



Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология және әлем тілдері факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

About the author: Dean of the Faculty of Philology and World Languages, Ph.D., professor. Al-Farabi Kazakh National University.

Об авторе: декан факультета филологии и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби, доктор филологических наук, профессор.

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «ТАНЫСТЫРУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа. Мақаланың басты ғылыми зерттеу нысаны – қазақ әдебиетінің классигі, биыл туғанына 125 жыл толып отырған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы. Мақалада поэманың өзіне тән жанрлық ерекшелігі әдеби таным тұрғысынан жан-жақты ашылып көрсетілген. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің көркем шығармадағы тарихи тұлғадан әдеби қаһармандық бейнеге айналуының жасалу жолдары терең талданған. Мақалада тарихи дерек пен ақын көркемдік қиялының астасуынан өмір шындығының көркемдік шындыққа айналуының әдеби әдіс-тәсілдері нақты айқындалған.

Omirkhan ABDIMANULY

THE LITERARY PERSONALITIES OF ALASH FIGURES IN THE S.TORAIGYROV'S POEM «ACQUAINTANCE»

Abstract. The main object of the article's research is the poem «Acquaintance» of the classic of Kazakh literature Sultanmakhmut Toraigyrov, whose birthday this year will be 125 years old. In the article from the literary study point of view the genre features of this poem are comprehensively considered. Deeply comprehend images of historical personalities of Alash figures of XX century's beginning as literary heroes of artistic work. The article defines methods of transforming the life truth into an artistic truth on the basis of a fusion of historical facts and authorial fiction.

Омирхан АБДИМАНҰЛЫ

ЛИТЕРАТУРНЫЙ ПОРТРЕТ ДЕЯТЕЛЕЙ АЛАША В ПОЭМЕ С.ТОРАЙГЫРОВА «ТАНЫСТЫРУ»

Аннотация. Основным объектом исследования является поэма «Таныстыру» Султанмахмута Торайгырова. В статье с литературоведческой точки зрения рассмотрены жанровые особенности данной поэмы, проанализированы образы исторических личностей деятелей Алаш начала XX века как литературных героев художественного произведения, определены методы и приемы преобразования жизненной правды в художественную на основе слияния исторических фактов и авторского вымысла.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың алғашқы көлемді поэзиялық туындысы «Таныстыру» 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың басында жазылып біткен [1, 149 б.]. Еске алар болсақ, бұл да бір қоғам дамуының өліара кезеңі болатын. Ақпан төңкерісі әлі жеміс бере қоймай, қазан толқынысы енді басталып, ел қайда бет бұарын білмей аңтарылып қалған кез. Орынборда қазақ зиялылары құрылтай съезін өткізіп, бостандықтың жылымық сәтін қалай тиімді пайдалануды ойла-сып жатқан тұс болатын. Жаңа қоғам көшін кім бастайды, кімге сенім артамыз деген көкейдегі көп күмәнға жауап іздеген уақыт еді бұл. Ақын осынау санаға салмақ артқан сан тарау күрделі мәселелердің шешімін табудың жолдарына жөн сілтеп, замана сұранысына өзіндік үн қосады. Сондықтан да Сұлтанмахмұттың бұл поэма жазудағы мақсаты – қазақ ұлтының күрескер ұлдары мен аяулы қыздарын еліне таныстыру ғана емес, кеңестік кезеңде тарихтан аты өшіріліп, «қара тақтаға» жазылған ұлт қайраткерлерінің ретіндегі қаһармандық тұлғаларының әдеби кейіпкерлік көркем бейнесін сомдау.

Ақын поэмаға Қара қазақ пен Оқыған қазақ арасындағы сұрақ – жауапты өзек еткен. Бірақ осынау сұрақ пен жауап тақпа-тұқ сөз сайысқа емес, келелі әңгіме, кең пікір алмасуға құрылған. Ендеше поэма – Сұлтанмахмұттың көлемді көркем жанрдағы тұңғыш туындысына тақырыпқа сай түр іздеу тұрғысындағы ізденісі. Қарапайым халық өкілі мен зиялы адам арасындағы сауалдан өрбіп, жауаптан өрілетін өмірмен өзектес өрелі ойлар арқылы ел басына күн туған қытымыр кезеңнің көркемдікпен әдіптелген шымырлаған шындығы ашылады. Поэма Қара қазақ сауалынан басталады:

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,

Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан
[2, 146 б.].

Бұл көшелі ойларға есік ашар кілт іспетті тармақтар. Замана көші өзгеше бір бейтаныс қоғамдық құбылысқа бет алып, қазақ деген халықтың алдынан қиын кезеңнің жұмбақ сауалдары тосып, енді не боладыға жауап таппай, неге сенерін, кімге ерерін білмей ел теңселіп тұрған уақытта, Сұлтанмахмұт өзін де, өзгені де толғандырған өзекті мәселелерді кең көлемдегі тұңғыш дүниесінің арқауы етеді. Және де оларды өлең-сөзге айналдыруда әңгіме құмар қазақтың болмысына тән тәсілді өте ұтымды қолданады. Әрі қарапайым, әрі ұғынықты. «От ауызды, орақ тілді» қара қазақтың өткір сұрақтары мен сыпайы Оқығанның сипай қайтарған жауабынан қым-қуыт уақыттың қиындығын ғана емес, елім-жерім деп «түн қатқан» көптеген қазақ азаматтарының толыққанды тұлғасын да тани аламыз. Біздіңше, бұл тыңнан табылған жол. Қазақ жазба поэзиясында бұрын мұндай тәсіл қолданылмаған. Сұлтанмахмұт ақындығы жайлы жаза келіп, XX ғасыр басындағы әдебиеттің аса көрнекті зерттеушісі Б. Кенжебаев: «Сұлтанмахмұт поэмалары өз тұсындағы қазақ әдебиетінде мазмұн, идея, жағынан болсын, түр, жанр жағынан болсын зор жаңалық» [3, 128 б.], – деген екен. Соның нақты бір көрінісі – осы поэма.

Әлгі қара қазақ сауалына жауап берер сөз кезегі тигенде оқыған бірден ел сенер азамат ретінде **Әлихан Бөкейхановты** ауызға алады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.



Әлихан Бөкейханов

Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жаркылдаған алданбаған,
Баскадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Заманда басқан аяқ кері кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Табатын бақ жұлдызына көзі жеткен
[2, 146 б.].

Бұл күнде Әлиханның кім екенін оқырманға ұғындырып жатудың қажеті шамалы. Оны «Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін біледі» десек, өтірік айтқандық емес. Міне, поэмада қазақ ұлты көсемдерінің бірі, аса көрнекті тарихи тұлға Әлихан Бөкейхановтың қайсар қайраткерлік бейнесі осылай сомдалады. Оқыған мен қара қазақтың Әлихан жөніндегі пікір ортақтастығынан оның бар қазақтың жанына жақын азамат екені айқын сезіледі. Поэмадағы өлең сөзбен ажарланған әдеби кейіпкер бейнесінен ұлт

көшбасшысының бүтін болмысымен танысқандай әсерге бөленесіз.

Поэмадағы сюжетті ширатып отырар екі кейіпкер арасындағы пікір алмасу барысында сол тұстағы жұрт сенімін ақтар, ел тізгінін ұстар қазақ қайраткерлеріне жеке-жеке сипаттама берілген. Сипаттама жадағай баяндау түрінде емес, онда әр кейіпкердің өзіндік ішкі әлемімен үндескен мінез-құлқы ашылып, көркем бейнесі сомдалған. Сұлтанмахмұт өз туындысында Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Нәзипа Құлжанова, Нұрғали Құлжанов т.б. қазақ халқының бір туар ұлқыздарының тарихтағы орнын айқындап, ел ісіне еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың әдеби қаһарман ретіндегі көркем бейнесін сомдайды, естен кетпес тұлғасын жасайды.

Ақын мақсаты – құр мақтан, құрғақ мақтау емес, керісінше жұрт қамын жеген арыстардың еңбегін бағалап, елге таныту, солар жайлы өз білетінін ортаға салу, олардың ісін кейінгі ұрпаққа өнеге ету. Ақын ардақтап атын «хатқа» түсірген алаш азаматтарының еліне сіңірген еңбегін, ұлтына еткен қызметін сол тұстағы зиялылар ғана емес, қарапайым халық та біледі.

Ақын міндеті – қазақтың ұлтын сүйген ұлдары туралы кейінгіге сөз қалдыру. Мұны көрегендік десе де болғандай. Кейін ұзақ жылдар бойы сол ұлылардың аты аталмай, шығармалары оқылмай, тарихымыздың «ақтандағына» айналарын Сұлтанмахмұттың сезімтал жүрегі сезінген болуы керек. Басқасын былай қойғанда, ақынның осы поэмасы – алаш азаматтарының екі ғасыр тоғысы кезеңіндегі тарихтан алар орнын айқындап беруімен бағалы.

Сұлтанмахмұт поэмасында қазақ зиялыларының екі жас буын өкіліне айрықша көңіл бөлінеді. Оның бірі – **Әлімхан Ермеков**. Әлімхан Ерме-

ков Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған. Қазақтан шыққан алғашқы математик ғалым. Томскінің технологиялық институтын бітірген. Төңкеріс тұсында ұлттық қозғалыс ісіне белсене араласып, қазақ ұлты көсемдерінің қасына еріп ғана қоймай, солардың сенімді серігіне айналып, халқын теңдік пен бостандықтың жарық жолына бастаған азаматтың бірі. Кеңестік өкіметтің Ленин, Сталин сынды көсемдерімен қазақ елі атынан келіссөздер жүргізіп, өзін іс жүзінде таныта алған қайраткер. Алаш қайраткерлерінің басына кара бұлт үйірілген тұста, алғашқылардың бірі болып ұсталып, тоталитарлық жүйе тырнағынан әрең құтылған. Одан кейін саяси жұмыстан кетіп, өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметпен айналысқан. Енді осы тарихи тұлға бейнесі поэмада қалай көрініс тапқанына назар аударайық.

Сөйлеп кетсе қозғалар бойда жаның,
Тас болса да ерітер жүрек қаның.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тұсаң ту осылай дегізер жанның бәрін.

Ақ жүрегі, ақтығы, адалдығына,
Бір ауыз қарсы айта алмай құриды әлің.
Халел мен Әлімханның алда екені,
Биыл Семей съезінде-ақ болды мәлім
[2,148 б.], –

деп, ақын Әлімхан Ермековтің азаматтық қасиеттерін баса көрсетіп, елі десе жүрегі елжіреген, ұлт мақсатын жүзеге асыру үшін жүрген жас азаматтың жарқын бейнесін жасайды. Ақын тапқан әдістің өтімді жері – ой шалымы бір-бірінен алшақтау тұрған екі халық өкілінің пікір танымы арқылы азаматтық тұлға туралы тұтастығы тоғысар ортақ пікір қалыптастыру. Сол арқылы ел сенімін арқалар асыл азаматтың толымды да жағымды бейнесін жасау. Әрине, мұндай сәтте көбіне-көп пікір салмағы кара қазаққа



Ахмет Байтұрсынов

қарай ауып жатады. Мұның себебі ол – ақын ұғымында қарапайым халық өкілі. Ендеше белгілі бір тұлға туралы соңғы сөз, тоқ етер шешімді сол халық өкілі айтуға тиіс. Бұл, әрине, елдің ертеңінің үміті Әлімханға да қатысты. Енді Әлімханға кара қазақ бағамымен карап көрелік:

Меніңше Ермеков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға.
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал ғой жеке дара.

Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтуда танбайтын еш пендеден.
Түбінде көңілім түзу әзірге деп,
Алдап, арбап жүретін түрге енбеген.

Әлімханның болашағынан үміт күттірер жас қайраткер екендігін оқыған қазақ оның білімдарлығы мен ілім тереңдігі, әділдігі арқылы таныса, қарапайым қазақ шаруасын оның шыншылдығы мен адалдығы қызықтырады. Қос пікірдің түйісер тұсы

жас азаматтың болмысынан бодандық бұғауынан жаңа құтылған елді болашаққа бастар жас өркеннің жайқалып өсіп келе жатқандығына деген сенім отының жануы. Ақынға ой түрткі болған да осы. Сөйтіп ол көңіліне алғанына қол жеткізген, көкейдегісін орындап шыққан.

Оқырманның келесі танысатыны **Халел Ғаббасұлы**. Өмір дерек бойынша ол Москва университетін тәмамдаған. Семейде «Алаш» партиясы құрылғанда, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен халық жүрегін жаулап алған қайраткер. Ғаббас та поэмада өте білімді, алғыр да білгір, қай нәрсенің де шешімін тез табатын, бастаған ісін аяғына жеткізбей қоймайтын, ой мен істің адамы ретінде көрінеді. Халелді оқыған қазақ былайша таныстырады:

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан...

Сөзден де көбінесе іске құмар,
Тез болмайтын істерден тайқып шығар,
Мың сөзден құйкылжытқан оның көзіне,
Істеген бір азғантай ісің ұнар
[2, 149-150 бб.]

Оқыған қазақ сипаттамасы арқылы Х. Ғаббасұлының қайраткерлік тұлғасын айқындаған ақын, қазақ зиялыларының ықыласы осындай жаста, бас болуға жарарлық азаматтар жағында екенін білдіреді. Ел болашағының берік тірегі деп білетін бұндай тұлғаны Сұлтанмахмұттың қатты бағалайтыны поэмадағы осынау кейіпкерге қатысты шуақты шумақтардан сезіліп-ақ тұрады. Мәселен қара қазақ сөзінде де оған деген сүйіспеншілік айқын байқалады.

Шырағым, әрине, рас мұныңдағы,
Ел бағы ондай жігіт табылғаны,
Съезде жер жайынан сөйлегенде,
Көрінді тереңдігі бізге-дағы...

Меніңше, Халел деген сынсыз жүйрік,
Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп,
Арбайып қол-аяғы алдан келер,
Алашты қақпайсың ба, сонда сүйсініп
[2, 150-151 бб.]

Жалпы ақынның Әлихан мен Ахметтерден кейін бірден осы жастарға көңіл аударуының себебі көп-ақ. Оның бірі – Сұлтанмахмұттың өз замандастарының деңгейі мен қарым-қабілетін өте жақсы білетіндігі. Ел басына өліара қалыпты әкелген кезеңде, ең алдымен, білігінің тұғыры берік, ертеңге деген сенімі нық осындай ұлт ісінің жүгінің ауырын көтеруге даяр жастарға үміт арту қажеттігін алға тарту. Сонымен бірге осы тұста ұлт зиялыларының алдыңғы буынының кейбірін ел қамынан бұрын көп жылғы еңбегінің өтеуі көбірек қызықтыра бастағаны, ақын көңіліне күдік ұялата бастағандай. Оны поэманың кейінгі тұстарынан анық байқаймыз. Ең бастысы Сұлтанмахмұт – ақ айтып, адал сөйлегеннен еш танбаған ақын. Ол өз поэмасында елге еңбегі сіңген қазақтың елеулісін бағалай біліп, қадірлісін қастерлей алған.



Міржақып Дулатов

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген тағлымды даналық Сұлтанмахмұттың басты ұстанымы.

Қазақ зиялылары қадірлеген қазақтың абыз ақсақалдарының бірі ұлы Абайдың шәкірт інісі, ақын **Шәкәрім Құдайбердіұлы** екені белгілі. «Таныстыруда» Шәкәрімге Сұлтанмахмұт айрықша көңіл бөлген. Мұның себебі де жоқ емес, Алаштың ақсақалы атанған дана қария осынау ел тығырыққа тірелген тұста, көшелі көзқарасымен жұрт көшінің түзелер жөнін сілтеп, ұлт тіршілігінің ісіне еркін араласып, ел жақсыларының алдында жүрген-ді. Сондықтанда поэмада ақынның ел ардағына айналған асыл бейнесі жылы жүрекпен жырланады. Ақын ардагер арыстың абыздық тұлғасын бір мысқал кемітпестен жеткізе алған. Сұлтанмахмұттың қаламынан туған тарихи тұлғаның көркем бейнесі шыншылдығымен шырайлы.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға
Ақсақал бола алғандай осы кәрің.

Байыпты, философтың табиғаты бар,
Көрсен де ол тұқымның ең жаманын.
Бұл қазақтан мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс
[2,160 б.].

Шәкәрімдей кемеңгер ақын поэмада бұрынғы өткен жыраулардың көзіндей көрініп, қазақ хандығы құрылар тұстағы Асанқайғы жыраудың бүгінгі замана төріне шыққан елесіндей белгі беріп, ақылы дария айдынды жыраудың алқалы топта толғаулы сөз қозғаған айбыны мен айбары көзге шалынғандай болады. Ақынның оны «Байтұрсынов, Бөкейханға ақсақал бола алғандай осы кәрің» деуінде үлкен мән бар. Ел ардақтаған екі арысқа «ақсақал болу» барша жұртты аузына қаратқан, бар қазақтың бірлігін ойлаған



Әлімхан Ермеков

бүгінгі Шәкәрімді кешегі Асан атадай қамқоршы бейнесінде танытпай ма?! Мұнда ел тілегін тұғыр еткен ізгілікті ой бар. Мұндай ел құрметіне бөленген данагөйдің қадірін қарапайым ел де жақсы біледі. Олар алдымен өз қадірін соларға білдіріп, ел тілегін ақтай алған дана ретінде танылған. Мұны Сұлтанмахмұт әсте естен шығармайды. Қарапайым халықтың сөзін айтар, әрине, қара қазақ. Ал оның Шәкәрім турасындағы пікір-бағамы өте жоғары.

Семейдің съезінде байқадық қой,
Екенін қарт кемеңгер әм терең ой.
Оқығандар болмаса жай қазақтан,
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой.

«Таныстыру» поэмасында ақын қаламына іліккен әйел затты жалғыз тарихи тұлға бар. Ол – **Нәзипа Құлжанкеліні**. Ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардың қазақ халқының мәдени тарихында ізгілікті із қалдырғаны бүгінде көпке аян. Бұл Аханның өзі – Ахмет Байтұрсынов «Н.Қ. ханымға» деп өлең арнаған ардақты Нәзипа ғой. Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1833) – Қостанай облы-



Халел Фаббасов

сы, Торғайда дүниеге келген. Педагог, мәдени қайраткер, журналист, аудармашы. Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген [4,456 б.]. Халық ағарту саласында қазақ қыздарынан шыққан алғашқы қарлығаштардың бірі – Нәзипа бейнесін ақынның қалай сомдап, қалай жеткізе алғанына көз салайық:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта,
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді
[2, 157 б.].

Ал осы Нәзипаның өмірлік серігі, алаштың аяулы азаматтарының бірі Нұрғалиды оқыған былайша сипаттайды:

Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.

Дүниеге қызықпайтын таза кісі,
Ондай кірлі нәрсемен жоқ жұмысы.
Салақтық не болмаса аңқаулық жоқ,
Тағы да әм ретті қылған ісі [2, 158 б.].

Сұлтанмахмұт Нәзипа мен Нұрғалиды жақын білген, кейбір деректерге қарағанда, олар ақынға Семей қаласындағы семинарияға түсуге кеңес берген (1, 152). Бұл ерлі-зайыпты қазақ зиялылары – ұлт мәдениетін көтеруге зор үлес қосқан ардақты жан-дар. Нұрғали Құлжанов 1919 жылы қайғылы қазаға ұшырап, өмірден ерте озған да, Сұлтанмахмұт осыған байланысты «Нүрекеңе» деген қазанама өлең де жазған. Онда: «Жақын үшін жан құрбан қылатұғын, Сендей ұл туа бермес алашына» деген жолдар бар.

Нұрғали мен Нәзипаның Абайдың қайтыс болғандығының он жылдығына орай өткізген кештері туралы кезінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті мәнді мақалалар жариялаған. Әсіресе Нәзипа Құлжанова жасаған Абай туралы баяндаманы аса жоғары бағалап, Нәзипаның Абайды орысшаға аударудағы алғашқы тәржімашылардың бірі екенін атап өткен [5].

Жалпы поэмадағы жағымды кейіпкерлер тиянақты бейнеленген. С. Торайғыровтың ақындық ерекшелігі туралы айтқан көрнекті әдебиетші ғалым Ә. Қоңыратбаевтың мына бір пікірі осының дәлеліндей: «...лирика арқылы өмірдің жеке көріністерін, өзінің ой-сезімін жырласа, ... поэмаромандары арқылы эпикалық стильде өмірдің мол суретін қамтып, әдебиетте объективтік өмірден алынған типтік адам бейнелерін жасаған суреткер» (6, 252 б).

Әрине, жоғарыда атап өткеніміздей, ақын мақсаты – қазақтың ұлтын сүйген ұландары туралы кейінгіге сөз



Жақып Ақбаев

қалдыру. Дегенмен, Сұлтанмахмұт Торайғыров орынсыз мадаққа, артық мақтауға сөз шығын етпеген. Жоғарыда біз ескі интеллигенцияның кейбірін осы бір тұста бұрынғы еңбегінің бағалануы көбірек толғандырды деген пікір айтқан едік. Соған дәлел поэмадағы Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков т. б. бейнелері сомдалатын тұстар. Бұл туралы Сұлтанмахмұт шығармашылығын кейінгі тұста біршама зерттеген ғалым Дандай Ысқақұлы: «Таныстыруда» қазақ азаматтары шетінен мақтала бермейді. Сол кездегі елге танымал кейбір кісілердің атқарып жүрген істерінің өз мүмкіндіктерінен көп төмен екендігін, оларға халықтың көңілі тола бермейтіндігін де аттарын атап тұрып ашық айтып салады» [7, 115 б.] десе, сұлтанмахмұттанушы ғалым Арап Еспенбетов: «С. Торайғыров жалаң мақтап, орынсыз мадақтауға бармаған. Қашан да сыншыл, шыншыл, сыршыл

суреткер шындықтың бетіне тура қарап, табиғат сыйлаған тума қасиетімен ақты – ақ, қараны қара деуден қашпаған» [1,154 б.] деп, Сұлтанмахмұт поэма-сындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ақынның азаматтық ұстанымының тазалығынан іздейді. Мүмкін, дұрыс та шығар. Жалпы шығармалық болмыс пен азаматтық ұстанымның арасы тым алшақ емес. Тарихи шындық негізі сәл басқашалау болғанымен, біз көркем дүниеде ақынның шығармашылық шабыты мен шығарма табиғатынан туындар қиял-қисынның орнын тапқан танымына жүгінуге тиіспіз.

Осы тұрғыдан алғанда, «Таныстыруда» шығармашылық ізденіс бағытында өзін-өзі ақтайтын біраз еркіндікке бой алдырған шешімдер бар. Мәселен, ел ішінде мақтаулы азаматтың бірі болып саналатын **Мұқыш Поштайұлы**. Оқыған қазақ аузынан үміт күте сипатталса, Қара қазақ оның ісіне соншама сүйсіне қоймайды:

Білмеймін Мұқышында оқу қанша,
Миллион оқу бітірсін маған салса,
Ыңыранып, көп жұтынып, баптаймын деп,
Бір түйе боталайды сөз айтқанша.

... Бәйгіден ондай жабы келе алмайды,
Болса да дорбаң жібек, меруерттен жем.
Атлас кілем жапсаң да бәйге әперер,
Деп айтпассың басыңда ми болса сен
[2, 152-153 б.].

Мұның өзі ақынның ел азаматын ел бағалайды деген ұғымды ұқтырғысы келгенін танытса керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы, ең алдымен, көркем шығарма, сондықтан оның әр жолынан дерек көзін іздеп, әр кейіпкердің бейнесінен тарихи тұлғаның дәл көшірмесін көрудің қажеті жоқ. Рас, ақын уақыт талабынан туындаған замана сұранысына орай публицистикалық орамы орнықты поэма жазып шыққан. Бірақ публицистикалық сарынның ба-

сымдылығына қарамай, шығарма – көркемдік талаптарға толық жауап бере алатын, жанр табиғатына сай жазылған дүние. Сондықтан да поэмада көрініс тапқан кейбір тарихи тұлғалардың бейнеленуінің біздің бүгінгі күні қалыптасқан көзқарасымыздан өзгешелеу шығып жатқандығына, салқындау қараудың қажеті жоқ.

Ақынның өзі таңдап алған тарихи бейнелерді қалауынша сомдауға ерік беретін бірнеше себептер бар. Біріншіден, Сұлтанмахмұт деректі дүние жазып отырған жоқ. Екіншіден, творчестволық тұлға ретінде ақын кейбір еркіндікке баруға толық құқылы. Үшіншіден, ақын сол заманға жақын тұрғандықтан да оған көп нәрсе бізден гөрі айқындау және оның өзіндік қабылдауы барлығын ұмытпаған жөн.

Осы поэманы сөз еткен зерттеушілердің тіл ұшына орала бермейтін бір бейне – **Жақып Ақбаев** сынды тарихи тұлға. Поэмада осынау азамат туралы жұмсартып айтқанда, аса жылы сөздер қозғала қоймайды. Жақып Ақбаевтың қазақтың айтулы азаматтарының бірі екендігінде дау жоқ. Ол 1876 жылы туған. Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1905 жылдан бастап саяси күрестегі қазақ зиялыларының алдыңғы қатарында болған адам. 1908, 1915, 1917 жылдары бірнеше рет патша жандармеясының қудалануына ұшырап, қамауда, айдалуда жүрген. 1917 жылы Алаш партиясының жұмысына араласып, алашорда үкіметін құруға қатысқан. 1918 жылдардан бастап губерниялық деңгейдегі кеңестік заң орындарында түрлі қызметтер атқарған. 1930 жылы енді оны кеңес өкіметі қудалауға ұшыратып, қамауға алады да, 1932 жылы 5 жылға Воронеж облысына жер аударады. 1934 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты Алматыға келуіне рұқсат алып, көп ұзамай қайтыс болады [8, 154 б.]. Елім деп еңіреп өткен азамат еліне еткен еңбегінің зейнетін көре алмай,

қорлық пен зорлықта өмір өткізіп, мына баянсыз дүниемен осылай қоштасады. Өкінішті-ақ!.. Бірақ тағдырға шара бар ма?! Бүгінде Жақып Ақбаев есімі қайта жаңғырып, біршама зерттеулерге арқау болып жатыр. Мұхтар Құл-Мұхамед айтулы азамат туралы біраз зерттеулер жүргізіп, ер есімін елге танытуға біршама еңбек сіңірді.

Ал енді осындай азаматтың Сұлтанмахмұт шығармасында біржақтылау көрінуіне не себеп, бұған дәлел-дәйек бар ма дегенге келер болсақ, оның бір жақты жауабы болуы мүмкін емес. Бұл жерде «тырнақ астынан кір іздеудің» қажеті шамалы. Шығармада Сұлтанмахмұттың талғамынан өткен уақыттың көркемдік көрінісі белгі берген. Аласапыран уақыттағы ерге сын кезеңде ақын Семейдегі қазақ зиялыларымен ел тағдырының ауыр жүгін жұмыла көтеріскендігі тарихтан белгілі. Қиын кезеңдегі қызмет барысында қилы тартысты тұстардағы пікір қайшылықтары, идеялық ұстанымдардың бірлік танытпауы шығармашылық ізденіске өз әсерін



Назипа Құлжанова

тигізуі әбден мүмкін. Оны жоққашығара алмаймыз. Оның үстіне Сұлтанмахмұт – ұстанған бағытынан таймайтын, анау-мынауға иліге қоймайтын адам. Сонау «Айқапта» жүрген уақытында, тіптен, оның Әлихан бастаған «Қазақ» төңірегіндегі зиялылар тобымен айтасқа түскен тұсы да бар. Кейіннен өз пікірінен қайтып, «Сарыарқа» газетінде Әлихан Бөкейхановқа арнау өлең жазып, мақала жариялаған. Сондықтанда біз «Таныстыру» поэмасында көрініс тапқан кейбір жайттарды ақынның кезеңдік көзқарасының көркем шығармадағы көрінісі ретінде қабылдауымыз керек.

Поэмадағы Оқығанның Жақыпқа деген көзқарасы мына сипатта:

Белгілі Жақып мырза Ақбайұлы,
Қызмет қылар кісінің бұ да бірі.
Азды-көпті атағын былай қойып,
Тексергенде мынау ғой оның сыны.

Тап берме, құр даурықпа, жеңіл ақыл,
Көрмегенсіп жүретін жұртты мақұл.
Болмаса аккөңілісіп жылайтыны,
Тіпті ғылым, таланттан бойы тақыр
[2, 153 б.].

Ал енді мұның дәлелдемесі қайсы десек, ол оқыған пікірін құптаған кара қазақтың көзі көрген Жақыптар бастаған топтың 1917 жылдың құрылтайындағы іс-әрекеті.

Рас, осы Жақыптың анық түсі,
Кешегі съезден-ақ шықты мысы.
Алыстан әулиедей көрінсе де,
Үш күннен соң жоламас әлі кісі.

Жақыптан биік мақсат үмітті едік,
Түкте жоқ партия ғой бар жұмысы.
Райымжан екеуі бірге жүріп,
Съезде салған жоқ па жұртқа бүлік.

Мұнан әрі кара қазақ ол топтың ел бірлігі аса қажет тұста қарақан бастың камын көбірек ойлап кеткендігін термелей айтып шығады. Дәлелі татымды, дерегі сенімді, шындығы шүбәсіз бұл оқиғалардың куәгері лирикалық

қаһарман ретіндегі автордың өзі екендігі тағы да күмәнсіз.

Қос кейіпкер арасындағы әңгімеден ұғылар нәрсе Жақып пен Райымжанның өзгелерден бөліне өзінше бір топ құрып әрекет еткендігі. Ал осы тарихи оқиғаның басы-қасында болған автор беделге емес, шындыққа жүгінген. Сондықтан да көркем дүниедегі әдеби кейіпкер тарихи тарихи тұлғаға сай емес, дәл келмейді деп ақынға кінә тағуға болмайды.

Поэмада Сұлтанмахмұттың қырына ілінген қазақ зиялысының бірі – **Райымжан Марсеков**. Ол туралы «Таныстыруда» мынадай жолдар бар:

Айтпақшы Марсекеңнің баласы бар,
Адвокат, қырма сақал Райымжан шал.
Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,
Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар.

Сөз қоспай құр дауыстап тығылып қап,
Болады топ алдында аяныш жан.
Сонда да басты бұлғап, аузын созып,
Келтірем деп ойлайды сөзіне дәм.

Планы жоқ тоқтаудан және ұялып,
Талай жерде қызартып ұят қылған.
Сөйлегенде «затем» деп тұрып алып,
«Затемге» бір сөз қоспай мысы құрған
[2, 161-162 бб.].

Біз түрлі жазбалар, естеліктер мен зерттеулер арқылы танып – білген Райымжан Мәрсеков, әрине, басқаша-лау. Райымжан Мәрсеков 1878 жылы Өскемен уезінің Айыртау болысында дүниеге келген. 1902 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Студенттік кезінен бастап саяси күреске араласып, түрлі қудалауларға ұшыраған. 1910-1914 жылдар аралығында жалпы қазақ съезін өткізуге талап етушілер жағында болған. Бірақ кейбір қазақ зиялыларынан қолдау таппауына орай бұл талап нәтижесіз аяқталады. 1917 жылы Семей қаласынан Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, т.б. адамдармен бірге Алашорда комитетінің мүшесі бо-

лып сайланады. 1918 жылдан бастап кеңестік қызметке біраз араласады. 1920 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге қытайдағы қазақтарға барып, Р. Марсеков сонда қалып қояды. Қытайда жүргенде 1927 жылы тұтқындалып, жұмбақ күйде қайтыс болады (9, 109 б.). Азаматтың қазасы туралы бір-біріне кереғар дерек көздері бар. Олар әлі нақтылана қоймағандықтан келтіріп жатуды жөн санамадық.

Жалпы Сұлтанмахмұт туындысында сынға алынған кейбір тұлғалардың қазақ тарихының қиын кезеңінде ел үшін аянбай еңбек еткені белгілі. Бірақ ақынның көркем шығармада оларды осылай көрсеткеніне кінә тағуға да болмайды. Мәселен Р. Марсековпен Семейдегі қазақ комитетінде бірге істегендіктен [1,154 б.], Сұлтанмахмұт оның іскерлігі мен адамдық болмысына тән жақсы-жаманды қасиеттерін бір адамдай білген. Бірақ әңгіме мұнда емес, әңгіме тарихи шындық пен оның көркемдік дәлдігінде. Бұл тұрғыдан алғанда, поэмада Сұлтанмахмұт құрғақ сөз қуып кетпей, тарихи оқиғалардың жымдасқан желісінен шындықты оқиға өріп, тарихи дерек пен шығармашылық қиялдың бірлігінен көркемдік шындығы нанымды дүние жасай білген.

Саясат деген қытымыр дүние ғой, ұңғыл-шұңғылы да көп, адамның қателікке бой алдыруы оңай-ақ. Оның үстіне онда қулық-сұмдықсыз іс те бітпейді. Сұлтанмахмұттың өз кейіпкерлерінің осындай бір іс-әрекеттерінен хабардар екені және оның ел-жұрт білетін ерсі дүние болуы мүмкін. Әйтпесе ақын өзінің көркем дүниесінде кесіп-пішіп шешім қабылдамаған болар еді.

Тағы бір көзге түсер нәрсе поэмада қазақ жұрты тығырыққа тірелген осы бір тұста көп қазақ оқығандарының қазақшылық қу мінезден арыла алмай, ұлтының емес, руының жыртысын жыртықан кепіетсіз қалпының сүреңсіз суреті қылаң беріп қалатын тұстар баршылық. Бернияз ақын «қанды



Райымжан Мәрсеков

жыл» деп атаған, екі бірдей төңкерістің куәгері болған атақты «1917»-нің кезеңіндегі қазақ даласындағы саяси күрес сипатын тарихшыларымыз қанша жаздық, аштық дегенмен, әлі де болса құпиясының кілті ашылмаған жайлар баршылық. Съезд қарсаңындағы қарбалас кезінде де, съездің өзінде де, одан кейін де үйренген әдеттің жетегінде кетіп, қазақтың «Бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып», біріге алмай қалғаны рас. Әйтпесе, Түркістан өңірі мен қазақ даласының Құдай өзі беріп тұрғанда мәселені кейінге ысырып, қосыла алмай қалуын немен түсіндіруге болады. Оған тарихшыларымыз шамашарқынша жауап беруге тырысып-ақ жатыр. Бірақ мәселенің түп негізі әлі ашыла қойған жоқ. Аңдап оқығанға С. Торайғыровтың «Таныстыруында» тарих түнегіне сәуле түсірер меңзеулер мол, індетіп қараса талайға бағыт сілтеп, бағдар көрсетіп тұрғандай. Осы күнде зерттеуші ғалымдарымыздың та-

рихшысы болсын, әдебиетшісі болсын Алаштың қай қайраткерін зерттесе, соны аспандата көтеріп, оған шаң жуытпай, істеген де, істемеген де істерді соған теліп, күн де, көсем де сол өзі зерттеген кісі деп танитын әдет тапты. Оу, адам болған соң, пенде болған соң қателесуі, мүлт кетуі мүмкін емес пе?! ... Оның үстіне ХХ ғасырдың басы күйіп тұрған саясат, зиялы біткен саясатшы, осыған бір сәт назар аудармас па?.. Ал саясат деген «итің» жоғарыда айтқандай жата берісі мен жалт бермесі көп, құйтырқы да, құбылмалы «қудың өзі». Сондықтан да кімде кімнің де тарихтағы орнын анықтарда абай болған жөн, ағайын. Сүйіктімізді сүйкімді етем деп, сүмірейтіп алып жүрмейік.

Ал енді өз әңгімеміздің арнасына оралсақ, Сұлтанмахмұт поэмасының басты жетістігі аталмыш кейіпкерлердің көркемдік бейнесін сомдаудағы ақын ұсынған образдық қалыптың танымдық тағылымында жатыр. Біз поэмадағы бейнелерге осы талап деңгейінен келуіміз керек. Тарихи тұлғаны көркем образға айналдыруда ақын дәстүрлі жағымды-жағымсыздық үрдіс жетегінде кетпей, шындықтан туған шынайы образдар галереясын

жасауға ұмтылған. Өз ойын жүзеге асыра да алған. Жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде оны дәлелдеуге қол жеткіздік деп білем.

«Таныстыру» поэмасы туралы ойымызды қорытындылай келе айтарымыз ақын өз мақсатына толық қол жеткізген. Ал мақсат – жұртына қызмет еткен ұлт азаматтарының абыройын асқақтату, кемел тұлғаны әдеби көркем бейнесі арқылы елге үлгі, жастарға өнеге ету. Сұлтанмахмұт ақын ретінде қазақ зиялыларының атын тарихта қалдыруды көздей отыра, олардың ел үшін еткен еңбегін бағалай біліп, өмір ағысының толқынды да толқымалы тұстарындағы қиындықтарда, қия басқан сәттерінде жыр желісіне енгізіп, өмір шындығын көркемдік шындықтың көрігіне суарған. Ел тарихының қиын кезеңін жырлауда дәуір ұғымына ыңғайлы поэзиялық жанрды таңдай алып, жалынды жырдың отты қызуы арқылы ұлт рухын көтеруді, елдің саяси санасын оятуды алға ұстаған. Пулицистикалық стильге бой ұрған қолтанба айқын болғанымен, көркемдік қуат кемшін соғып жатқан жайы жоқ. Мұнда күдіретті сөз өнерінің сәулелі шуағы мен көркемдік қуаты айқын басымдылық танытады.

Әдебиеттер

1. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
2. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым 1993. – 280 б.
3. Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
4. «Қазақ». – Алматы: «Қазақ Энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
5. «Қазақ», 1914, №51.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
7. Ысқақұлы Д. Әдеби алыптар. – Астана: Фолиант, 2004. – 106 бет.
8. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.
9. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 б.
10. «Жизнь национальностей», 1919, № 29, 2 августа.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1995. – 350 б.

Об авторе: учитель, историк, краевед. Область научных исследований – история печати, образования и медицины в дореволюционном Троицке.

About the author: teacher, historian, local historian. The field of scientific interests is the history of the press, education, medicine in the pre-revolutionary Troitsk.

Автор туралы: педагог, тарихшы, өлкетанушы. Ғылыми ізденістер саласы – төңкеріске дейінгі Троицкідегі баспасөз, білім беру және медицина тарихы.



Рауф ГИЗАТУЛЛИН

Об авторе: кандидат исторических наук, доцент КазНУ им. аль-Фараби.

About the author: candidate of historical sciences, associate professor of Al-Farabi KazNU.

Автор туралы: тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.



Гюльнар МУКАНОВА

МАРЬЯМ СЕЙДАЛИНА – КОРРЕСПОНДЕНТ ЖУРНАЛА «АЙҚАП»

Аннотация. Авторы статьи на базе письменных исторических источников и редких фотографий начала прошлого века сумели реконструировать малоизвестную страницу истории казахской периодической печати. Журнал «Айқап» (1911-1915) интегрировал духовную и интеллектуальную деятельность первых казахских женщин-корреспондентов. Одна из них, Марьям Сейдалина, из чингизидов, была корреспондентом журнала. Ее лирические стихотворения и другие, на гражданскую тематику, опубликованы в «Айқапе». Семья Сейдалиных разделила судьбу многих жертв политических репрессий.

**Rauf GIZATULLIN, Gulnar MUKANOVA
MARIYAM SEYDALINA AS CORRESPONDENT OF THE «AIQAP» JOURNAL**

Abstract. The article's material, in the genre of journalistic investigation, based on historical sources, rare photographs of the beginning of the last century, allows reconstructing a little-known page of the history of the national periodical press. The magazine «AIQAP» (1911-1915) integrated the spiritual and intellectual activity of the first Kazakh female correspondents. One of them, Maryam Seidalina. Her lyric poems and others, on civil themes, were published in the «AIQAP». The Seydalins' family shared the fate of many victims of political repression.

**Рауф ГИЗАТУЛЛИН, Гүлнар МҰҚАНОВА
МАРЬЯМ СЕЙДАЛИНА – «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТИ**

Аңдатпа. Тарихи дереккөздерге, әсіресе өткен ғасырдың басындағы сирек кездесетін фотосуреттерге негізделген, журналистік тергеу жанрындағы мақала оқырмандарға ұлттық мерзімді басылымдардың тарихының белгісіз беттерін анықтауға мүмкіндік береді. Алғашқы ұлттық мерзімді басылым – «Айқап» журналы (1911-1915) қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы тілшілердің рухани және интеллектуалдық күшін біріктірген. Солардың бірі, Марьям Сейдалин(ов)а. Оның лирикалық өлендері және басқа, азаматтық тақырыпқа арналған туындылары «Айқап» беттерінде жарияланды. Сейдалин отбасы саяси қуғын-сүргіннің көптеген құрбандарының тағдырын бөлісті.

На казахстанских исторических сайтах в последнее время можно прочесть краткую справку: «Первые женщины-работники в периодических изданиях – это корректор журнала «Айқап» Мариям Сейдалина и основатель женской печати в Казахстане Назипа Кулжанова» [1]. В других публикациях повторяется эта информация, но далее ничего не сообщается. Заинтересовавшись этими сведениями и обнаружив фото Марьям Сейдалиной в юности [2], мы приступили к поискам других источников о судьбе и творчестве этой симпатичной девушки.

На фото она выглядит вполне эмансипированной, в нарядном европейском длинном платье, с веером в руках, изящная и задумчивая.

Кто она, каково ее происхождение? Каким образом ее талант и несомненная образованность привели ее в журналистику и издательское дело? Сочинять стихи и придумывать рифмы может, пожалуй, каждый, а вот чтобы служить в редакции первого казахского периодического издания в г. Троицке?!

Конечно же, в первую очередь мы обратили внимание на фамилию – Сейдалина. В энциклопедии «Айқап», под редакцией Р. Нургалиева, в перечне авторов журнала, выходившего в 1911–1915 годах, указана другая фамилия – Сейдалинова. А вот имя совпадает – Мариям. В указателе имен авторы сборника поясняют, что это Сейдалина Мариям так подписывала свои публикации [3, 366]. Фотография М. Сейдалиной дана в энциклопедии, но на ней Марьям уже взрослая женщина [3, 299].

Составители энциклопедии «Айқап» считали, что Марьям приходилась сестрой двум другим Сейдалиным, статьи которых регулярно выходили в журнале «Айқап». Годы ее рождения и смерти неизвестны, указано в энциклопедии «Айқап» [3, 301]. В дореволюционном журнале «Айқап» были опубли-

кованы ее стихи «Зарлау», «Көздер», «Тұр, казак!».

Современные башкирские исследователи, изучавшие биографию и деятельность известного просветителя 19 века Мифтахетдина Акмуллы¹, приводят другие сведения о М. Сейдалиной. Акмулла тесно общался с казахской и татарской интеллигенцией в Троицке. В его стихотворениях, посвященных казахским друзьям, исследователи обнаруживают фамилию Сейдалин.

Так, в статье исследователя из Уфы Ф.Ф. Янышева находим фразу: «Жансолтан Шыуакович Сейдалин. В 1883 г. он окончил юридический факультет Казанского университета с дипломом магистра и в тот же год был награжден орденом Станислава III степени за переводческую деятельность в суде. Был единомышленником Акмуллы. Об этом свидетельствуют его статьи, опубликованные в журналах «Казах», «Айқап». Дочь Жансолтана, Марьям была певицей-импровизатором. Говорят, что эта красавица соревновалась в пении улян (казахская песня) с Шайхзадой Бабичем»² [4]. Это уточнение дает основание полагать, что М.Сейдалина свободно говорила и на башкирском языке.

Проблему женского равноправия, эмансипации казахских женщин, охраны детства и материнства поднимали на страницах журнала женщины-казашки: Сақыпжамал Тлеубайқызы, Марьям Сейдалина, Кудяйым Утегенқызы, Назипа Кульжанова, отмечают журналисты. Однако, других сведений о Марьям также не прилагается.

Обратившись к дореволюционным изданиям о казахах, в частности, к книге Алекторова А.Е. «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» [5], мы обнаружили фа-

¹ Акмулла – сторонник джадидского учения, сподвижник Зайнуллы-ишана Расулева.

² Шайхзада Бабич – башкирский поэт.

милию Сейдалин. Первым по хронологии идет Тлеу (Тлеу-Мухамед. – Г.М.) Сейдалин. О нем сказано, что публиковался в «Тургайской газете» в 1870 году. Тлеу Сейдалин – автор заметки о хлебопашестве у казахов, призывал к оседлости. Он – выпускник Неплюевского кадетского корпуса, хорошо продвигался по службе, дорос до должности помощника Тургайского уездного начальника. В Неплюевский корпус тогда преимущественно принимали детей степной знати, детей чингизидов, султанов, готовя из них будущую администрацию края.

Далее. У Алекторова встречается другой Сейдалин Ж.Ш., который опубликовал в «Тургайской газете» в 1897 и 1898 годах интересные заметки. Их названия: «Зулейха», «Загадки Ходжа-Ахмета», «Происхождение кукушки» (казахская сказка)» [5]. То есть, Ж.Ш. Сейдалин увлекался фольклором и этнографией. Его заметки представляют интерес для исследователей тюркской истории и словесности. О нем в книге Алекторова в примечаниях говорится, что он приходится племянником Тлеу Сейдалину. Косвенно это свидетельствует в пользу аристократического происхождения Ж.Ш. Сейдалина.

Изучив другие источники, справочные материалы, мы можем склоняться к версии, что Ж.Ш. Сейдалин, писавший заметки в «Тургайскую газету», – это Жансултан Шуакович, личность известная в Зауралье, Тургае, Костане и Троицке в конце 19 – начале 20 вв.

Марьям, соответственно, его дочь от третьей жены. От матери ей передан дар импровизации, стихосложения и красота, а отец, сам увлекавшийся фольклором, поощрял гуманитарное развитие дочери и не препятствовал ее участию в айтысах. Ее стихотворения (пока их количество – 3, но, возможно, будут найдены больше) обнаружены в номерах журнала «Айкап».



Сейдалина Марьям

Что касается тематики стихов Марьям, то об этом можно догадаться по названиям. К примеру, «Тұр, казак!» явно создано под впечатлением от стихотворения М. Дулатова «Оян, казак!» Написано оно позднее стихотворения М. Дулатова, т.е. хронологически влияние дум автора с активной пропа-



Сейдалин Аббас



Сейдалин Сафаржан

гандистской деятельностью Миржакыпа Дулатова прослеживается. Дулатов также печатался в «Айкапе», подражаний его стихам в тот период было немало. Да и собственно тема пробуждения родного народа, побуждения к учебе и развитию в тот период была наиболее острой в печати.

Стихотворение «Көздер» М. Сейдалиной относится к интимной лирике, оно о чувствах девушки. Другое стихотворение «Зарлау» – о судьбах казахской женщины. Название «Зарлау» также было популярно в тот период. Султан-Махмут Торайгыров, работавший в редакции «Айкап» секретарем также назвал свое стихотворение «Зарлауым». Торайгыров описывает положение шакирдов в медресе [6]. Султан-Махмут был вынужден бросить учебу вследствие тяжелого материального положения и болезни глаз. Также тема «зарлау» (оплакивание мытарств)

встречается у Магжана Жумабаева, который также на себе испытал участь шакирда. Поэт сочувствовал тяжелой женской доле: стихотворение «Шың сорлы» и др. [7].

Тематическая переключка стихотворений указанного периода заставляет нас предположить, что, вероятно, Миржакып Дулатов или Мухамеджан Сералин (издатель-редактор журнала «Айкап») могли объявить литературное состязание, кто лучше опишет ту или иную социальную тему. Лучшие стихи публиковались на страницах «Айкапа», их затем читали в разных городах и уездах, учили наизусть, писали отклики и т.д. Тем более, что Марьям имела опыт в состязаниях и ей хотелось сочинить свои стихи на острую тему.

Марьям Сейдалинова предположительно в момент участия в работе журнала «Айкап» не была замужем. По мнению российского историка Р. Гиза-

туллина, она могла быть выпускницей одного из мусульманских училищ для девочек (светские учебные заведения для инородцев в России были запрещены). Соответственно, она знала основы наук, грамотно писала, читала. По данным башкирских исследователей, «...Когда Альмухамет (Сейдалин. Приходился троюродным братом Жансултану Сейдалину) служил в Иргизском уезде, по его ходатайству открылась двухлетняя русско-киргизская школа для девушек. Его дочь Гульгаухар от третьей жены Уммигульсум училась в этом заведении» [4]. Позднее Гульгаухар станет женой Ахмета Беремжанова, репрессированного в советский период. Это родители известного ученого-химика Беремжанова...

Окончила Марьям школу в Иргизе или иную, пока установить не удастся. Мнение по этому вопросу Р.Н. Гизатуллина, из переписки нашей с ним, следующее: «Марьям Джансултан кызы (?) Сейдалина (или Чувакова?) могла учиться, предположительно, в мусульманской частной женской прогимназии «Соёмбикэ», женском медресе Яушевых, или в какой другой татарской девичьей школе». Но это пока предположение.

К какой судьбе готовили ее родители? Материально она очевидно не нуждалась, могла составить достойную партию выходцу из среды чингизидов-казахов. Поскольку она была грамотна и сама увлекалась сочинительской деятельностью, то редактор-издатель «Айкап» М. Сералин, знавший ее семью, привлек Марьям к вычитке текстов и писем от корреспондентов.

Она была светским человеком, т.е. к деятельности муллы не была склонна. Между тем, в дореволюционных источниках мы обнаружили любопытную статистику. Оказывается, по Акмолинской области (данные 1893 года) велся учет количественного и гендерного состава духовенства. Магометанское

(мусульманское) также учитывалось. Отдельной графой вынесена категория «киргизские (казахские. – Г.М.) муллы». Что интересно, среди мулл встречались женщины (!). Так, в городах Акмолинск, Кокчетав, Петропавловск, Омск (тогдашний административный центр Акмолинской) казахских мулл-мужчин оказалось: в Омске – 2, в Кокчетаве – 1, в Петропавловском уезде – 8, в Омском уезде – 5. Тогда как казахских мулл-женщин: в Омском уезде – 4. Эти цифры по-новому раскрывают гендерный аспект социального развития региона. Нигде ранее данных об исламском духовенстве из числа казашек в Акмолинской области на рубеже 19-20 веков, нам не встречалось в литературе и историографии [8]. Подавляющее большинство «магометанских» мулл в регионе были, соответственно, татары.

Девушка на фотографии (2; 69) заинтересовала настолько, что мы обратились в Троицк, к краеведу Гизатуллину Р.Н. Последний поделился следующими находками: «... В «Книге для записей вновь поступающих учеников в Троицкую гимназию, начиная с января 1896 года» можно увидеть казахские фамилии, например, наряду с детьми аульных баев и волостных старшин, встречаются потомки крупных туземных чиновников – статского советника Джан-Султана (Жансултан. – Г.М.) и Нух-Гирея Сейдалиных: Аббас Сейдалин (о нем записано «сын чиновника»), Дауренбек Сейдалин (зачисленный в 1904 г.), Сафаргали Сейдалин (сын первого) и другие...».

Учитывая полученные из Троицка сведения, вновь обратились к фотографиям. Оказалось, сохранились фотографии Аббаса (Фаббаса) Сейдалина и Сапара (Сапаржана) Сейдалина [2, 22-23].

Изучив фотографии начала 20 века, на которых изображены выпускники Троицкой гимназии, мы выяснили, что у Марьям Сейдалиной были братья Аб-

бас, Сафарбек (Сапар). Из публикаций становится известно, что еще была сестра Ажар.

Были ли они все родными по матери (учитывая, что у Жансултана Сейдалина было жены как минимум три), точно не известно, но все они были детьми Жансултана Сейдалина (1856-1919), известного в крае юриста. Человек образованный, владевший русским языком, он своих детей наставлял учиться. О том, что сестра была тоже образованная, учительница, известно из статьи: «Сейдалина Ажар Жансултановна преподавала в русском классе при 1-м женском Кустанайском мектебе. В данный период в суде работал известный казахский юрист Жансултан Сейдалин – отец Сейдалиной». Фамилия Сейдалиных для Троицка была известной. Так, секретарем Троицкого окружного суда работал губернский секретарь Мухамед-Гирей Чувакович Сейдалин. Эти данные приводит в своей докторской диссертации историк А.А. Айтмухамбетов [9].

Что касается другого активного корреспондента журнала «Айкап», Сейдалина Жиганшаха (Жиханша. – Г.М.) (1877-1923), то он не был родным братом Марьям. Его отец, султан Сейдалин Альмухамед – статский советник, судья, приходился братом Тлеу-Мухамеду Сейдалину.

Исследователь Султан-Хан Аккулы придерживается особого мнения относительно покровительства со стороны чингизидов журналу «Айкап». Так, он пишет: «В 1911 году выходят два более заметных издания: газета «Қазақстан», которую основал Шангерей Бокейулы (Шахингирей Букеев), выпускник кадетского корпуса, поэт и просветитель, и – журнал «Айкап», за которым стоял общественный деятель Жиханша Сейдалин. В отличие от газеты «Қазақстан», которая после выхода в свет 15-го номера была закрыта вла-

стями, журнал «Айкап», выходявший тиражом 500 экземпляров, имел круг постоянных читателей из числа степной аристократии – родовых вождей и чингизидов» [10].

Это интересный вывод. Потомки ханов Айшуака и Бокея, в маргинальной зоне, приобщились к европейской (русской) культуре и светскому образованию. Объективно оценивая преимущества достижений Европы, они настойчиво хлопотали об открытии учебных заведений, в том числе для девочек, и приняли посильное участие в открытии в 1911 году периодических изданий на казахском языке. Это удалось им, несмотря на реакцию после событий 1905 года. Это большое достижение, умение отстоять национальные интересы, положительно характеризует казахскую аристократию начала 20 века.

Вообще, 1911 год в истории русского высшего образования оказался драматическим. Из-за политической ситуации не прекращались студенческие беспорядки и полицейские нападки на Московский государственный университет, прогрессивные профессора вынужденно покинули вуз. Регрессивные вердикты, к примеру, закрытие высшего женского образования, сводили на нет достижения предыдущего этапа [11].

К сожалению, под эти ограничения подпали и такие образованные девушки, как Марьям Сейдалина. Они не смогли продолжить учебу в высших учебных заведениях. Тогда как ее брат Аббас Сейдалин, окончив Троицкую гимназию, по стопам отца, Жансултана Сейдалина, поступил в Санкт-Петербургский университет.

В последних по времени изданиях родство М. Сейдалиной с Жиханшой и Жансултаном Сейдалиными из-за скудости сведений о ней, к сожалению, дано неточно. В одном издании на одной странице указано, что она – их се-

стра, тут же, через абзац, что она – дочь Жансултана. По-видимому, ошибка вкралась из-за невнимательной вычитки текста [12].

Фамилия Сейдалиных довольно часто встречается в дореволюционной периодике. Сейдалина Марьям приобщилась к журналистской деятельности, писала стихи на острые социальные темы. Ее сестра Сейдалина Ажар учительствовала, что тоже характеризует девушку весьма положительно. К сожалению, аристократическое происхождение стало поводом к репрессиям в советский период; многие Сейдалины оказались жертвами преследований и были физически уничтожены. Остались их заметки, в которых поднимались вопросы просвещения народа, призывы реализовать свои возможности.

Таким образом, благодаря искусству фотографии начала 20 века удалось идентифицировать тех, кто

принимал активное участие в продвижении первых периодических национальных изданий, в частности, журнала «Айкап». Исторические письменные источники (справки об учащих гимназий г. Троицка, их родителях и попечителях) позволили уточнить сведения о социальном происхождении и родственных связях. Исследование библиографии дореволюционного периода позволяет выявить гражданскую активность казахской интеллигенции (чингизиды составляли ее лучшую часть) в публикаторской деятельности. Их заметки увидели свет на страницах изданий «Тургайская газета», «Қазақстан», «Қазақ», журнал «Айкап». Марьям Сейдалина, благодаря таланту импровизации и сочинительства публиковавшая произведения в тот период, ныне в истории национальной периодической печати должна занять достойное место.

Литература

1. http://el.kz/ru/news/vazhno_znat_alash
2. Алашорда: Фотоальбом / Құраст. Б. Мүрсәлім. – Алматы: «Орхон Баспа үйі», 2012. – 284 б.
3. Энциклопедия «Айкап» / Бас редакторы Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995.
4. Янышев Ф.Ф. Думы о великом поэте и мыслителе. К 185-летию Мифтахетдина Акмуллы // <http://www.bp01.ru/public.php?public=5186>
5. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань: Типография Императорского университета, 1900.
6. Торайғыров С. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Шығыс, 1993. – Том. 1-2.
7. Жұмабаев М. Шығармалар, 3 т. – Алматы, 1995.
8. Обзор Акмолинской области за 1893 год. – Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1895. Ведомость А.
9. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX – начале XX вв. (исторический аспект): Диссер... доктора историч. наук. – Семей, 2010.
10. Аккулы С. Газете, которая отстояла этническое название казахов, исполняется сто лет // Июнь 12, 2012 <https://rus.azattyq.org/a/newspaper-khazakh-aikhap-baitursunuly-dulatuly/24605595.html>
11. Вернадский В.И. 1911 год в истории русской умственной культуры // Из Ежегодника газеты «Речь» на 1912 год. Б.г., б.м. С.11.
12. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық // Құраст.: Е.Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. – Астана: «Сардар» баспа үйі, 2012 // <http://archive.li/g8uE5#selection-3267.0-3293.322>



Алғашқы «Айқаптын» авторы



**Кәшімов Мұхамеқсәлім
(1884-1935)**

Ақын, журналист. 1911-19ж. «Айқап» журналында қызмет істеді. Жетісу, Қытай, Қырғыз елдерін аралап, жол әңгімесі ретінде сонда тұратын қазақтардың әдет-ғұрпы, тарихы, этнографиясы, шаруашылығы, әдебиеті, мәдениеті туралы мақала, очерктер жазған. «Музыка» атты мақаланың орны ерекше. «Айқапта» жарияланған мақала, очерктері: «Верный қағызкерген, білгендерім», «Түркістан шаһарында», «Шымкенттен», «Токмақ ақуалдары», «Қапал уезінен», «Дулисата мен Токмақ арасы», «Райымжан Мәрсековпен сөйлескенім», «Шымкент уезіндегі ас», «Қытай қазағында қайырлыс», «Музыка» өлеңдері: «Жаз мезгілі», «Күзетшілерге», «Дулисата бабамның шырақшылары», «Лейсі» және т. б.

Автор туралы: философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

About the author: candidate of philosophy science, Al-Farabi Kazakh National University.

Об авторе: кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби.



Гәуһар АБДРАСИЛОВА

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ РУХАНИ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАЙЛЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық танымының рухани-интеллектуалдық тамыры мен бастауларын саралайды. Шәкәрімге «Үш анық» атты рисалатты жазуға тірек болған философиялық ұғымдар мен түсініктерді, ой-тұжырымдарды және кісі аттарын салыстыру кезінде анықталған олқылықтар алға тартылады.

Gauhar ABDRASILOVA

LIBRARY OF SPIRITUAL AND INTELLECTUAL CREATIVITY OF SHAKARIM KUDAIBERDIULY

Abstract. The article analyzes the spiritual and intellectual foundations and origins of Shakarim Kudaiberdiev's philosophy. The author identified mistakes in the names of personalities whose philosophical ideas served to Shakarim in writing his work «Three truths».

Гаухар АБДРАСИЛОВА

ДУХОВНО-ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

Аннотация. В статье проанализированы духовно-интеллектуальные истоки основы и философии Шакарима Кудайбердиева. Произведена сверка и выявлены допущенные ошибки в именах и фамилиях персоналий, философские идеи которых послужили Шакариму в написании его трактата «Три истины».

Қазақ философиясының көрнекті өкілі Шәкәрім өз ұстазы Абай Құнанбайұлының философиялық көзқарастарын дамытты. Шаһкәрім (Шәкәрім) – Абайдың Құдайберді есімді ағасының 1858 жылы дүниеге келген мұрагері. Бауырының әруағына құрмет ретінде Абай жетім Шәкәрімді өзі тәрбиелеп, ақындығына қолдау көрсетіп, болыстық қызметке тағайындап, ағалық қамқорлығын аямаған. Абайдың кеңесімен Шәкәрім ілім іздеп, шет елге сапар шегіп, европалық философиямен танысып, өзіндік ой түйеді. Қазан төңкерісін қуана қолдаған ойшыл көп өтпей Кеңестік саясаттан көңілі қалып, шығармашылық жалғыздыққа бет бұрады. Жергілікті белсенділерге жақпаған оның ұлдары мен немерелері большевиктік түрмелерде көз жұмады, өзі де 73 жасында Кеңестік қоғамдағы асыра сілтеудің құрбаны болады. Шәкәрім шығармашылығы 1988 жылғы «Репрессия құрбандары туралы» заңнан кейін ақталды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз дәуірінің рухына сай терең де соны, гуманистік сипаттағы философиялық жүйе жасады. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы Қазақстандағы тарихи-әлеуметтік, саяси оқиғалар жалпы алғанда экономикалық ілгерілеуге, елдің тұрмыс жағдайының жоғарылауына әкелді. Бірақ мұндай прогресс өте қымбатқа түсті: қазақ қоғамының көпғасырлық өмірсалты, әлеуметтік құрылымы, сословиелік иерархиясы, рухани құндылықтары тапталды. Адам, тұлға мәні төмендеді және оны қолдаушы рухани-адамшылық қағидалар жүйесі бүтіндей қирады. Адам өмірінің ұлылығы мен нәзіктігі қатар көрініп, жеке индивидтің рухани тірегі – сенім-нанымының, мұраттарының жойылғаны анықталды. Олардың орнын жан мен жүрек толқыныстары ойландырып жатпайтын арсыз, сезімсіз есепшілдер мен айлакерлер ғана жеңетін тіршілік күресіне толы қатал

реалдылық басты. Имансыздық, қатыгездік, цинизм сияқты қасиеттер айқын көрініс берді. Нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында адамның жаңа психологиялық үлгісі, моделі қалыптасты. Ол – жеке бас белсенділігінен айрылған, өзінің рухани тамыр-тегінен қол үзген білімсіз, надан, сондықтан жағымсыз қасиеттерді бойына жинаған «қоғамдық жеміс» болатын. Ш. Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары осындай, адамшылық бастаманың тапталуына берілген рухани жауап, философиялық реакция болды.

Шәкәрімнің философиялық көзқарастарында өзіндік әдіспен Шәкәрімге дейінгі және оның кезіндегі философиялық ілімдердің барлық элементтері көрініс тапты. Өмірінің соңында Шәкәрім творчествосы иррационализм мен мистицизмге бет бұруымен ерекшеленгенімен, оның философиясы анық логикаға құрылған қазақ философиясы тарихындағы алғашқы, негізді, рационалды философиялық жүйе.

Адамның дүниені және өзін тану мүмкіндігіне сенімін оятқан – бостандық мұраты, адам қасиеті, құндылығы рухани климат болған Ренессанс кезеңінің гуманистік философиясын меңгергенін көреміз. XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басы аралығында ескі дүние мен жаңа дүние арасындағы ұрыс жүріп жатқан нағыз шайқас алаңы – астрономия болды. Ортағасырлық діни ілім Жердің – Құдай рақымы түскен планета, адамның әлемдегі айрықша пұрсатты жағдайы туралы түсінікке негізделген болатын. Ежелгі грек астрономы Аристархтың дана ойы ұмытылған еді. Николай Коперник ғылым тарихында төңкеріс жасап, геоцентристік түсінікке құрылған жасанды жүйенің тас-талқанын шығарып, гелиоцентристік теория жасады. Ғылымдағы бұл жаңа тенденция Леонардо да Винчи, Иоганн Кеплер, Гали-

лео Галилей шығармашылықтарында көрініс тапты. Шәкәрімнің антикалық философ Пифагордан бастап Демокрит, Эпикур, Сократ ілімін, платонизмді, Аристотельді оқып-білгені, дін түрлерімен қатар Ортағасырлық философиялық ойлаудың ортодоксалды емес дәстүрлерімен, неоплатондық, пантеистік бағытпен жақсы таныс болғаны айқын көрінеді.

Шәкәрім Ренессанс дәуірінде пайда болған ерекше философиялық сала – табиғат философиясымен таныс болған. Жай ғана таныс емес, кәсіпқой ғалым дәрежесінде ой тұжырымдаушы, 1882 жылдан «Астрономия» журналын шығарып, Марс, Ай, жұлдыздарға зерттеу жүргізген Камиль Фламарион, ежелгі дүниенің атақты зерттеушілері Птолемей, Гиппарх аттарымен толықтырушы. «Сыры жасырын нәрселермен жан туралы, тіпті қымбатты кітап жазған Камиль Фламарион айтқандайын біз жалғыз дене сезімінде тоқтап қалсақ алданамыз. Иондық-гректің Пифагор деген білімдісі тіпті кішкентай жердің айналасында өзге планеталар айналғаннан гөрі Жер һәм өзге планеталар Күннің айналасында айналғаны ақылға сыйымды, аспанның механика заңына да жөн дегенде сол заман зор ойшылдары Платон, Архимед, аспан ғылымына жүйрік Птолемей, Гиппарх күлкі қылмас еді».

Шәкәрім жаратылыс саласындағы көне және заманауи идеялар арасын салыстыра отырып сындарлы ой толғайды: «Менің ойымша, ескі замандарда ойламаған ой, айтылмаған сөз, істелмеген іс қалған жоқ. Бәрінің басын олар бастап кеткен. Бірақ көп заман өту, қазаға ұшырау сияқты себептермен жоғалған, ұмытылған. Әйтсе де қаншадан кейін екенін өзі білсін, келген уақытының киімін киіп жаңарып шыға келеді. 17, 18, 19 жүз жылдарға дейін Европа білімділері баяғы грек-ионның Эпикур, Демокриттерінің ойларын жаңғыртып отырған жоқ па?

19 жүзжылда болған Дарвин әлдеқашан сүйегі қурап қалған Маиеннің таяғына кез келіп, соны үкілеп отырған жоқ па? 16 жүз жылдағы Коперник сүйегінің күлі де қалмаған грек-ионның Пифагорының бөркін тыстап киіп отырған жоқ па? Жақын арада таптық деп жүрген электрия қуатын грек-ионның әлдеқашанғы табысы тапқан жоқ па еді?». XVIII ғасырдың үшінші жартысындағы философиялық ойдың дамуы ғылыми жаратылыстық және гуманитарлық ұғымдарды біріктіруге ұмтылысымен анықталады. Бұл тенденция екі бағытта іске асты:

1) адам тіршілігі табиғи дүние ретінде қарастырылды;

2) материалды (тәндік, физиологиялық) мен руханилық (идеалды, «құдайлық») қарама-қарсылығын мойындауы себепті адам – «құдай күдіретінің тәжі» ретінде табиғатқа қарсы қойылды.

Аталмыш бағыттардың алғашқысы өз мәселелерін болмыс пен құбылыстардың материалды негізін мойындай отырып қарастырады. Табиғат пен адам бірлігі, адамдағы физикалық пен руханилықтың арақатынасын түсіндіруде ғылыми жаратылыстық материализм өкілдерінің жаңа физикасы мен химиясы, Ломоносовтың «жер қабаттары» теориясы, материяның сақталуы мен қозғалысы заңы, Р. Бошковичтің, А. Лавуазье, Д. Дальтон, Дж. Пристли, А. Каверзнев, К. Вольф, П. Паллас, Ж. Бюффон ізденістерінің үлкен мәні болды. Олардың шығармаларында «өзара әрекет», динамизм, химизм, т.б. принциптерге соны түсініктеме беріліп, электромагнитті және гравитациялық өрістер жайлы ұғымдарға жақын қорытындылар тұжырымдалады. К. Вольф және Дж. Пристли өліден тірі тууы мүмкіндігі жайлы, «өлі материяның» «тірі материяға» айналуы туралы идеялар ұсынды.


Шәкәрім бұл бағыттарды да тереңдей оқып, жақын танысқан. Оны осы екі

бағыт өкілдерінің бірде атын атап, түсін түстеп кетуінен (Лавуазье) немесе сол өкілдердің тұжырымдарымен сарындас ойларынан ол теорияның кімге тиесілі екендігі жөнінде болжам жасай аламыз.

XVIII ғасыр соңында әлемнің ұсақ заттардан құралып пайда болуы жөніндегі (Кант, Лаплас) космологиялық ілім қозғалыс формаларын танып білу мүмкіндіктері жайлы идеямен тығыз байланыста қарастырылды (Бюффон, Дидро, Робинс, Мопертюи, Каверзнев). Ж. Бюффонның көп томдық «Естественная историясы» мен Даламбер және Дидро жетекшілігімен жасалынған «Энциклопедия или Толковый словарь наук, искусств, ремесел», XVIII ғасырдың 80-жылдарының соңында орыс тіліне толық аударылып біткен болатын. Жақсы ой мен ақылды сөздің қадірін түсінетін Шәкәрім олармен таныс болған. Абайдың «Европаның рухани дамуы» деп аталатын Дреппер кітабымен таныс болғаны белгілі. Шәкәрім де ұстаз ағасының арқасында оны да ақыл таразысынан өткізген.

Шәкәрімнің философиялық қалыптасуы «қажылық» кезеңнен басталады. Қазақтың мұсылманшылығына қанағаттанбағандықтан ол сенім, дін мәселесін зерттеді. Абайдан кейінгі ұстазы санаған Л.Толстоймен хат алысып, орыстың философиялық идеализм өкілдерінің бағыттарымен танысты. Барлық діндер екі бөлімнен тұрады: бірі – иман (адамдар өмірі туралы), екіншісі – метафизикалық – діни догматтардан. Әр діннің метафизикасы әр түрлі де, иман мәселесі бірдей болуы қажет, нағыз діннің басты мазмұны адамгершілік болуы тиіс деп есептеген, «жан – адам санасының себебі, «бүкіләлемдік ақылдың имманациясы», – деп жазған Л. Толстой ойлары Шәкәрім философиясының өн бойында жаңғырып отырады [1, 4-бет].

Ақыл-ойдағы немесе сезімдегі біржақтылық адамның ішкі дүниесінің



Шәкәрім Құдайбердіұлы
1858-1931 жж.

бүтіндігін, тұтастығын жояды, ал толық және жоғары ақыл-сезім, қайрат, ұждан бірлігінен туады деп есептеді Шәкәрім. Сондықтан ол позитивизмнің сезім мүшелері, түйсік арқылы жинақталған тәжірибені көбірек жақтайтын өкілдерін, мысалы, О. Контты сынады:

Оларды сөзбен қайраған,
Ақылдан алыс айдаған,
Ойменен тапқан бұлдыр деп,
Дене мен тәнге байлаған,
Баяғы Конттың сөзі еді.

XX ғасырдағы өте елеулі ағым позитивизммен ол кезінде орыс тіліне аударылып Семейге жеткен шығармалар арқылы танысқан болса керек. Батыстың бұл ойшылы философияға дәстүрлі көзқарасты жокқа шығарып, оны жағымды (позитивті) ғылымға айналдыруға күш салған, соған орайтың тұжырым жасаған тұлға. Ғылым мен философия – ақыл-ойдың дерексіз нәтижесі болып қоймай, елге пайдалы болуы шарт, – деп Шәкәрім де ғылымның адамзатқа әкелетін нақты пайда-

сы туралы айтады. Контты сынаған Шәкәрім дәл сол позитивизмнің келесі өкілі Г. Спенсердің іліміне байыптылықпен қарағанын аңғару қиын емес.

И. Кант секілді дүниені «танылатын» және «танылмайтын» деп бөлетін, «танылмайтынды» – бар екендігін ғылым мен дін бірдей мойындайтын «алғашқы себеп» деп атаған Спенсердің идеясын ғана емес, Шәкәрім атауларын да алған. Қоғам құрылымын оның мүшелері арасындағы қызметі жіктелінген организмге теңейтін ойларын Шәкәрім Спенсердің әлеуметтік көзқарастарынан алған болуы мүмкін.

Шәкәрім өз онтологиясын негіздеуде түрлі космологиялық ілімдермен: эволюционизм, дарвинизммен және сол кезде Европада кең тараған антидарвинистік теориялармен жақын танысқанын көреміз және соңғысын жылы қабылдап, эволюцияны – «ақылды себептің» қозғалуынан туатын органикалық мақсатты, салдарлық процесс деп түсінген.

XVIII ғасырдың соңғы онжылдықтарында Европада, Ресейде теософиялық-алхимиялық шығармалар кең тарап, түрлі спиритуалистік, алхимиялық клубтар, астрология мен подоскопия, граф Калиостроның сеанстары үлкен қызығушылық тудырып жатты. Парижде болып, мистикалық газеттер «Равель», «Клубты» және осы тақырыптағы әдебиетті көптеп оқыған Шәкәрім француздың белгілі философтарымен қатар, өткен ғасырдың 30-40-жылдарындағы сол кездегі жұрт әуейі болған Бональд, Шатобриан, Балланш, Де Местр, Ю. Штиллинг ойларымен жақсы таныс болған деп айта аламыз. Мұны XVIII ғасырдың аяғында Франция мен Германияда кең танымал болған, «планеталар адамға айырықша күш арқылы әсер етеді, сол күшке ие адам оны басқаларды емдеуге пайдалана алады» деп есептеген австриялық дәрігер теориясын өз жүйесіне қалай

ұтымды қолданғанынан көреміз: «Осы күнде сыры табылған физика жаралыс жолынан жоғары қуаттың барлығы 1738 жылы туып 1815 жылы өлген Месмер деген Германияның докторы хайуан магниті деген нәрсені тауып, сонымен ауруларды емдеген. Оны бүкіл Европа 45 білімділері тексеріп, бір қуаттың барлығын мойындаған....»

Францияда оны тексеруші комиссия шығып, хайуан магниті түбі білімсіз болса да, әсер беретіні рас екен деп жар салған. Бұл хайуан магнитінің түбі білімсіз болғаны сияқты электрияның не нәрседен шығатыны мен неғылып іске жарайтыны табылғандықтан, ғылым еріксіз қабыл алып отыр. Сымсыз телеграмм шықпай тұрғанда жаралыс жолымен іс қуғандар оны мүмкін дер ме еді? Соған қарағанда магнетизм, спиритизм, телепатиялар да бүгін түп себебі табылмай тұрған қуат екенін мойындау керек» – дейді. Бұл толғаныстар ойшылдың идеялық диапазонының кеңдігін, өз заманымен үндес болып, ондағы аса күрделі мәселелерді теориялық тұрғыдан көрсетудегі азапты талпыныстарын белгілейді. «Адам өмірін қалайша түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады?» – деп толғанады ойшыл. Бұл сұраққа жауап ретінде түрлі әлеуметтік, қоғамдық теорияларға тоқталып, адам мінез-құлқына әсер ететін қоғамдық құбылыстар ішіндегі ерекше рөл атқаратын ұғымдар мен идеяларды талдап, адам мен қоғамның байланысы жөніндегі механистік түсінікті, Шопенгауэрдің пессимистік философиясын, «табиғи құқық», «қоғамдық келісім», «ақылды өзіншілдік» теорияларын сынай келіп, «бұларды жеке алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды» – деп тұжырымдайды. Оптимистік дүниетаным жасауға тырысып Шәкәрім ақыл-ой тұрғысынан алғанда, өмір азабы адам тіршілігінің атрибуты бола алмайтындығын дәлелдейді. Адамзат одан құтылуға тиіс және

құтыла да алады. Бұл мақсатқа жетуге, «адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақжүрек, арлы адам болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ» – дейді Шәкәрім [2, 5-бет]

Шәкәрімнің адам мәселесі жөніндегі өз ізденістерінде қарастырған әдебиет, теоретикалық негізге алған ойлар мен авторлар көлемі мен деңгейін анықтауда «Үш анық» трактатының маңызы зор. Ондағы белгілі ойшылдар аттары, мысал ретінде келтірілетін қосалқы Мари Антуанет, Жанна д'Арк, Калиостро немесе кезекті спиритист және оның әсерін сезінген француз, неміс немесе америка семьясының аты-жөнін есептегенде 70-ке жуық. Алдымен аталатын ойшылдар ішінде: Пифагор, Демокрит, Платон, Эпикурден бастап жаратылыстану, әдебиет, философия саласындағы Шәкәрім өзі өмір сүрген кезеңдегі иррационалист, мистиктер аттарымен аяқталады.

Кезінде уақыт қысымына түсіп, ресми түрде ақталғанға дейін 57 жыл бойы қолдан-қолға өтіп, көшірілулер нәтижесінде авторлардың есімдері кәте жазылып, кейбірі танып-білместей өзгерген. Сөйтсе де шытырман көзқарас иелерін Шәкәрім трактатында біріктіретін тақырып біреу. Ол – адамның болмыстық жағдайы, өмірлік арналуы, табиғи, рухани құрылымдары – адам мәселесі.

Антикалық грек ойшылдары Пифагор, Демокрит, Эпикурді Шәкәрім «барлық әлем атомнан өршіп жаралып жатыр» деген бағыттың негізін қалаушылар ретінде атайды: «Соңғы кезде Европаның Гассенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары оны қайта жаңғыртып, XVII ғасырда Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы әр нәрседе бірін-бірі тартатын қуат барлығын анықтады», – дейді Шәкәрім. «Ұғымдырақ айтсақ, әлемдегі бар нәрсенің негізі – сексен түрлі атом, ...

оны былай қылайын деп әрқайсысын әр бөлек жаратып жатқан ие жоқ және жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің өзгерістерінен шыққан сипат».

«...жаратқан ие жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17, 18, 19 жүз жылдықтардың аяқ шеніне шейін Европа ішіне көбірек жайылды. Олардың күштірек дегендері – деп Шәкәрім бесеуін атайды: 1) қайта айналыс жолы; 2) жаратылыс жолы; 3) тұқымдастық жолы; 4) дене сезімі; 5) әр түрлілік». «...жаратушы ие жоқ деген жол XIX ғасырдың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды. Онан кейін бұл жол нашарлаңқырады», – деп ой саптайды материалистік ой тарихы туралы ешбір оқу орнында оқымаған дала философы. «Оның себебі, магнетизм, спиритизм, телепатия дегендер шыққандығы болды... Осындай адам таңқаларлық, бұрын сыры білінбеген метафизика жаралысы жолымен қуат барлығы анықталған соң, бұрынғы дене сезіміне ғана нанып, онымен білінбеген нәрсені ғана жоқ деп жүргендердің ойын шатастырып басқа ойға түсіреді».

Бұдан кейін адам жаны, рух туралы тақырыптағы пікірлерді атап келіп Декарттың жан туралы ойларына тоқталады. Шәкәрімнің Декарт пікірін таңдауы бекер емес. Өзінің табиғат туралы ілімімен Декарт – философия тарихына механистік материализмнің негізгі өкілі, XVIII ғасырдағы француз материализмінің өзекті бастауы ретінде кірсе, туа біткен идея теориясымен, керісінше, XVII, XVIII ғасырлар барысында идеализмнің материализмге қарсы күрестегі құралы қызметін атқарып, материалистік ой иелері жағынан қызу шабуылдардың астында қалғаны мәлім.

Декарттың дуалистік метафизикасының жан мен тәннің байланысын мойындауынан туындаған (дуалистік метафизика қағидалары мұндай байланыс-

ты жоққа шығарады) қайшылықтарды аңғарған Шәкәрім оның материя және оған әсер беретін қуат деген ойларын өз жүйесіне екшеп алып, бір-біріне тәуелсіз екі субстанцияны: жан мен тәндік бастаманы мойындағанда туатын қайшылықтардың неге әкелетінін білгендіктен, дуализмнен бас тартып, жанның үстемдігін жақтаған болуы мүмкін.

XVIII ғасырда озық ойдың отанына айналған Францияның Париж кітапханасында болған Шәкәрім француз философиялары Вольтер, Мишель Монтень, Руссо, Ламетри көзқарастарымен таныс болған.

«Мен – христиан емеспін!» деп жар салған, Ғайса бейнеленген иконаны «бар болғаны жалаңаш адам бейнеленген сурет» деп атаған, Құдай дегеніміз табиғатқа қозғау бергенмен, табиғат пен қоғам өміріне араласпайтын алғашқы двигатель; ал жан – айрықша мәнді мәңгі субстанция емес, адамның ақыл-ой қабілетінің көрінісі; материяның ойлау қабілеті – Жаратушыдан деп деистік позицияны ұстанған Вольтердің антиклерикализміне, онтологиялық жүйесіне іш тартқан болса керек.

Жалған бедел, өлі догматизм мен ой тоқыраушылығына қарсылық білдіріп Құдай болмысы мен табиғатты тану мүмкіндігін жоққа шығарушы, XVI ғасырдың Қайта Өрлеу дәуірінің скептигі Монтеньнің тәрбиелеу мен оқыту ісін әр адамның табиғи қабілет ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырудың қажеттігін және өзіндік танудың маңыздылығын баса айтқан Монтень теориясы Шәкәрімнің ар білімінен көрініс береді.

Табиғи құқықтың жақшысы, теңсіздіктің шығуын зерттей келіп, шешім ретінде қоғамдық келісімді ұсынатын Руссоның Шәкәрім көзқарастарына әсері болғаны анық. Дәлел ретінде Руссоның деистік көзқарасының негізгі сипатын бейнелейтін басты үш

принципін келтіруге болады. Материализммен және атеистермен дауласа отырып Руссо әлемге қозғау беріп, табиғатты жандандыратын күштің бар екендігін мойындады. Екіншіден, табиғаттағы заңдылықтар негізінде жаратушы күштің жоғарғы ақылға ие екендігі туралы тұжырым туындатты. Үшіншіден, Руссо пікірінше, адам жаны бейматериалды субстанциядан беріледі. Бұл пікірлер бейматериалды жан мен Құдай болмысын мойындауға жетелейді.

Қате жазылған есімдерге келетін болсақ, «Енді жан туралы ой жүргізген білімділердің сөзін айталық: Герман Шефлер деген білімді айтады: жан атом қуатынан құралған бір қуат дейді», – дейді Шәкәрім. XVII ғасырдың философиясы тарихында Спинозамен ой бөлісіп, пікірталастырып хат алысқан ойшылдың болғаны рас. Бірақ оның фамилиясы Шуллер – Георг Герман Шуллер. Шәкәрімнің трактатында айтылған ой иесі осы Шуллер болуы мүмкін.

Шәкәрім трактатының «Жан, рух» бөлімінде: «жан мен дененің бір-бірімен әсер беруі қайтарыс жолымен дейді, мәселен, тасқа соққан дауыс қайта естілгені сияқты» деген ойдың авторы ретінде Коддрс деген аталады. Келтірілген ой мазмұнының сәйкестігіне байланысты бұл – көрнекті саяси қайраткер, философиялық және саяси көзқарастарында Вольтердің деизмін жалғастырушы және насихатшысы болған француз ойшылы Жан Антуан Кондорсэ болса керек.

Өз еңбектерінде Шәкәрім екі рет: білім мақсаты – «жаратушы иені тануға қарай жетелеуінде» және адам танымының шектілігі туралы ойдың иесі ретінде профессор Фонтель дегенді атайды. Шамасы, бұл 1657-1757 жылдарда өмір сүрген француз Ғылым Академиясының үздіксіз хатшысы болған, картезиандық физиканың талантты насихатшысы – Бернар де Фон-

тенель деп ойлаймыз. Атақты ғылыми прогресс апологеті дуализмнен алға кетуге жақын келгенмен, жан мен тән түсінігінде ойлаушы материя ұғымы деңгейіне көтерілмегені белгілі.

Шәкәрім әлеуметтік ілімдермен жақсы таныс болған. Адам тіршілігінің жаратылыс сырларымен салыстырғандағы күрделілігі туралы ойдың авторы ретінде Шәкәрім Стуармель дегенді атайды. Философиялық ғылымдар саласында мұндай ғалым болмағандықтан әрі пікір мен есімнің сәйкестігі көрініп тұрғандықтан, Шәкәрімнің Стуармелі – XIX ғасырмен XIX ғасыр басында «Адам табиғатында тілек, қызығушылық, идеялар түріндегі психикалық қажеттіліктер болады. Психологиялық қарым-қатынас барысында онсыз көрінбейтін жаңа әлеуметтік феномендер туып жатады, сондықтан психологияны социологияға қызмет еткізу керек» деп есептеген, О. Конт, Г. Спенсер, А. Смолл, У. Сэмнерлердің тобына кіретін Дж. Стюарт Милль болу керек.

О. Контпен қатар «әлеуметтік физиканы» – «қоғамдық өмір туралы ғылымды» негіздеп, Халықаралық статистикалық ассоциацияны құру туралы бастаманы алғаш көтерген, 1831 жылғы жасаған баяндамасында «қылмысты дайындайтын – қоғам, қылмыскер – бар болғаны құрал» – деген тұжырымы афоризмге айналған франко-бельгиялық ғалым, математик, XIX ғасырдың ірі статисі Адольф

Кетленің әлеуметтік ілімімен таныс болған Шәкәрім.

Әлеуметтанушылық теориялармен танысып болған қазақ философы «қоғам – адам» байланысын анық сезінгендіктен, қоғамдық ілгерілеу – тарихи төңкеріс немесе әлеуметтік реформалар нәтижесінде емес, адам өзін, иманын жетілдіргенде іске асатындығы туралы ой-шешімге бет бұрып, адам жанының әрекет-қозғалысы тетіктерін, құпияларын түсінуге, ашуға талпынады. Шәкәрімнің иррационалдыға, мистикалық құбылыстардың табиғатына қызығушылығын түсіну осындай логикадан қисын табады.

Ілімінің мәні. Шәкәрім діни емес, философиялық мәселелерді қарастырды және адам мәселесін осы тұрғыдан шешті: адамға жұбанышты, мақтанышты, сүйінішті адамның өзінен тауып берді. Гуманистік дәстүрді жалғастыра отырып, өзі және ұлты үшін шартты дін – ұждан теориясын жасады. Алғашқы ұлттық философиялық жүйе болып табылатын эволюциялық-диалектикалық идеялар мен идеалистік бағыттағы Шәкәрім ізденістері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан философиялық ойында үлкен мәнге ие болды және оның дамуын бейнеледі. Ұлттық философияның жаңа белеске, жоғары сапалық дәрежеге көтерілгенін көрсетті және ойшылдың бұл саладағы рухани потенциалын байқатты [3, 8 б.].

Әдебиеттер

[1, 4-бет] Толстой Л.Н. Полн.собр.соч. – М., 1950. – Т. 35. – С. 163.

[2, 5-бет] Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы, 1991. – 16 б.

[3, 8-бет] Абдрасилова Г.З. Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі. – Алматы, 1998.



Канат ЖУКЕШЕВ

Об авторе: кандидат философских наук, Казахская академия спорта и туризма.

About the author: Candidate (Ph. D) of philosophical sciences. Docent of Kazakh Academy of Sport and Tourism.

Автор туралы: философия ғылымдарының кандидаты. Қазақтың спорт және туризм академиясы.

ЛЕКСИКА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: КОРПУСНАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ

Аннотация. В статье речь идет о необходимости модернизации казахского языка на уровне лексики и грамматики. Автор статьи считает, что традиционное казахское языкознание не справляется с этими задачами, и подвергает критике господствующую концепцию о синонимическом богатстве казахского литературного языка. По его мнению, на современном этапе необходимо стремиться к нормализации языка, что позволит решить проблему освоения казахского языка другими субъектами.

Kanat ZHUKESHEV

LEXICON OF THE KAZAKH LANGUAGE: CORPUS CLASSIFICATION

Abstract. Author suggests enactment of four levels of the Kazakh language study, in which vocabulary stock of each level is strongly built on the bases of principle of the lexical unities use frequency. National language is mastered by selected corporuses and set algorithm.

Қанат Жүкешев

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ: КОРПУСТЫҚ САРАЛАУ

Аңдатпа. Мақалада автор қазақ тілін үйренудің төрт деңгейін саралайды. Әр деңгейдің сөздік корпусы қатаң жиілік ұстанымымен іріктеліп алынуы керек. Тіл корпусы қолданылу жиілігіне қарай іріктеліп алынғанда және деңгейлер алгоритмі қатаң сақтағанда ғана нәтижелі меңгерілетін болады.

Богатство лексики языка и другие его характеристики имеют прямое отношение к общественному устройству носителей данного языка, ареалу проживания, способу хозяйствования и формированию менталитета. По В.З. Панфилову, в языке народов, стоящих на низкой ступени общественного прогресса, *мало представлены общие и родовые понятия, но много специальных названий*. «Моржа, плывущего на запад, эскимосы называют «аргугах», на север – «каврык», плавающего в разных направлениях – «акылюграк», питающегося моржа – «эхъык», а спящего – «кавалыграх» [1, с. 145]. Рассматривая узкопрофессиональную лексику эскимосов, можно поразиться «богатству», которое не встретишь ни в одном другом языке цивилизованных народов.

Х.-Г. Гадамер отмечает, что «существует африканский язык, располагающий, как утверждают, двумя сотнями различных выражений, обозначающих верблюда в зависимости от тех отношений, в которых находится с жителями пустыни это животное. В силу того господствующего значения, которое он сохраняет во всех этих отношениях, верблюд всякий раз предстает перед нами как нечто совершенно иное» [2, с. 505]. Вот как объясняет данное явление В. фон Гумбольдт: «... слово – не эквивалент чувственно-воспринимаемого предмета, а эквивалент того, как он был осмыслен речетворческим актом в конкретный момент изобретения слова. Именно здесь – главный источник многообразия выражений для одного и того же предмета; так, в санскрите, где слона называют то дважды пьющим, то двузубым, то одноруким, каждый раз подразумевая один и тот же предмет, тремя словами обозначены три разных понятия» [3, с. 103].

Нельзя делать поспешные выводы о богатстве языка, обращая внимание только на внешние характеристики речевых явлений. Не может быть це-

лесообразным признание на основе абстрактной договоренности «богатыми» вышеназванных языков эскимосов или африканских племен. Точно также является ошибкой преподносить как богатство языка лексику, отражающую только животноводческую сферу и реалии аульного быта на казахском языке. Это обусловлено неумением отличать богатство языка и речевую практику, отрывом языка от современности, общественных процессов и от индустриального общества, в которое он начинает входить. «На язык (его материальную оболочку) оказывает влияние абстрактное содержание мысли, а с другой стороны, его восприятие, образность обращают на себя особое внимание» [1, с. 119].

По данным Г. Тарда, «чем дальше мы восходим в прошлое, тем большее число явственно различных языков встречаем мы в человечестве и тем чаще эти языки оказываются чрезвычайно богатыми» [4, с. 280]. Но вместе с тем нельзя преклоняться перед «удивительной гибкостью и заметной даже при непосредственном наблюдении подвижностью языка людей безграмотных», идеализировать образность и пластичность языка социально ограниченного, используемого в узких хозяйственных рамках [4, с. 280]. Как объясняет Тард, «язык представляет собою социальное пространство идей и есть ... аналогия между великими основными понятиями ума и великими основными установлениями социального строя...» [4, с. 130]. К примеру, если народ в определенном регионе занимается одним или несколькими видами хозяйства, то и его язык в том же регионе и виде хозяйства образует имманентное пространство. В вышеназванных примерах язык эскимосов на севере создает богатую лексику в сфере морже- и рыболовства, а западно-африканские племена – в животноводстве, но данный богатый словарный запас имеет социально огра-

ниченный круг применения и является производным «еще и других аналогий между умственной и социальной жизнью, ... с точки зрения деятельности» [4, с. 135].

Есть такая закономерность: язык, обслуживающий смежные и малочисленные хозяйства, гибок и цветист в оборотах, а язык, используемый в десятках хозяйств, содержательно отдаленных друг от друга, совершенствуется относительно медленно. Причина в том, что в первом случае ресурсы языка используются в ограниченных направлениях, в аграрном обществе отклонение от точности и придание речи образности не приносят хозяйству ущерба, чего нельзя допускать в индустриальном обществе. Становится очевидным – «грациозный» в социально ограниченном пространстве язык, в более масштабном социальном пространстве; претерпевая изменения, становится морально устаревшим.

Не может служить критерием богатства языка и великое множество синонимов. Конечно, широкая палитра синонимичных выражений, на первый взгляд, создает видимое богатство. Однако, надо отметить, что множество только изосемических синонимов можно считать за богатство, которое придает колоритность языку. А искусственное увеличение числа синонимов за счет привлечения в их ряды разнозначных слов одного семантического поля, слов в согипонимических отношениях, имеющих перспективу самостоятельно нести смысловую нагрузку, квазисинонимов, к хорошему результату не приведут. Искусственное увеличение синонимов затрудняет репрезентативность языка. С этой точки зрения, целенаправленная работа по умножению синонимов, возведение в ранг синонимов всех слов семантического поля не что иное как «медвежья услуга» языку. Как показывает многолетняя речевая практика, *богатство языка в первую*

очередь измеряется обилием лексических единиц, применяющихся в стабильной форме, несущих индивидуальную смысловую нагрузку.

* * *

Надо признать, что казахский язык при аграрном укладе хозяйствования отличался богатой лексикой, словарный фонд составлял невероятное количество лексических единств, отражающих реалии жизнедеятельности данной формации, особенно сельского быта, в том числе и жизнь животновода. Но сейчас общество перешло на более высокую ступень цивилизационного развития. В связи с чем возникла необходимость пересмотреть установки относительно характеристики лексики языка. Но консервативные казахские лингвисты стояли на своем. «Образный и богатый казахский язык ни в чем не уступает мировым языкам, его словарный фонд составляют 1 млн смысловых единиц», – кипятился А. Хайдаров [5: 25]. «В казахском языке семантическое поле понятия «верблюды» включает 80 слов», – гордились лингвисты. Эти и подобные примеры как доказательства богатства казахского языка стали притчей во языцех.

В действительности, оценка, данная аксакалом казахской лингвистики богатству языка, далека от истины. Чтобы представить реальную картину, достаточно подсчитать лексический фонд языка и провести сравнительный анализ. «В настоящее время в самых объемных словарях собрано приблизительно 67 тыс. слов» – такую справку дал один из ответственных редакторов 15-ти томного «*Словаря казахского литературного языка*» Н. Уали [6, с. 7]. Этот объем, собранный к началу XXI века. Надо отметить, что данный словарь, как ошибочно называют его составители, не является словарем казахского литературного языка. *Это – словарь общенационального языка.*

Там же, господин Н. Уали, забывая о том, что свое творение назвали «Словарем казахского литературно языка», писал, что «вошли в словарь... диалектизмы и архаизмы, которые часто встречаются в художественной литературе» [6, с. 11]. Далее главный составитель словаря продолжает: «...также вошли в состав словаря просторечья, вулгаризмы и другие внелитературные элементы». Это абсурд, когда словарь носит название «литературный», а на самом деле значительную часть его занимает внелитературная лексика разного рода и типов.

Чтобы представить реальную картину, складывающуюся в пространстве языка, нужно проанализировать лексический фонд языка; в контексте *корпусной классификации языка*, которая для отечественных лингвистов является крупным массивом нетронутой целины. Через четыре года после упомянутой констатации, тот же господин Н. Уали уточнил: «В результате лексикографической выборки создан базовый корпус словаря, состоящий из 92300 наименований и 57800 устойчивых словосочетаний» [7, с. 819]. Обстоятельный анализ именно этого издания многотомного словаря, где аккумулирован весь имеющийся в настоящий момент запас казахского языка, позволяет дать объективную оценку лексике языка.

Значительную долю вышеназванного объема лексики занимают непереведенные международные термины и слова, сконструированные с участием заимствованных терминологических элементов, внелитературная лексика типа арготизмов, жаргонизмов и неологизмов, не вошедших в широкое употребление.

Когда речь идет о *внелитературной лексике* казахского языка, надо учитывать его специфические особенности. Отличительная особенность лексики казахского языка состоит в том, что в ее составе значительное место занимает, кроме вышеназванных типов слов,

многовариантные по плану выражения слова, сложные редупликационные конструкции, иносказательные выражения и инсультации.

В состав общенационального языка, не подверженного нормализации, входит огромное количество многовариантных; по плану выражения; слов, такие как өмір – ғұмыр; әлем – ғалам; иесі – егесі: адым – қадым – қадам; қақы – құқы – құқығы... Иногда количество вариантов плана выражения одного слова насчитывается десятками. Например: денотат «неуверенность» (в походке) переведен с использованием 36 вариантов казахского эквивалента:

қалт-қалт, қалтақ, қалтақ-қалтақ, қалтақ-құлтақ, қалтақта, қалтақтат, қалтақтау, қалталақ, қалталақта, қалталақтау, қалтаңда, қалтаңдау, қалтаң, қалтаң қақты, қалтаң-қалтаң, қалтаң-қалтаң етті, қалтаң-құлтаң, қалтаң-құлтаң етті, қалтаңдату, қалт-қалт, қалт-қалт етті, қалт-құлт, қалт-құлт етті, қалтылда, қалтылдақ, қалтылдату, қалтылдау, қалтырақта, қалтырақтат, қалтырақтау, қалтырақтату, қалтырат, қалтырату, қалтыратыңқыра, қалтырау, қалтырауық.

Эти слова не из одного семантического поля, находящиеся в синонимических отношениях. Они – не синонимы. Их нельзя отнести к словам, способным на совершение коннотативного реверса. Это – *гиперпримитивная многовариантность виллолекта*, обусловленная отсутствием нормализации языка. Каждый виллолекта представляет свою форму выражения понятия – это не является свидетельством богатства казахского языка, наоборот, подчеркивает отсутствие нормализации языка, делает невозможным освоение его для изучающих язык субъектом.

Составители словаря нацеливались на показ богатства лексики казахского языка. Почувствовав недостаточность имеющегося материала, пошли другим путем и пополнили лексику за счет

многовариантности плана выражения одного того же понятия. При этом составители словаря каждый из вариантов этих слов представляли как отдельную лексическую единицу. Использовать многовариантные по плану выражения слова только для того, чтобы искусственно увеличить количественный показатель лексики, не является научным подходом к проблеме. В будущем, при стандартизации языка, только один из вариантов этого длинного ряда останется в нормализованном корпусе.

На казахском языке наличествует множество сложных редупликационных конструкций (СРК). Большинство из них не имеет однозначного плана выражения и плана содержания. Грамматика их использования тоже не ясна.

В составе общенационального языка в значительном объеме фигурируют пейоративная лексика, инсультации (лат. *insultatio* – насмешка, выпад) и другие разновидности конфликтогенов. Например, мақау, мылжың, миғұла, мәжін, есірік, топас, кебекбас, көрсоқыр, былжыр, бозөкпе... Они не входят в корпус литературного языка.

В казахском языке также имеет-ся множество зооморфизмов, типа «бүлдіршін» – узуальное значение трехгодовалая самка верблюда, употребляется по отношению к ребенку. «Серке» – «козел», «көшбасшы» – «предводитель каравана». Оба употребляются в значении «лидер». В мировой практике словоупотребления коннотативные слова тоже не входят в стандартизированный корпус языка.

Здесь нельзя не заметить следующий немаловажный момент. Речь идет о *специальных названиях* на казахском языке. Например, інген, ілек, аруана, құнанша, дөненше, мая, нарша, көшек, атан, соқтан... Этот список можно продолжить. Но эти слова, даже в узуальном значении, не могут войти в корпус литературного языка индустриального общества. Дело в том, что аульную лингве-

му, в натуральном виде, со множеством *специальных названий*, перенести в язык индустриального общества нельзя. Это мировая тенденция, укрепившаяся в многовековом развитии лингвистической науки и оправданная на практике словоупотребления на развитых языках. Если кому-то приходится выражать какое-либо понятие из семантического поля «верблюд», то он должен обойтись *общими и родовыми понятиями*, такими, как «х-годовалая самка верблюда», «у-годовалый самец верблюда» и некоторыми словами, выражающими другие качества животного.

А чисто казахские слова, способные войти в корпус нормализованной части языка, составляют, примерно, одну треть указанного выше объема. Нужно сначала создавать корпус нормированного литературного языка, который бы состоял, примерно из 25-30 тысяч лексических единиц. И одновременно нужно вести работу по пополнению безэквивалентной пустоты казахского языка.

* * *

Испытанные, на практике изучения языков, принципы корпусной классификации языка и адаптированное применение их относительно современного казахского языка предполагают 4 уровня освоения языка.

Первый уровень освоения языка начинается с освоения *корпуса-минимума* для общения в неофициальной сфере, который состоит из 3000 слов. Этот уровень соответствует «пороговому уровню» (B1. **Threshold or intermediate**) английского языка По Общеввропейской шкале языковой компетенции (The Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment, CEFR или CEF). Словарный запас уровня составляет 2750-3250 слов.

Освоение этого уровня позволяет человеку правильно понять суть выска-

зываний на знакомые ему темы (работа, школа, отдых и т. д.). Человек может объясниться в большинстве ситуаций, возникающих во время путешествия по стране, описать впечатления, события, вкратце изложить свое мнение, смотреть фильмы, порою с догадкой о происходящем лишь по изображению на экране. Человек может прочесть простую инструкцию, рекламные брошюры, письма, короткие официальные документы, написать связное сообщение (эссе, письмо, инструкцию) на знакомую или интересную ему тематику [8].

На втором уровне изучающий язык субъект должен освоить 7-8 тыс (3000+5000) лексических единств. Человек, владеющий казахским языком на втором уровне, понимает сложные и длинные тексты на самые разные темы. Распознает скрытый смысл сказанного. Изъясняется свободно, без особых затруднений с подбором слов и выражений. Гибко и эффективно использует язык в социально-культурной среде. Понимает неадаптированные фильмы с определенным количеством сленга и идиом. Может писать тексты на сложные темы, демонстрируя владение приемами структурирования и придания тексту связности.

Второй уровень освоения казахского языка соответствует уровню «эффективного функционирования (или продвинутого уровня C1 – Effective operational proficiency or advanced) английского языка. Словарный запас: 3750-4500 слов» [8], что подчеркивает разницу в онтологии аналитического английского языка, обслуживающего индустриальное общество, по сравнению с агглютинативным казахским языком, функционировавшим в сфере аграрного общества. Очевидно, с казахским языком дело освоения обстоит гораздо сложнее. Тем не менее, нужно полагать, чтобы достичь уровня знания эффективного функционирования казахского языка, нужно выучить назван-

ный объем лексических единств. Это – предварительная версия, которая будет скорректирована в будущем.

На третьем уровне изучающий язык человек должен освоить специфическую лексику по ведению делопроизводства в той отрасли, где он трудится. Корпус специфической лексики для ведения делопроизводства в конкретно определенной отрасли хозяйствования состоит из 9-10 тысяч (8000+2000) слов и словосочетаний. Этот объем позволяет изучающему язык человеку подготовить доклад на производственную тему, выступление на собрании, составить планы и отчеты, написать протоколы и вести другие деловые бумаги.

Человека, вышедшего на третий уровень освоения языка, после окончания высшей школы, можно квалифицировать как знающего языка.

Четыре уровня корпуса языка, выбранные по частотному принципу, соответственно, осваиваются в трех звеньях школьного образования и в процессе дальнейшей жизнедеятельности человека.

1-уровень из 3000 слов в начальной школе;

2-уровень из 8000 слов в средней школе;

3-уровень из 10000 слов в высшей школе;

4-уровень более 11-12 тыс слов в процессе дальнейшей жизнедеятельности человека.

Словари корпусной классификации языка, составляются строго по *принципу частоты применения лексических единств*. Освоение государственного языка осуществляется на этой основе, именно по подобранным корпусам и приведенному алгоритму.

Этот тренд нужно осуществить в ближайшие 7 лет (до 2025 года). К этому времени объем литературно-нормированного корпуса казахского языка нужно довести до 50 тыс. лексических единств. Только после освоения этого

уровня можно приступить к осуществлению перехода на латинский алфавит.

* * *

Богатство языка выражается, прежде всего, в его качестве. Результаты исследования лексического фонда с позиции *ареальной лингвистики* показали: *лексический ресурс современного казахского языка представлен преимущественно словами, отражающими реалии аграрной жизни, особенно, животноводства и аульного быта*. Данное обстоятельство практически не позволяет полноценное изложение будней индустриального общества на этом языке. Оценка состоятельности казахского языка будет объективной лишь тогда, когда его будут сопоставлять с литературными языками тех стран, где язык автохтонного народа функционирует как официальный. В действительности, состояние казахского языка выглядит ущербным с позиций требований, предъявляемых к языкам индустриального общества. Казахский язык испытывает острый дефицит в лексемах, характеризующих промышленность, технологии, городской быт, экономику, международную политику, военное дело. Дело не в том, что из нескольких тысяч деталей автомобиля только *колесо и зеркало* переводимы на казахский, остальное – *безэквивалентный вакуум*. Даже если не брать в расчет технику и высокую технологию, язык испытывает потребность в переводе названий таких бытовых предметов городского быта, как: *этаж, подвал, балкон, веранда, лоджия, люк, перила, кухня, спальня, ванна, витраж, батарея, люстра, лампочка, ваза, включатель, розетка, плита, комфорка, диван, стол, шкаф, полка,..* Чем лжепатриотично восклицать, что «казахский язык ни в чем не уступает мировым языкам со своим миллионным словарным фондом», полезнее подобрать казахские эквиваленты к десяткам тысяч

слов и восполнить лексические пробелы, что возможно при имеющемся лексическом потенциале.

* * *

В настоящее время подсчет сложных сочетаний, выражающих различные операции, команды, процессы в промышленности и технологиях, характеризующих глобальные явления, – дело нелегкое, более трудное, чем их применение в речи. Следовательно, из десятков слов языка нужно воспроизвести сотни сочетаний, со строгим соблюдением их формальной и смысловой стабильности с целью их функционирования в социально-экономической и духовной сфере общественной жизни (не будем затрагивать производство, технику, технологии). Целесообразнее и полезнее было бы сейчас ясно и доступно донести на казахском языке значения таких популярных в СМИ выражений, как «обналичивание денег», «отмывание денег», «здравый смысл», «ожидаемая продолжительность жизни», «подушка безопасности», «сервисная поддержка», «субсидии ставок», «интерактивный метод», «ключевое ведомство», «пороговые страны», «поимка с поличным», «пилотная программа», «зона Евровидения», «тестирование на предмет легитимности», «максимальная взлетная масса», «вызов времени», «определение самоидентификации», «пропускная способность транспортной развязки», «механизм сдержек и противовесов», «презумпция невиновности», «оперативное реагирование», «протокольное мероприятие», «потеря шанса» и др. Без этого нет введения языка в делопроизводство. Как заметил В. фон Гумбольдт, «... каждый язык должен уметь выражать все, иначе народ, которому он принадлежит, не сможет пройти через все ступени своего развития» [3, с. 171].

Огромная *безэквивалентная пуста, образованная в пространстве*

казахского языка в условиях индустриального общества обусловлена не недостатками языка, не ограниченностью мышления носителей языка – народа. Это – недоработка лингвистов, которые, воспользовавшись доверием государства, заимели удобные кресла, портфели, высокие зарплаты ученого со званиями и степенями, не сумели сохранить и преумножить это богатство и рационально использовать его в благих целях. На самом деле *казахский язык имеет огромный потенциал лексики, что легко может устранить всю безэквивалентную пустоту*, если рационально использовать его.

Данные предположения не беспочвенны. В 50-70 годы прошлого века проводилась работа по составлению этимологического словаря казахского языка. По воспоминаниям Г. Бельге-

ра, «в 1953 году, когда готовили к изданию первый одготомник казахского толкового словаря, в фонде (картотеке) Академии Наук Казахской ССР; насчитывалось 180 тысяч слов, а уже в 1972 году эта картотека состояла из 2 миллионов 550 тысяч слов. Картотека казахских слов берет свое начало с 1937 г.» [9, с. 114]. Но почин не имел продолжения у казахских лингвистов, которые посчитали, что овчинка выделки не стоит.

По результатам последних исследований, есть возможность довести литературно-нормированный корпус казахского языка до 80 тыс единиц, а в совокупности с устойчивыми сочетаниями – до миллиона. Только после взятия этой «планки» казахский язык можно начинать использовать согласно объявленному статусу.

Литература

1. Панфилов В.З. К вопросу о соотношении языка и мышления // Мышление и язык. – М., 1957.
2. Гадамер Х.-Г. Истина и метод: Основы филос. герменевтики. – М.: Прогресс, 1988.
3. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984.
4. Тард Г. Социальная логика. – СПб.: Социально-психологический центр, 1996.
5. Қайдаров Ә. Ұлтты ұйыстыратын күдіретті ұйтқы. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2003.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құрас. Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 1-том.
7. Уәли Н. Сөз байлығын саралаудың негізгі нәтижелері // Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 15-том.
8. <https://skyeng.ru/articles/english-levels>.
9. Бельгер Герольд. Казахское слово. – Астана: Елорда, 2001.



Махмұд Қашқари
(1029–1101)

түркі ғалымы, әйгілі «Диуану лұғат-ит-түрк»
(«Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы

Ақылдан туған нақылдар

Белгісі болса – жолдан жаңылмас,
Білімі болса – сөзден жаңылмас.

Бақыттың белгісі - білім.

Үгі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл.

Аңшы – қанша айла білсе, аю - сонша соқпақ білеуі.

Ауыр күн қе өтеуі - есан сабыр шығам қыл.

Атасынан ақыл алса, тентек ұл қа жөнделер.

Еріншекке есік те асу көрінер.
Жалқауға бұлт та жүк көрінер.

Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды.

Білім қалар артыңда, гұмыр сырғып жоғалар.

Кекті тайқыр жолыңнан,
Әділдікті саяла.

Ашу қысса - ақылың ғайым болады.

Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі.

Ақ көңілі сәбидей, сенгім келер ұлы адам.

Ұяты бармен-ұрыс,
Ұятсызбен-ұстаспа.



Автор туралы: 1890-1960 жж., белгілі орыс жазушысы, ақын, тәржімеші, Нобель сыйлығының лауреаты (1958 ж.)

About the author: 1890-1960, famous Russian writer, poet, translator, Nobel Prize winner (1958)

Об авторе: 1890-1960 гг., известный русский писатель, поэт, переводчик, лауреат Нобелевской премии (1958 г.)

Борис ПАСТЕРНАК

ШЕКСПИР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРЖІМЕЛЕРІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Аңдатпа. Автор бұл сараптамасында алдымен аударманың, әсіресе Шекспир туындыларының тәржімесіне қатысты өзі аңғарған ерекшеліктерге тоқталады да драматургтің өзіне ғана тән поэтикалық стиліне, шығармаларының ішкі ырғағына назар аударады.

Айтқандарын «Гамлет», «Ромео мен Джульетта», «Отелло», «Антоний мен Клеопатра» секілді әйгілі трагедияларының тақырыбы мен мазмұнына өзіндік баға беру арқылы дәлелдейді. Осындай күрделі шығармаларды толық түсінуге оқырманның да, көрерменнің де қандай әзірлігі болуы керектігіне де жауап табады.

Boris PASTERNAK

NOTES TOWARD A TRANSLATION OF SHAKESPEARE'S WORK

Abstract. The author analyzes some of the translation of Shakespeare's originality work, and looks at the poetic style of the drama, the internal dynamics of his talents.

His essay reflects his own essence and content of the tragedy known as «Hamlet,» «Romeo and Juliet,» «Othello,» and Antonius and Cleopatra». He finds responds to the need for appropriate preparation of the reader and viewer to understand such complex works.

Борис ПАСТЕРНАК

ЗАМЕЧАНИЯ К ПЕРЕВОДАМ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ШЕКСПИРА

Аннотация. Автор статьи говорит об особенностях поэтического перевода, о своем предпочтении вольного перевода, объясняет отдельные случаи своего отклонения от смыслового содержания шекспировского оригинала стремлением сохранить поэтический стиль драматурга и внутренний ритм его драматургии. Осуществленный им анализ трагедий «Гамлет», «Ромео и Джульетта», «Отелло», «Антоний и Клеопатра» с точки зрения тематического и сюжетного своеобразия позволяет понять особенности его переводческих интерпретаций.

Тәржіменің ортақ мағынасы

Әр жылдары мен Шекспирдің бірталай шығармаларын тәржімелеген екенмін. Атап айтқанда, бұлар – «Гамлет», «Ромео мен Джульетта», «Антоний мен Клеопатра», «Отелло», «Король Төртінші Генрих» (бірінші және екінші бөлімдері), «Макбет» және «Король Лир» драмалары.

Театрлар мен оқырмандардың оңтайлы әрі оңай оқылатын тәржімелерге деген қажеті әрдайым жоғары болып келеді және мұндай керексінудің толастайтын түрі жоқ. Тәржіме жасаған әр адамның осынау қажеттілікті өтеуге басқаларға қарағанда, көбірек үлес қостым дейтін үмітпен өзін алдарқататыны және бар. Бұл ортақ пікірден менің де сырт қала алмағаным белгілі.

Яғни көркем тәржіменің мәні мен міндеттеріне келгенде, менің көзқарастарым да онша оқшауланып тұрмаса керек. Көпшілікпен бірге мен де сөзбесөз дәлдігі мен нысанының сәйкестігі тәржіменің шынайы жақындығын қамтамасыз ете алмайды деген ойдамын. Бейне мен бейнеленген суреттің ұқсастығы секілді тәржіменің түпнұсқамен ұқсастығына тек қана тілдің тұшымдығы мен табиғилығы арқылы ғана жетуге болады. Төлтума жазушылар сияқты тәржімеші де өзінің әдеттегі қолданысына тән емес сөздігінен, әрі стильдендіруге әкеліп саятын әдеби жасандылықтан бойын аулақ салғаны жөн. Түпнұсқа тәрізді тәржіме де сөздердің жиынтығына айналмай, шынайы тіршілік тұрғысында әсер беруі керек.

Шекспирдің поэтикалық стилі

Шекспирдің стилі үш ерекшелігімен дараланып тұрады. Оның драмалары рухы жағынан барынша шыншыл болып келеді. Бұл шығармаларының қара сөзбен жазылған тұстары немесе өлең түріндегі диалог болып өрілетін бөліктері қимыл-қарекетпен не болмаса қозғалыспен қабысып жататын сәттерде кәдімгі сөйлеу тіліндегідей

еркін, есіліп тұрады. Қалған кездерде оның ақ өлеңдерінің тасқыны тұнып тұрған метафора, кейде тіпті ол шындықтан алшақтап асыра сілтейтін де тәрізді.

Шекспир сөзінің бейнелілігі біркелкі емес. Кейде тиісінше зерделеуді талап ететін асқақ поэзия болып келсе, кейде тілінің ұшында тұрса да қапылыста автордың аузына түспеген бір сөздің орнына айтпағын тап басып таба алмаған ондаған орамдарға ұласатын таза риторикаға ұштасып кете береді. Дегенмен, қалай болсын, қандай болсын, Шекспирдің метафоралық тілі мейлі шырайын кіргізіп тұрса да, мейлі құйкылжыған, мейлі құлдыраған риторикасынан әсте ажырай алмай тұрса да, бәрібір шынайы астарлы әдіптеудің басты мәнінен қия баспайды.

Метафоризм – адам ғұмыры қысқалығының және оның ұзақ уақытқа арналған ұлық міндетінің табиғи түйіні тәрізді. Осындай сәйкессіздікке орай ол дүниеге қас қақпай қыранша қарауға және көкейіндегіні бір сәтте ғана жарқ ете қалған сана сәулесімен айтып беруге мәжбүр. Поэзия дегеніңіздің өзі де осы. Метафоризм – үлкен тұлғаның стенографиясы, оның рухының шұғыл жазбасы.

Рембрандт, Микеланджело мен Тициан қылқаламының шамырқанып тұратын ширақтығы тіпті де олардың алдын ала ойластырған таңдауының жемісі емес. Тұла бойларын кернеген күллі ғаламды бейнелеуге деген күштарлық олардың басқаша жазуына уақыт қалдырмаған еді. Импрессионизм – өнерге ежелден тән қасиет. Бұл әуелден басы байлаулы пенде баласының кемерінен асып төгіліп жатқан рухани байлығының көрінісі.

Шекспир аралары мүлде алшақ жатқан небір стильдік айырмашылықтары бір басына біріктіріп отыр. Әрі бұлардың көптігі сонша, оның тұла бойында талай автор өзара тайталасып тұрған тәрізді. Оның прозасы кемел

де кенеулі. Қысқа қайырудың сырына қанық, сонымен қатар дүниедегі тамсандырар әрі таңырқатар атаулыны тегіс қылжақ етер дарынды кемеңгердің қолынан шыққаны бірден сезіледі.

Ендеше Шекспирдің ақ өлең саласындағы қисындары бұған мүлде қиғаш келеді. Бұлардың ішкі және сыртқы ала-құлалығы Вольтер мен Толстойды талай мәрте қапаландырған.

Шекспир рөлдерінің кейбірі тәмамдалудың бірнеше сатысынан өтетін кездері жиі. Алғашында өлеңмен жазылған көріністерде құйқылжыған әлдебір кейіпкеріңіз келесіде қарасөзбен сарнай жөнеледі. Мұндай реттерде өлеңмен жазылған көріністер әзірлік сатысы да, қарасөзділер – түйінделер соңғы тұсы секілді әсер қалдырады.

Өлеңдер Шекспирдің өз ойын неғұрлым тез әрі тіке жеткізу құралы болғаны білінеді. Ол бұған ойындағысын қағазға уақыт оздырмай оңтайлы түсіру тәсілі ретінде жүгінеді. Кейбір кездерде оның өлеңмен әдіптелген эпизодтарын оқығанда, мұның өзі қарасөзбен айтылатын көріністерге күні бұрын өлең түрінде жасалған нобайламалар сияқты болып елестейді.

Шекспир поэзиясының құдыреті оның тежелуді білмейтін тегеурінінде және асып-төгіліп жататын алуан түсті бөлшектерінің ажарлылығында жатыр.

Шекспирдің ырғағы

Шекспирдің ырғағы – оның поэзиясының түп негізі. Шекспирге ырғағының шамасын оның өз ойының ұшқындары, нақылдарына өрілген сөздері айтып тұрады. Ырғақ Шекспир мәтіндерінің іргетасында жатыр, алайда оларды тиянағын тауып әдіптеп тұрмайды. Ырғақтық ындындарын Шекспирдің өзінің кейбір стильдік бұлалығы білдіреді. Ырғақтарының қозғаушы күші оның диалогтарындағы сауалдар мен жауаптардың реттілігін, олардың алмасу арындылығы мен ағынын, монологтардағы олардың

аралығының ұзақтығы мен қысқалығын айқындап береді.

Осынау ырғақ ағылшын сөзінің кісі қызығарлық шымырлығын бейнелейді, мұның өзі ағылшын ямбысының жалғыз ғана жолында екі немесе бірнеше өзара қарама-қарсы сөйлемдерді қамтитын, әрі тұтас нақылға айналдыруға мүмкіндік беретін құдіретін білдіреді. Бұл дегеніңіз ешкімді пір тұтып табынбайтын, соның арқасында адал көңіл, аз сөзімен көп мағынаны аңдататын еркін тарихи тұлғаның ырғағы.

«Гамлет»

Бұл ырғақ, әсіресе, «Гамлетте» айқын аңғарылады. Мұнда оның үш тұғырлы мәні бар. Әуелі ол жекелеген кейіпкерлердің сыр-сипатын аша түсудің құралы ретінде қолданылады, содан кейін трагедия ауанының аужайын дыбыс арқылы нақтылай түседі және ұдайы көтермелеп, құлдыратпай ұстауға жәрдемдеседі, сонымен бірге драманың кейбір әуейілеу тұстарын бірде әуелетіп, бірде әдептендіріп те тұрады.

«Гамлеттегі» ырғақтық сипаттама айшықты да бедерлі. Айталық, Полоний немесе король, дәл сол Гильденстерн мен Розенкранц өзінше сөйлесе, Лаэрт, Офелия, Горацио және өзгелері басқаша сөйлейді. Королеваның аңқаулығы оның сөздерінен ғана емес, дауысты дыбыстарды созыңқырап, әндете сөйлейтін мәнерінен де айқын аңғарылады.

Бәрінен бұрын Гамлеттің өзінің ырғақтық әуезділігі ерекше көзге ұрып тұр. Мұның ауқымдылығы сонша, ол бізге үнемі әлдеқалай аян алып, әлденеге көңілі ауып тұратын тәрізді елестейді, мұның өзі кейіпкер әр жолы көрінген сайын, бірақ, шын мәнінде, аңдалмаған да, болмаған да әуелгі ырғақтық әуенде, ырғақтық фигурада үнемі қайталанып отыратындай әсер қалдырады. Мұның бәрі бір ауыз сөзбен қысқа ғана қайырылатын Гамлет

репликаларында тұнып тұр. Бұл тегінде оның тұла бойын шерткен тамырының соғуын сездіріп тұрған тәрізді. Оның қимылының оқыс тежелуі де, оның батыл аршынды қадам жасауы да, басын паңдана байыппен бұруы да, міне, бәрі де осында жатыр. Оның монологтарындағы ой-пікірлері де дәл осылай ұшқындап, ұшып тұрады, ол дәл осылайша төңірегінде топырлап жүретін сарай қызметшілеріне өзінің кердең де кекесінді жауаптарын оңды-солды шашып кете береді, ол дәл осылайша бірде өлген әкесінің көлеңкесі өзіне тіл қатқан және кез келген уақытта қайтадан үн қатуы мүмкін мұнарт алысқа қадала көз тігеді.

Тегінде «Гамлеттің» жалпы әуенін суреттеу мүмкін емес. Оны жекелеген ырғақтық мысал ретінде келтіру де қиын. Осындай тәнсіздігіне қарамастан, ырғақ жансыз емес, оның қатыстылығы бойынды үрейге бөлейді, драманың өне-бойына заттайын өріледі, сюжетке сәйкес оны еріксізден рухшылдық және скандинавшылдық ретінде ата-

ғың келеді. Бұл әуен асқақтық пен алаңдаушылықтың рет-ретімен қалыпты алмасуынан құралады. Мұның өзі дүние бітімін барынша қанық етіп қоюлата түседі, сол арқылы шығарманың негізгі ауанын неғұрлым толық етіп шығаруға мүмкіндік береді. Сонда мұның мәнісі неде?

Сынның ежелден бергі уәжіне жүгінсек, «Гамлет» – ерік-жігер трагедиясы. Бұл дұрыс айтылған анықтама. Дегенмен осының өзін қалай түсінуіміз керек? Шекспир заманында ездiк дегенiңiз беймәлiм ұғым. Бұған ешкім мән берген емес. Шекспир сонша мұқият сомдаған Гамлет бейнесі бедерлі, әрі езгектік жөніндегі түсінікпен мүлде қабыспайды. Шекспирдің пікірінше, Гамлет – өзінің таққа деген мұрагерлігін бір сәтке де есінен шығармайтын патшазада, ежелгі патша сарайының еркесі және тумысынан асқан дарынын сезініп өскен сенімі зор еңселі тұлға. Автор оның тал бойына бітірген қасиеттеріне сай оған босандық жат, әрі әуел бастан болуға да тиіс емес. Үңіле түссеңіз, керісінше болуы керек, осы орайда болашағы соншалықты мығым бола тұра, болашақ биік мұрат үшін қара басының қамын тәрк еткен Гамлеттің қаншама зор құрбандыққа барғанын бағамдау үшін көрерменге үлкен мұрсатана беріледі.

Елес пайда болған сәттен бастап, Гамлет өзінен өзі бас тартады, мұны «әлгі елесті жіберген құдіреттің әмірін орындау үшін» жасайды. «Гамлет» – мінезсіздіктің емес, парыз бен пайымшылдықтың драмасы. Ойға алғанның орамы мен шынайы болмыстың сәйкессіздігі мен олардың арасында шыңырау жатқаны қай кезде білінетіні де, дүниенің жалғандығы жайында ескертудің тылсым тұрғыда келетіні де, елестің Гамлеттен есе қайыруды талап ететіні де онша маңызды емес. Бұдан Гамлеттің әуел бастан өз заманының қазысы және алыстағы келер заманның қызметшісі ретінде ұйғарылғаны әлде-




қайда маңызды. «Гамлет» – биік мұрат көздеген, сирек ұшырасатын ерлікті еншілеген, әуелден пешенесіне асқақтық жазылған драма.

Ырғақтық бастауы драманың осындайлық ортақ әуенін жандүниеңмен түйсінуге жетелейді. Бұл оның жалғыз ғана жанасымы емес. Ырғақ трагедияның кейбір бұра тартатын тұстарын жұмсарта жеткізеді, онсыз мұның өзі ортақ үйлесімнен тыс қалған жағдайда мүлде қисынсыз болып келер еді. Оның мысалы мынау.

Гамлет Офелияны әдіриятқа жіберетін, өзін сүйетін қызбен сөйлесетін көріністе ол Байрон бейнелеген кезден бертіндегі өзімшіл сілімтік сынды қатыгездікпен оның ақ сезімін аяққа басады. Оның келекесі де қисынсыз, ол бұл тұста Офелияны сүйе тұрып, өз сезімін қанша ауырсынса да, аяусыз жаныштайды. Ендеше осы жүректі қан жылататын көрініске қалай келгенімізді қарайық? Мұның алдында әйгілі «болу немесе болмау» жөніндегі сөздер айтылады, осынау қаяулы көріністің алдында Гамлет пен Офелия бір-біріне айтатын өлеңмен өрнектелген алғашқы сөздері әлгінде ғана өзіміз естіген монологтың соны да сазды әуеніне малынып тұр. Гамлеттің көмекейіне келіп кептелген күмән-күдік бір-бірімен жарыса, жағаласа, асып-тасып ақтарылған кездегі монолог мұндар сұлулығы мен бей-берекетсіздігі жағынан реквием ойнарының алдында органның құлақ күйін келтірген кездегі күрт шарықтап, кілт тоқтайтын сәтін еске салады. Бұл ажал алдындағы алмағайып күйден күйзелген жанның жағдайы жайында бұрын-соңды жазылмаған және сезім қуаты жағынан Гефсиман нотасының күйзелісті шағына дейін шарқ ұратын ең бір тебіреністі әрі ең бір тегеурінді жолдар.

Монологтың түйіннің шешілер кезіндегі қатыгездіктің алдын ала беріліп отырғаны да тегін емес. Бұл жаза шығарылар тұстың алдынан келіп



У. Шекспир


тұр. Бұдан кейін болмай қоймауға тиіс қандай да бір оқиға өрілуі шарт. Бәрі де монологтың жеткізер ойымен ғана емес, ет жүректің қызуымен, әрі соған араласқан көз жасының тазалығымен жуылып, аршылып, асқақ тұр.

«Ромео мен Джульетта»

Егер «Гамлетте» музыканың күдіреті күшті десек, ал енді «Ромео мен Джульетта» туралы не айта аламыз? Трагедияның тақырыбы – алғашқы балаң махаббат және оның бауырқанған қуаты. Әуенді де әдепті әрекет осындай шығармада айтылмаса, енді қайда айтылмақ? Бірақ соның өзі алдамшы секілді. Лиризм дегеніңіз біз ойлаған нәрсе емес. Шекспир дуэттер мен ариялар жазбайды. Кемеңгердің көрегендігіне салып, ол мүлде басқа жолмен жүреді.

Музыка бұл шығармада жағымсыз әсер береді. Трагедияда ол ғашық жандарға жат, мына жарық дүниедегі жасандылық пен жалғандықтың сызындай сезіледі.

Джульеттамен танысқанға дейін Ромео сырттай аты аталғанмен, сахнада



бірде-бір рет көрінбейтін Розалиндаға деген құпия құштарлықтың құшағында жүреді. Бұл – сол замандағы салт-сананың рухындағы қиялдық әуейіліктің нәтижесі. Соның ықпалы Ромеоны түн баласында жалғыздық серуенге шығарып тентіретеді, күндіз ол күн сәулесінен перделермен қорғанып, ұйқысын қандырады. Бастапқы көріністерде, осындай ахуал қайталанатын сәттердегі, Ромеоның репликалары құлаққа қатқылдау тиетін өлең ұйқастарымен беріледі. Ромео үнемі әнде сөйлеп, сол дәуірдегі тектілердің ортасына сай мәнерлі мақаммен көпірме әлденелерді әспеттеумен болады. Алайда сауық кешінде алғаш рет Джульеттаны көруі мұң, ол оның алдында қалшып тұрып қалады, сөйтіп оның әнде сөйлейтін мәнері сәтінде сөйліп жүре берді.

Сезім біткеннің ішінде махаббат қылымси басын иген ғарыштық бұла күш ретінде бел ортада тұр. Сана мен ажал, азот пен уран секілді махаббат та қарапайым әрі міндетті дүние. Бұл адам жанының бір сәттік жай-күйі емес, тіршіліктің тірегі. Сондықтан

тірліктің бастауы әрі өзегі ретінде махаббат шығармашылыққа мәні жағынан теңдес келеді. Ол шығармашылықтан кіші де, кем де емес, әрі оның өзін өңдеп қырнап жатуына мұқтаж да емес. Демек өнердің ұлық мұраты – оның өзіндік үніне, әрдайым жаңа және ешқашан қайталанбас үніне құлақ түре білуінде жатыр. Оған әуезді үн берудің де қажеті жоқ. Өйткені оның жанында үн емес, ақиқат жатыр.

Шекспирдің басқа да шығармалары сияқты трагедияның басым бөлігі ақ өлеңмен жазылған. Мұнда негізгі кейіпкер мен кейіпкер қыз осындай түрде тілдеседі. Бұл жерде өлеңнің шақтығы да шырғасынан шығып тұрмайды. Мұнда тақпақтау жоқ. Пішін мұнда бірінші қатарда тұрған жоқ, ол қарапайым, бірақ тереңдігі түпсіз мазмұнды әсте көлегейлемейді. Бұл асқақ поэзияның жарқын мысалы, оның үздік үлгілерін әрдайым прозаның қарапайымдылығы мен шынайы шыншылдығы нәрлендіріп тұрады. Ромео мен Джульеттаның сөздері – жасырын және үздіге шығатын абайлап әрі үзіле сырласудың тамаша үлгісі. Талайлы тәуекел мен ақтық толғанысқа толы түнгі сөз осылай ғана естілуге тиіс. Мұның өзі «Виктория» мен «Соғыс және бейбітшіліктің» алдағы уақытта айтар сыры мен сымбаты, нақ сол келешекте қайта келмес жан тебіренер қылаусыз тазалығы.

Трагедиядағы көше мен үйдегі қаптаған адам қатысатын көріністердің шуы құлақ тұндырады және әуені де ылғи тым шарықтап тұрады. Терезеден шайқасып жатқан Монтеки мен Капулетти туыскандары қылыштарының шыңылы естіледі, қан төгіліп жатыр, ал ас үйде бітіп болмайтын қабылдаулардың ара-арасында ас пісіруші қатындар өзара керіске кіріскен, осы шулы оркестрдің шатырлаған әуені астынада тұнық та тұйық сезім тақсиреті өршіп барады, оның басым бөлегі қастандыққа қатысу-

шылардың үнсіз ғана үндесуі арқылы жүріп жатыр.

«Отелло»

Шекспирдің өзінде пьесаларда актілер мен көріністерге бөлу деген болған емес. Оны кейінгі баспагерлер шығарып жүр. Тегінде бұл тізеге салғандық емес, пьесалардың өздері іштей бөлшектелуге ыңғай беріп, бейімделіп тұрады.

Әлбетте, Шекспир драмаларының бастапқы мәтіндері бөлінбей тұтасымен басылып келеді, соған қарамастан жеке бөлімдерінің болмауы олардың байыпты құрылымы мен байсалды дамуының барысына қылау түсіре қоймағанын айту керек, қазіргі кезде мұның тосын көрінетіні де рас.

Мұның, әсіресе, Шекспир драмаларының тақырыптық бағдарын байыптайтын ортаңғы тұстарына қатысы бар. Әдетте олар үшінші актіні, кейде екінші және төртінші актілердің кейбір бөліктерін қамтиды. Шекспир пьесаларында олар от алдыратын тетіктегі серіппелік қораптың орнын алып тұрады.

Өз драмаларының бастапқы және қорытындылаушы бөлімдерінде Шекспир еліктіріп отыратын желілерді бір-біріне еркінше жалғап, содан кейін келе-келе әлгі байланған жіптерін қиналмай-ақ үзіп-үзіп тастай салады. Оның экспозициялары мен мәреге жететін сәттерінен өмірдің өзінің лебі есіп тұрады және бірін-бірі жедел алмастырып отыратын суреттер табиғи кейпінен әлемдегі теңдесі жоқ еркіндікпен және қайран қалдыратын қиял ұшқырлығымен көшіре суреттеледі.

Алайда драмаларының орта тұсында еліктіргіш түйін әбден байланып, түйіншекті шешетін сәт туған кезде Шекспир дағдылы еркіндігінен жаңылып, жалған ұтымдылық қуып, амалсыздан өз ғасырының ұлына әрі құлына айналады.

Оның үшінші актілер еліктіру тетігіне өзі батылдық пен байыптылыққа баулыған бертіңгі драматургияға беймәлім дәрежеде бағындырылып отыр. Бұлардың бәрін де қисындылық күдірітіне әрі ғайыби адамгершілік бағамдарының бұл дүниеде бар екеніне көзсіз сену кеңінен орын алады. Бойындағы күнгейі мен көлеңкесі шындыққа ұластырылады суреттелетін тұлғаларды ізгілік пен жаманаттың жиынтық бейнелері алмастырып отырады. Сөйтіп, оқиғалар мен әрекетті қиыстыруда жасандылық пайда болады, бұлар біртіндеп ой түзудегі силлогизмдер сияқты парасатты пайымдардың сындарлы сипатын күмәнділікке қарай ойыстыра бастайды.

Шекспирдің балалық шағында ағылшын шалғай аймақтарында әлі де орта ғасырлық уағыз әпсаналары қойылады екен. Бұлардың өзі бастан-аяқ уақыты озған схоластикалық пайымға құрылса керек. Бала Шекспирдің бұларды тамашалауы әбден орынды. Оның ой түзілімдеріндегі дағдылы ескішіл сарын – бала кезінде бойын баураған бағзының сарқыншағы.

Шекспирдің бестен төрт бөлігі басталуы мен бітуінен құрылады. Адамдарды күлдіретін де, күңдірететін де сол тұстар. Шекспирдің атағын аспандатқан да, классиканың бойында тіршілігі жоқ қасандығына қарсы тұратын оның өміршең шындығы туралы айтқызыған да, міне, нақ солар.

Оңды түйсінуге оңғақ тұжырым берілетін кездерде сирек емес. Айталық, «Гамлеттегі» «Тышқантұзақтың» турасындағы немесе Шекспирдегі қандай да бір құшырдың қатаң қажеттілікпен өршуін немесе қандай да бір қылмыстың ақыры хақындағы тамсануларды жиі естіп жүреміз. Ендеше осы тынысы тарыла тамсанудың астарында жалған негіздердің жатқанын айтуымыз керек. Тамсанады екеміз, онда «Тышқан тұзаққа» емес, Шекспирдің жасанды



тұстарының өзінде мәңгіліктің жарқырап тұрарына тамсанайық. Тамсанады екенбіз, онда кейбір кездерде жадағай әрі жансыз көрінетін және Шекспир дүниелерінің бестен бірін құрайтын үшінші актілерінің оның ұлылығына селкеу түсірмейтініне тамсанайық. Ол солардың күші мен құдіреті арқылы емес, соларға қасақана ғұмыр кешуде.

«Отеллода» жинақталған құштарлығы мен кеменгерлігінің қуатына әрі оның театрлық танымалдығына қарамастан, жоғарыда айтқанымыздың едәуір деңгейде осы трагедияға да қатысы бар.

Мінеки Венецияның бірін-бірі алмастыратын жарқын жағалаулары, Барбанцио үйі, қару-жарақ қоймасы. Міне, сенаттың төтенше мәжілісі өтіп жатыр, Отеллоның Дездемона мен екеуінің арасындағы біртіндеп пайда бола бастаған өзара ықыластарының алғашқы нышандары туралы ағынан жарылып айтатын әңгімесі. Міне, Кипр жағалауындағы теңіз дауылының

және камалдағы түндегі мастықтан туған төбелестің көрінісі. Міне, көз алдыңызда ұйқы киімін киген Дездемонаның «Мұңлық» әнін айтатын сурет – бұл дегеніңіз жан түршіктіретін ақыр дүние алдындағы табиғи тақсіреттің шырқау шыңын бейнелейтін сурет.

Енді, міне, оқиғаның ортаңғы тұсында Яго қолындағы кілтін бірнеше бұрап, салдырлақ сағат құсатып, өз құрбанының сенімін алдаусыратады, сөйтіп біздің көз алдымызда көнерген тетік секілді дірілдеп, қырылдаған қызғаныш деген құбылыс шамадан тыс қарабайыр әрі тым тұңғыыққа тартылып кеткен зілмауыр салмағымен тізіліп өтіп жатыр. Осы құштарлықтың табиғи тұрпатының өзі де осында, шындықты көзге басып көрсетуді талап ететін сахналық шарттылық құнының өзі сол емес пе деушілер де табылады. Солай да болуы мүмкін. Дегенмен, мұндай құнның келтіретін залалы, егер оны, дарыны мен дәйегі кем соғатын суреткер төлесе, шымбайға соншама батпас та еді. Бүгінгі таңда трагедияның келесі бір қыры ерекше ынта туғызады.

Трагедияның басты кейіпкерінің – кара, ал оның дүниедегі ең қымбаттысының – ақ болуы кездейсоқтық па? Түстердің түрлілігінде не гәп бар? Мұның өзі қанының қандай болуына қарамастан, адамдық абыройға деген құқылық бірдей екенін білдіре ме? Тіпті де олай емес, бұл бағытта жылжыған Шекспирдің ой-ниеті әлдеқайда ілгері кетеді.

Оның заманында ұлттар теңдігі идеясы болған емес. Басқаның бәріне барынша енжар қарайтын жалпақ жұртты қамтитын ортақ христиандық ой-ниет өзінше өзімен-өзі өмір сүріп жатты. Бұл ой-ниет адамның тууына емес, оның қай дінге иман келтіргеніне, яғни кімге мойынсұнғанына және өзін арнағанына ден қояды. Шекспир үшін кара Отелло – тарихи тұлға және христиан дінді адам, ендеше, маңыздысы сол, оның жанындағы әлгі ақ Яго – иман

келтірмеген тарихқа дейінгі тағы мақұлық.

«Антоний мен Клеопатра»

Шекспирдің дүниедегі қандай да болсын белгілі бір ешкімге сәйкес келмейтін, өзіне ғана тән тірлік әлемін құрайтын «Макбет» пен «Лир» тәрізді оқшау тұратын трагедиялары бар. Басынан аяғына дейін ойдан шығарылған әрі жалғыз ғана шабыттың тумасы болып табылатын комедиялар бар, бұлар болашақ романтизмнің тал бесігі. Сондай-ақ ағылшын өмірінен алынған, осы топырақтың аса ұлы перзенттерінің бірі өз отанын өз сөзімен асқақтататын тарихи шежірелер де бар. Бұл шежірелерде Шекспир баян еткен оқиғалардың біршамасы оның төңірегіндегі тіршілікте әлі де жалғасып жатқан еді, сондықтан Шекспир бұларға салқын ақыл, сабырлы пайыммен қарай алмайды.

Осылайша, Шекспир шығармашылығын көктей өтетін ішкі реализмге қарамастан, біздің әлгі аталған туындылар тәрізділерінің ішінен объективтілік іздеуіміз мүлде бекер. Мұны оның римдік драмаларынан ғана таба аламыз.

«Юлий Цезарь» және әсіресе «Антоний мен Клеопатра» өнерге деген махаббаттан, поэзияға деген құрметтен жазыла салынған жоқ. Бұлар күнбе-күнгі күйбең тіршілікті тынбай зерделеудің жемісі. Мұндай зерделеу кез келген бейнелеушінің ерекше құштары екені анық. Осы зерделеудің өзі кейіннен он тоғызыншы ғасырдың «физиологиялық романын» дүниеге әкеледі және Чеховқа, Флоберге және Толстойға айрықша әулиелік рәуіш бітірді.

Ендеше ол неліктен Ежелгі Рим сияқты көне заман реализмінің демберушісі болып отыр? Бұған таңырқаудың қажеті жоқ. Нақ сол алыста қалған дүние Шекспирге әр затты өз атымен атауға кеңшілік беріп тұр. Ол соның арқасында саяси, адамгершілік және басқа кез келген жағынан көкейінде

тұрған дүниені қалауынша айтуға мұрсатана алады. Оның алдында баяғыда дәурені таусылған, тұйық қалған, жыры жырланған, қозғалыссыз қалыптағы алыс әрі жат әлем жатты. Бұл қандай сезімге түрткі болмақ? Сірә, өзін суреттеуге деген құмарлықты оятса керек.

«Антоний мен Клеопатра» – сайраншыл еркек пен сайқал әйелдің хикаясы. Шекспир олардың дүниенің құтын жағып, құтырына кешкен өмірін антикалық ұғымдағы нағыз пәруайсыздық тұрғысында мистериялық реңкте бейнелейді.

Тарихшылар Антонийдің шөлмектестерімен, ал Клеопатраның сарайдағы ең жақын жанашырларымен бірге өздері өмірлерінің өзегіне айналдырған осы сайран тірліктерінің түбі жақсылыққа апармайтынын алдын ала білгенін жазады. Ақыры немен тынатынын сезген олар түйін тарқатылардан бірталай уақыт бұрын бір-біріне мәңгі жасайтын өзін-өзі өлтірушілер атын беріп, бірге көз жұмуға уағдаласады.

Трагедия шынында солай тынады. Шешуші сәтте ажал хикаяны жетіспей тұрған ортақ сызықпен әдіптейтін суреткер болып шығады. Жорықтар, өрттер, сатқындық пен әскери жеңілістердің оябында біз сәтінде екі бірдей басты тұлғамен қош айтысамыз. Төртінші актінде кейіпкеріміз өзіне-өзі қанжар сұғады, бесінші актінде кейіпкер бике өз өмірін өзі қияды.

Көрерменнің әзірлігі

Шекспирдің ағылшындық жылнамаларында сол кезеңдегі өзекті мәселелерді меңзейтін тұстар тұнып тұр. Бұл газеттердің жоқ кезі. Жаңалық білгісі келгендер, Дж.Б. Гаррисон «Шекспир заманындағы Англияның өмірі» кітабында айтатындай, ішімдік орындары мен театрларда жиналады екен. Драма астарлап сөйлейді. Қарапайым халықтың көз қысудың сырын қағып ала қоятынына тандандудың

керегі жоқ. Өйткені тұспал ол кезде әрбір адамның жанына жақын жағдайға жанасып тұратын.

Бұл өзі – саясаттың сорабы саязданып, Испаниямен арадағы аттандап басталған соғыс ақыры жұрттың бәрінің жүрегін айныта бастаған кез. Теңізді де, құрлықта да, Португалия жағалауында да, Нидерландыда да, Ирландияда да он бес жыл қатарынан жүргізілген соғыс кімді сырт қалдырсын.

Фальстафты терістеушінің жиі айтылудан әбден қасаң тартқан айдынды ұрандарын мұқатқаны тыныш қарапайым көпшіліктің айрықша ықыласын туғызады, өйткені олар нысанасына дөп тиіп жатады, айталық, Фальстафтың әскерге адам жинап, оларды босатқаны үшін пара алатын кездері көрерменнің бірталайының басынан кешірген құқайы болған соң, баршаны қалың күлкіге батырады.

Сол кездегі көрерменнің ұғымталдығының келесі бір мысалы бұдан әлдеқайда таңданарлық.

Өз заманының басқа да жазушылары сияқты Шекспир шығармалары тарихқа сілтемелер жасауға, ежелгі әдебиеттермен салыстырмаларға, мифологиялық есімдер мен атауларға тұнып тұр. Бүгінгі күні оларды қолыңа анықтамалық алып отырып парықтау үшін де классикалық білімің болуы шарт. Ал бізге Лондондағы сол заманның қоңырқай көрерменінің өзі «Гамлетті» немесе «Лирді» көргенде, екі сөздің бірінде ұшырасатын әлгі классицизмдерді заматында қағып алып қиналмай сіміре беретін дегенді айтады. Бұған қалай сенерсің?

Дегенмен, біріншіден, өнер, тегінде қалай пайда болған да, түпкілікті түйсінуге дес береді әрі мұның өзі одан рахат алу үшін қажет деп пайымдаудың өзі бекершілік. Өмір секілді оның да күңгірт және жетімсіз тұстары болмай тұра алмайды. Бірақ мәселе мұнда да емес.

Қазір білім құрамының өзі мүлде өзгеріп кетті. Бүгінгі күні жоғары білімділіктің белгісі саналатын латын тілі, сол уақытта бір кезде ежелгі орыс тәрбиесіндегі шіркеулік сақалиба тілі секілді, бастапқы білімнің ортаңғы сатысы ғана болған еді. Сол замандағы «грамматикалық» деп аталатын, Шекспир біреуін бітірген бастауыш мектептерде, латын – шәкірттердің сөйлеу тілі болған, тарихшы Тревелианнаның айтуынша, оларға аулада ойнап жүрген кездерінің өзінде ағылшынша сөйлеуге тыйым салынған екен. Оқи-жаза білетін лондондық ісмерлердің көмекшілері мен дүкеншілеріне Фортуналар, Герраклдер мен Ниобейлар бүгінгі күнгі қала бүлдіршіндерінің бәрі білетін автомобильді от алдыру мен электрге қосу секілді әуелгі әліппесіндей танымал болғаны шын.

Шекспир бағзы дүниеден бері біршама қалыптасқан ғасырлық ежелгі тұрмыс-тіршілікті көріп қалды. Бұл баршаға баян болмыс еді. Шекспирдің уақыты – Англияның тарихындағы мерекелік кезең. Бұдан кейінгі патшалық құрулардың бәрі де – тепеңдікті қайтадан тұғырынан тайдырған кезеңдер.

Аударған Кеңес Юсупов



Жарияланған мақала мен автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Журналдың жаңадан ұйымдастырылуына байланысты қаржылық қоры жоқ, авторларға қаламақы төленбейді. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Редакцияға түскен барлық мақалалар сілтеме алынатын халықаралық журналдарға қойылатын талаптарға сәйкес сарапталады.

Published articles and opinions of the authors do not reflect the opinion of the editorial board. In connection with the new registration, the magazine does not have financing fund, authors' fees are not paid. The editorial board doesn't respond to the received letters. Manuscripts are not returned.

All submitted articles are reviewed in accordance with the requirements of the cited international journals.

Опубликованные статьи и мнения авторов не отражают мнение редакции. В связи с новой регистрацией журнал не имеет фонда финансирования, авторам гонорары не выплачиваются. На поступившие письма редакция не отвечает, рукописи авторам не возвращаются.

Все поступающие в редакцию статьи рецензируются в соответствии с требованиями к международным цитируемым журналам.

Көркемдеушілер тобы:

Алдашева Айгүл, Айымбетов Азамат

ИБ №11780

Басуға 31.03.2018 жылы қол қойылды.

Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Көлемі 9.75 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1066. Таралымы 1000 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.